The online marketing environment raises a series of opportunities and also challenges for social media marketing practitioners. The audiences become more fragmented and proactive, but, on the other hand, the company has the possibility to combine various modes and categories of information in a complex message. Social media also permit the enterprises to collect, register, analyze and use customer data and feedback for better targeting online audiences and customizing its messages (Gurau, 2008). Social media is the modern tool for marketers who try every means to get their message out to their target markets.

It is worth deducing by emphasizes the key findings and accomplishments and also deficiencies in the study. The major advantages and disadvantages determined by the development of Internet, peculiarities Instagram platform in the area of social media marketing was identified. If early researchers described Facebook and Twitter as an active platform for brand development and social media marketing, in this work predominant attention is paid to Instagram and it was considered Kazakhstan's experience in this area. Many authors and theorists provide an analysis of Western cases of major brands. In spite of these cases are useful, it is difficult to simulate it for the average Kazakhstan business.

Conclusion

There is no denying, importance and the key role of social media in the area of marketing and business. Due to a particular case in the conditions of Kazakhstan's internet space and its features it would be concluded that average business owners or marketers do not fully understand the risks and challenges of social media marketing. In fact, the field is not fully studied, therefore it is difficult to evaluate or overestimate it. This study only investigated the developing of social media marketing as a new business tool; any other characteristics of this instrument and its effects on usage demands or usage behavior must be examined in future research.

References

Barefoot, D., Szabo J. (2010) Friends with benefits: A social media-marketing handbook. San Francisco: No Starch Press.

Beukeboom, Camiel J., Peter Kerkhof, and Metten de Vries (2015) Does a Virtual Like Cause Actual Liking? How Following a Brand's Facebook Updates Enhances Brand Evaluations and Purchase Intention, Journal of Interactive Marketing, 32, 26–36.

Cheung, C. M. K., Lee, M. K. O., Thadani D.R. (2009) The impact of positive electronic word-of-mouth on consumer online purchasing decision. Visioning and Engineering the Knowledge Society. A Web Science Perspective, ed. M. D. Lytras et al. Lecture Notes in Computer Science 5736: 501–510.

Croll, D., (2017) Instagram Marketing: Social Media Marketing Guide: How to Gain More Followers With Step-by-Step Strategies and Life-Hacks.

Evans, D., (2012) Social Media Marketing: An Hour a Day, Hoboken, N.J.: Wiley ; Chichester : John Wiley [distributor], 2012.

Evans, D., Bratton, S., McKee, J. (2010) Social media marketing: the next generation of business engagement. 1st ed.

Fournier, S. (1998) Consumers and their brands: Developing relationship theory in consumer research. Journal of Consumer Research, 24(4), 343-353.

Gommans, M., Krishnan, K.S., Scheffold, K.B. (2001) From brand loyalty to e-loyalty: A conceptual framework, Journal of Economic and Social Research, 3(1) 2001, pp.43-58

Gretzel, U., Fesenmaier, D. R., Formica, S., & O'Leary, J. T. (2006). Searching for the future: Challenges faced by destination marketing organizations. Journal of Travel Research, 45(2), pp.116-126.

Gurau, C. (2008) Integrated online marketing communication: implementation and management. Journal of Communication Management, vol. 12 no. 2, pp. 169-184

Hafele, N. (2011) Social Media Marketing: Interaction, Trends & Analytics, ICT 511 Fall, 51 (3): 1-6.

Hart, C., Neil, D., Ellis-Chadwick, F. (2000) Retailer adoption of the internet – implications for retail marketing, European Journal of Marketing, vol. 34 no. 8, pp. 954-74.

Helmsley, S. (2000) Keeping Custom, Marketing Week (UK), 23 (7): 39-42.

Hennig-thurau, T., K. P. Gwinner, G. Walsh, and D. D. Gremler. (2004) Electronic word-of-mouth via consumer-opinion platforms: what motivates consumers to articulate themselves on the Internet? Journal of Interactive Marketing 18 (1): 38–52.

Hill, S., Provost, F., Volinsky, C. (2006) Network-Based Marketing: Identify likely adopters via consumer networks, Journal of Statistical Science, vol. 21, no.2, pp .256-276

Lund, Kevin and Eileen Sutton (2014), "Why Your Brand Should Speak Human," Content Marketing Institute (accessed June 30, 2014).

Nadaraja.R, Yazdanifard R. (2013) Social media marketing: advantages and disadvantages. Journal of Social Media Marketing, pp.1-10.

Neiger, B. L., Thackeray, R., Van Wagenen, S. A., Hanson, C. L., West, J. H., Barnes, M. D., & Fagen, M. C. (2012). Use of social media in health promotion purposes, key performance indicators, and evaluation metrics.Health promotion practice, 13(2), 159-164.

Roberts, R. R., Kraynak, J. (2008) Walk like a giant, sell like a madman. Hoboken,NJ: Wiley.

Sashi, C.M. (2012) Customer Engagement, Buyer–Seller Relationships, and Social Media, Management Decision, 50, 2, 253–72.

Steinman, M.L., Hawkins, M. (2010) When marketing through social media, legal risks can go viral, Intellectual Property & Technology Law Journal, vol. 22 no.8, pp. 1-9.

Steuer, J. (1992) Defining virtual reality: dimensions determining telepresence, Journal of Communication, 42, 73–93.

Trusov, Michael, Randolph E. Bucklin, Koen P. (2009) "Effects of Word-of-Mouth Versus Traditional Marketing: Findings from an Internet Social Networking Site," Journal of Marketing, 73, 5, 90–102.

Watson, R.P., Leyland, F.P., Berthon, P. and Zinkham, G. (2002). U-commerce: expanding the universe of marketing, Journal of the Academy of Marketing Science, vol. 30 no. 4, pp. 333-47.

Weinberg, T. (2009) The new community rules: Marketing on the social Web, Sebastopol, CA:O"Reilly Media Inc.

Xiang, Z., & Gretzel, U. (2010).Role of social media in online travel information search. Tourism management, 31(2), 179-188.

Khalelov D. (2016) Marketing v sotsial'nykh setyakh [Social media marketing] Mann, Ivanov i Ferber.https://www.ozon.ru/brand/2435246/

Electronic Resources:

Burmaster, A. (2009) Global faces and networked places. Retrieved from https://nielsen.com/nielsenwire/wpcontent/uploads/2009/03/nielsen_globalfaces_mar09. pdf.

Statista.com. Leading countries based on number of Instagram users as of January 2019 (inmillions) Access mode: https://www.statista.com/statistics/578364/countries-with-most-instagram-users/.

Zakon.kz. Skol'ko kazakhstantsev sidit v sotsial'nykh setyakh. [How many Kazakhstanis are sitting in social networks] Access mode:https://www.zakon.kz/4948958-skolko-kazahstantsev-sidit-v-sotsialnyh.html.

ҒТАМР 19.45.09

Смайыл Д.Б.

аға оқытушы, PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: darmensmaiyl2016@gmail.com

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ РӨЛІ

Бұл мақалада азаматтық қоғамды дамытудағы Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен маңызы зерделенеді. Азаматтық қоғам туралы ғалымдардың пікірлері сарапқа салынып, антикалық дәуірден бастап, Платон, Аристотель, Черниловский, Макиавелли, Хайек, Фихте, Шеллингтің, Гегель, Блэк, Гарамши, Михник, Боббио, Хобермас, Арато секілді белгілі ойшылдар мен зерттеушілердің еңбектерінен мысалдар келтірілген.

Азаматтық қоғамды дамытудағы әлемдік алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, ондағы басты құндылық ретінде қарастырылатын заң, сөз бостандығы, билік бөлісу, заң алдындағы теңдік т.б. элементтер жан-жақты қаралған. Оның құрылымына кіретін шартты түрдегі үш деңгейге тоқталып, дамыған демократиялық жүйе, әлеуметтік құрылымды жүйе, ашық жүйе секілді талаптар деңгейінде зерделеніп, азаматтық қоғамның ортасындағы негізгі әрі маңызды фигура – адам құндылығы жөнінде сөз болады. Азаматтық қоғамды дамыту үшін мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар бірлесе қызмет атқаруы, ондағы бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын қызметі жөнінде айтылады.

Баспасөз бостандығы азаматтық қоғамдағы басты қағидат ретінде қарастырылып, бұқаралық ақпарат құралдарының ұжымдық-насихатшылдық, ұжымдық-ұйымдастырушылық рөлін айшықтайды. Қазақстандағы азаматтық қоғам институттарын дамытудағы БАҚ-тың индикаторлық қасиеті, жасампаздық істердің ұйытқысы екендігі дәлелденген. Осы бағыттағы Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды ізденістері мен жаңа заманға лайық ұмтылысы, азаматтық қоғам дамуындағы тетіктер – саясат, ғылым, мәдениет, экономика, т.б. ілгерілетудегі маңызы, нарық талабына сәйкес қазіргі БАҚ дамуының алғышарттары мен белгілері сұрыпталған.

Қазіргі қоғамдық-экономикалық дамудың басты факторы – ақпарат болғандықтан, одан тыс қала алмайтын азаматтық қоғамның дамуы ақпараттық кеңістікке тікелей байланысты екендігі негізделеді. Өйткені, Қазақстанның әр саладағы, қоғамдық-саяси, экономикалық-әлеуметтік бағыттағы, оның ішінде азаматтық қоғамды дамытудағы бастамаларының насихатталынуы БАҚ арқылы жүзеге асады. Сондықтан, зерттеу мақаласы Қазақстандағы азаматтық қоғам институттарын дамытудағы ақпараттық кеңістіктің келелі қызметін, рөлін жан-жақты бедерлейді.

Түйін сөздер: азаматтық қоғам, ақпараттық кеңістік, ақпарат, БАҚ, журналистика.

Smaiyl D.B.

PhD student, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: darmensmaiyl2016@gmail.com

The Role of Information Space in the Development of Civil Society

This article examines the role and importance of the media in the development of civil society in Kazakhstan. Here studied and evaluated opinions of scientists in the study of civil society from ancient times of antiquity, examples of works of famous thinkers and philosophers, like Plato, Aristotle, Chernilovsky, Machiavelli, Hayek, Fichte, Schelling, Hegel, Black, Garamshi, Michnik, Bobbio, Hobermas and Arato are given.

Based on the experience of leading world countries in the development of civil society, where the law is considered as the main value, the elements of freedom of speech, separation of powers, equality before the law, etc. are considered in detail and diversified in this scientific work. Conditionally stopped

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

at the three levels within its structure, such requirements as a developed democratic system, a socially structural system, an open system were studied at the proper level, was touched upon the subject of human values, which is the center and the most important factor of civil society. It is about the development of civil society through state cooperation together with non-governmental organizations, as well as the activities of the media in this process.

Freedom of speech of the press in civil society is considered as the main principle, explaining the role of mass media for collective-agitation, collective-organizational goals and objectives. It has been proven that the core of creation and development of civil society institutions are the media indicator properties. Here given intensive surveys, modern aspirations of the mass media of Kazakhstan in this direction, mechanisms of development and promotion of civil society – the importance of politics, science, culture, economics, etc., the symptoms and prerequisites for the development of modern media are sorted in accordance with the requirements of the market.

It is based on why the development of civil society cannot remain outside the direct dependence on the information space, since information is the main factor of socio-economic development. After all, through the media, information is provided about various spheres of social and political, economic and social orientation, including the promotion of initiatives in the development of civil society. Therefore, a research article is comprehensively describes activities of the information space of Kazakhstan, which is useful in the development of civil society institutions.

Key words: civil society, information space, information, media, journalism.

Смайыл Д.Б.

докторант PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: darmensmaiyl2016@gmail.com

Роль информационного пространства в развитии гражданского общества

В данной статье изучается роль и значение средств массовой информации в развитии гражданского общества Казахстана. Проанализированы труды ученых по вопросам гражданского общества с древнейших времен и античности до наших дней. Изучены трактаты известных мыслителей и философов: Платона, Аристотеля, Черниловского, Макиавелли, Хайека, Фихте, Шеллинга, Гегеля, Блэка, Грамши, Михника, Боббио, Хобермаса и Арато.

Опираясь на опыт ведущих стран в развитии гражданского общества, где закон рассматривается как главная ценность, подробно и разносторонне рассмотрены элементы свободы слова, разделение властей, равенство перед законом и т.д. Детально изучены входящие в его структуру три уровня, развитая демократическая система, социально-структурная система, открытая система. Также изучена тема ценности человека, который является центром и самым важным фактором гражданского общества. Говорится о развитии гражданского общества через сотрудничество государства с неправительственными организациями, также о деятельности средств массовой информации в этом процессе.

Рассматривается свобода слова и прессы в гражданском обществе в качестве главного принципа, разъясняется роль средств массовой информации для коллективно-агитационных, коллективно-организационных целей и задач. Доказано, что ядром созидания в делах развития институтов гражданского общества являются индикаторные свойства СМИ. Приведены интенсивные изыскания, современные стремления средств массовой информации Казахстана в этом направлении, механизмы развития и продвижения гражданского общества – значение политики, науки, культуры, экономики и т.д., симптомы и предпосылки развития современных СМИ отсортированы в соответствии с требованиями рынка.

Также автор обосновывает, почему развитие гражданского общества не может остаться вне прямой зависимости от информационного пространства, так как информация главный фактор общественно-экономического развития. Ведь через СМИ осуществляется информирование о различных сферах общественно-политической, экономико-социальной направленности, в том числе пропаганда инициатив о развитии гражданского общества.

Ключевые слова: гражданское общество, информационное пространство, информация, СМИ, журналистика.

Кіріспе

Азаматтық қоғам туралы түсінік өте ертеден қалыптасқан. Азаматтық қоғам ежелгі Греция мен Римдегі антикалық полистік жүйенің дамуымен байланысты. Антикалық полистік жүйеде азаматтарға экономикалық және саяси бостандықтар беріліп, әрбір азаматқа түрлі жағдайларда мүмкіндік берілген. Ең басты мүмкіндік – сайлау, мемлекеттік мәселелерді шешу-

ге қатысу. Полис адамдардың біртұтастығымен олардың бойында патриоттық рух қалыптастыруға және заңдардың орындалуында да қызмет атқарады (Платон. Избранные диалоги. М., 1990).

Азаматтық қоғам мәселесіне алғаш гректің ертедегі философы Платонның келгендігін айтуға болады. Ол саяси ұйымдар қоғамдастығы мүшелерінің арасында адам еңбегін қанағаттандыруда 3 топқа бөліну туралы болжам жасаған. Ал Аристотель азаматтық қоғамды ғылымға саясаттың бір бөлігі ретінде енгізді. Ол мемлекет пайда болу үшін алдымен азаматтардың біртұтастығын, азаматтық қоғамды қалыптастыру керек деген ойды айтады. Аристотель басқару заңдарын қарастыра келіп, алғаш билікті бөлу идеясын тастады. Бұл билікке талас мәселесінен құтқарады және шынайы азаматтық қоғамда биліктегі басшы қоғам игілігі үшін қызмет атқарады деген шешімге келді (Аристотель. Сочинения. Т.4 М.,1983).

Антикалық полистің азаматтық қоғам мен байланысы туралы, оның қазіргі құқықтық мемлекеттің талаптарына сай келетіндігі туралы З.М. Черниловский айтады. Олар сөз бостандығы, билік бөлісу, заң алдында барлығының тең және т.б. элементтерден тұрады (Черниловский З.М., 1992).

Антикалық полис қалыптаса бастағанда саяси-әлеуметтік ойлардың дамуы үшін негізгі саяси ойлар пайда болады. Бұл толығымен азаматтық қоғам идеясына сәйкес келеді. Дәл сол замандағы ойшылдардың еңбектеріндегі идеялары азаматтық қоғамның макеті еді. Заңдық бостандық, азаматтар теңдігі, жеке мүлік иелену, құқықтық негіздер мемлекеттік қалыптасу енді басталса да, азаматтық қоғам мен саяси қоғам байланысы жолға қойылады.

Негізгі бөлім

Азаматтық қоғам идеясының дамуы орта ғасырларда Италиядағы қалалық мемлекеттердің пайда болуымен байланысты. Негізгі көтерілген мәселе клерикалды билік пен ақсүйектердің арасында болды. Саяси қатынастар мен билік негізгі жер иеленгендердің қолында болды. Феодалдық тәртіп құдайдың еркімен жасалады делінген сипатта және көптеген концепциялар діни-философиялық тұрғыдан қаралды. Бұдан кейін шіркеудің саяси билігі бірте-бірте құлдырап, адамдар әлеуметтік процестерге шынайы көзқарастарын білдіріп, саясат, мемлекет, заң туралы жаңа идеялар пайда болды. Италияның қайта өрлеу заманындағы ірі саяси ойшылы никколо Макиавелли алғашқылардың бірі болып саяси ғылымды қолға алады. Макиавелли азаматтық қоғамды класстық, сословиелік, партиялық деп қарама-қайшы топтарға бөледі. Қоғамның негізі – халық, ал билік мемлекеттің қолында деген тұжырым жасайды. Бұл дегеніміз азаматтық қоғам құруда мемлекетті қажет етеді. Н. Макиавелли: “Басым көпшілігі дворяндықтар болған жерде республика құрамын деушілер олардың бірін қалдырмай жоймайынша өз ойын іске асыра алмайды. Ал әлеуметтік жағдайы тең адамдар бар жерді монархияға айналдырамын десе, сол адамдардың басым көпшілігін байларға айналдыруы керек” (Макиавелли Н., 1982) деген ой айтады. Бұл дегеніміз биліктің қай формасы болса да белгілі әлеуметтік талаптарға сай болуы керек деген сөз. Азаматтық қоғам соңғы екі жарым мыңжылдықта азаматтық қоғам түсінігінің тарихи, саяси және теориялық эволюциясын зерттейді, демек ол заманауи саяси істерді ұсына алатын мүмкіндіктер мен шектерге таптырмас талдау жасай алады (John Ehrenberg, 1999).

Келе-келе азаматтық қоғам идеясы саясиқұқық идеясының негізіне айналды. Түрлі мемлекетте әр қалай жолдармен дамыды. Ф. Хайек жаңа кезеңдегі ой тарихында 2 бағытты бөліп көрсетеді: ағылшындық және французды қ. Ағылшындық бағыт – эмпирикалды және жүйесіз, ал французды қ бағыт – ойша құрылған және рационалды. Біріншісі дәстүр байланысы мен институттарға негізделген, ал екіншісі утопиялық құрылысқа бағытталған. Француз ағартушылары мемлекеттік биліктің үздік ұйымдарының көмегі арқылы бостандықты орнатқылары келсе, ағылшындықтар бостандықты ол болмаған жерден іздестіру керек дейді. Французды қтар үшін қоғам өміріне мемлекеттің араласуы емес, оны кімнің жасап отырғаны мақсат еді. Ал ағылшындықтар үшін мемлекеттің араласуының өзі қателік, үлкен мүмкіндіктерді шектеудегі қатыгездік керек деп ұғынды. Ағылшындық бостандықтың негізін заңгерлер, ал французды қ бостандықтың негізін философтар қалаған.

Алайда, тарихтың нақты талаптарында әртүрлі 2 идея – үздік заңнама мен жеке құқықтар идеясын, яғни құқықтық қоғам қалыптастыруда бірдей әлемдік көзқарас енгізетін еді. 1679 жылы Англияның құқықтық-саяси тарихында аса маңызды жаңалық болды. Парламент “Хабеас корпус актісін” қабылдады. Оның негізі мынадай: 1) Ешқандай негізсіз, құжатсыз қамауға алынғандар сотқа арыз беруге құқылы; 2) Сот органы сотталған адамның қылмысының себебін жазбаша көрсетуі керек. Сот қысқа

мерзімде шешім қабылдауы керек; Бұл акт адам бостандығын қорғауға, құқығын сақтауға негіз болды. Зерттеушілер "Хабеас корпус актісін" қылмыстық құқықтың ғана емес, сонымен қатар конституциялық құқықтың бастау алатын заң жобасы деп бағалайды (Гроции Г.О., 1956). Бұл заңнаманың авторлары азаматтық қоғам мен адам құқығын қорғау позициясын ұстанғаны және қоғам туралы саяси теориялардың пайда болуына түрткі болғанын байқаймыз.

Сонымен қатар, АҚШ алғаш азаматтық қоғам мен құқық қорғау мәселелерінің негізін қоғам мен құқық қорғау мәселелерінің негізін 1787 жылы қабылдаған Конституцияда қалады. Конституцияда:

Халықтық үкімет халықты басқарады және халық үшін өмір сүреді;

Билік бөлінісі және принциптері заң шығарушы, атқарушы, сот билігімен байланысты;

Бас бостандығы мен ар-намысын сақтауға және қорғауға;

Сот үкімі секілді құқықтық принциптер қаралған.

Американдық тәжірибенің құндылығы сонда, ол шектеулі мемлекет құрған кезде азаматтық қоғам мәселесі теория жүзінде ғана емес, тәжірибеде қарастырылды. Бостандық және оны қалыптастыруда оңтайлы механизмді қолдады.

Германиядағы философиялық революциядан кейін азаматтық қоғам туралы Фихтенің, Шеллингтің, Гегельдің еңбектерінде айтылды. Азаматтық қоғам туралы дамыған пікірді Гегельдің еңбегінен көреміз. Гегель: "Азаматтық қоғам дегеніміз – діни, саяси айырмашылықтарға қарамастан заң алдында тең азаматтар қоғамы және сол заңға сәйкес, әркім жеке мүліктік құқық иесі, әркім өзінің қалауын таңдауға құқылы бостандық иесі" дейді.

Қоғам тұлғалардан тұрады және олар моральдық тұрғыдан бірін-бірі дербес, тең деп санап қана қоймай, олардың құқықтарын қорғайтын саяси және заң институттары бар деп есептейді. Азаматтық қоғам – маңызды, жеке мақсаттар мен ойларды жүзеге асыратын орта. Гегельдің пайымдауынша, азаматтық қоғам даму үшін мемлекеттің ықпалы болу керек. Бірінші мемлекет құрылады, одан кейін азаматтық қоғамда отбасы дамиды. "Азаматтық қоғам отбасы мен мемлекет арасындағы дифференция. Бірақ азаматтық қоғам мемлекеттен кейін дамиды (Медушевский А.Н., 1992). Дегенмен, кейбір ғалымдардың пікірінше, көптеген жағдайда «азаматтық қоғамды есепке алмай демократиялық өзгерістерді түсіну мүмкін емес, ол қоғам мен үкімет арасындағы өзара байланысты нақты түсінуді қамтамасыз ететін саяси заңдылықтың кілті» (Muthiah Alagappa, 2004).

Азаматтық қоғам Батыс Еуропа мен Америкада XVIII ғ. бірінші жартысы мен XIX ғасырда пайда болды. Оған саяси-өнеркәсіптік төңкеріс себеп болған. Ағылшын тарихшысы Э. Блэк «Еуропада азаматтық қоғам дербес қалалар, өнеркәсіптік гильдиялар және түрлі корпарациялар сияқты ұжымдық құрылымдардың дамуының әсерінен пайда болды» деген тұжырым жасайды. Э. Блэктің пікірінше, азаматтық қоғамның негізгі элементтері мен құндылықтары XIII ғасырда қалыптасқан. Олардың ішінде: жеке бас қауіпсіздігі, заң алдында барлығының теңдік принципі, жеке мүлік құқығы, жеке өмір құқығы, тұлғалар және топтар арасындағы келісімді қатынас институттары бар.

Азаматтық қоғамның негізі туралы түсінікті XX ғасырдағы марксизмнің ірі теоретигі Антонио Гарамши де айтады. 1970 жылдары жұмыстарының барлығы азаматтық қоғам мәселесіне арналды. Капиталистік қоғамның буржуазиялық механизмін тұжырымдай келе, Гарамши оның басты 3 бөлігін атайды. Оның тұжырымы бойынша қоғамның 3 түрі бар: 1) экономикалық қоғам (оның билігінде өнім шығару мен бөлу), 2) саяси қоғам (мемлекеттің билігі жайында), 3) азаматтардың қоғамы (ұйымдардың тұтастығы мен партия, кәсіподақ, діни орталық сияқты жеке ұйымдар). Саяси және азаматтық қоғам арасында тығыз байланыс бар. Оған Гарамши саяси қоғамды – диктатура, ал азаматтық қоғамды гегемония деген баға береді. Соңғысының маңызы – қоғамды интеллектуалды, саяси басқару қоғамның түсінігі, мақсаты бірдей болуында. Қоғамды барлық талаптарға сай (әлеуметтік, саяси) басқарып, өз талап-ережелерін енгізіп, асқан даналық танытса, оны Гарамши гегомония деп атады.

Азаматтық қоғамда маңызды орын алатын ұйымдар – саяси партиялар. Парламентке немесе басқа да жолмен билікке келіп, мемлекетті басқаруды мақсат тұтады. Саяси және азаматтық қоғамның байланысы Гарамшиге мемлекеттік мағынасын аша түсуге көмектеседі. "Мемлекет=Жаңа БАҚ ашу тіркеумен ғана шектелді, сөз бостандығына жол ашылды;

– әлемдік ақпараттық ортаға интеграциялану күшейді;

– Жекеменшік қатынас және бәсекелестік орнықты;

– Баспа, техника мен технологиялар, шикізат құралдарының нарығы қалыптасты;

– Жаңа мамандар, менеджерлер, журналистер, баспагерлер, режиссерлар, продюсерлар, жарнама және басқа да БАҚ-пен біте қайнасқан салалардың мамандары қалыптасты;

– Инновация сапалық көрсеткіштерге алып келді: ақпараттардың ұшқырлығы артты, газет-журналдардың мазмұны мен полиграфиялық сапасы жақсарды, жаңаша дизайн қалыптасты, қаріптердің кең әрі құбылта пайдалану жолдары жүзеге асты, суреттер көп қолданыла бастады, жаңа типті фотоколлаждар дүниеге келді, безендіру элементтері байытылып, көркемдеу стилі мен бағыттарының сан түрі қолданысқа енді;

– Телерадио хабарларын даярлауда да жаңа технологиялар кең шығармашылық мүмкіндіктерге жол ашты;

– Жұмысты ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдері өмірге жолдама алды;

– Интернет пен электронды пошта кең қолданысқа еніп, БАҚ-тың шекарасын кеңейтуге ықпал етті;

– Ақпараттық желілік веб-сайттар дүниеге келді;

– Жарнама саясаты түбегейлі өзгерді;

– Жаңа БАҚ қожайындарына табыс әкелетін бизнес көзіне айналды.

Тағы бір аса маңызды мәселе – ақпарат куәгерінің сан алуандығы әрі қол жетерлік деңгейде болуы. Қазақстан нарығында шетелдік, соның ішінде Ресейдің кез келген басылымын алуға кедергі жоқ, оның сыртында радиотолқын, теледидар, кабельдік және серіктік жүйе бар. Ал интернеттік технологиялар тіпті революциялық өзгерістер әкелді. Жаңа технологиялар ақпаратты жеткізудегі ұшқырлыққа алып келді. Сонымен қатар, ақпарат беруде телефон, ұялы байланыс, электронды пошта, факс сенімді құралға айналды. Оны интернет өзінің он-лайн, яғни нақты уақытпен байланысу режимімен жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Интернеттің технологиялық енгізуде, ақпаратқа қол жеткізуде және пайдалану саясатында да бірыңғай орталықтандырылған басқаруы жоқ; желінің әрбір құрамдас бөлігі өзінің жеке саясатын белгілейді (Wayback Machine, Jonathan Strickland, 2014). Бүгінгі күні интернет дәстүрлі ақпарат құралдарына жедел дерек алу мен таратудың кең мүмкіндіктерін ашып қана қойған жоқ, сонымен бірге, өзі де жаңа ортаны құрады – желілік медиа дүниеге келді. Жыл сайын әлемдегі желілік басылымдардың қатары өсіп келеді, олардың ішінде бұрыннан қалыптасқан газет-журналдардың электронды нұсқаларымен бірге қағаз жүзінде жарық көрмейтін, желіге ғана бейімделген мерзімді басылымдар бар. Телевизиялық және радиостанциялар интернет беттерін ашып, интернет арқылы да хабарларын таратуда, желілік ақпараттық және жарнама агенттіктері пайда болды.

Қазіргі заманда журналистің негізгі ақпарат алу көзі – интернет болды. “Netcraft” мониторингтік әлемтор қорының мәліметіне сүйенсек, жыл сайын сайттар саны рекордтан да жоғары көрсеткішке ие болып барады. Дамыған елдерде әлемтор теледидар мен радио желісін басып озып, аудиториясы үшін өте кең ақпарат көзіне айналды.

Қазір ақпарат кеңістігіндегі билік жолында, дәлірек айтсақ, миллиондардың ақыл-ойын билеп-төстеу жолында күрес жүріп жатыр. Бұл үздіксіз үдеріс. Мәселен, осыдан 10 жыл бұрын “Каунтерпарт” коммерциялық емес заңды тұлғалардың қауымдастығы жүргізген сауалнамалардың нәтижесіне қарағанда, ақпарат алу көздері саналатын нысандардың ішіндегі баспасөз, телерадио жетекші рөлге ие болып қала беретіндігі жазылған. Сауалнамаға жауап берген респонденттердің 33 пайызы – БАҚ-ты, 17 пайызы – Интернетті, 7 пайызы – қоғамдық қабылдау өткізілетін орындарды, 7 пайызы – “ашық есік” күндерін, 4 пайызы – баспасөз клубтарын ақпарат алу көздері деп есептейтіндіктерін білдірген (Қазақ журналистикасының даму тенденциялары. Алматы, 2005). Бүгінгі таңда бұл ақпарат мүлде 360 градусқа өзгергені айқын. Жаһан күн сайын жаңарып, сағаттар сайын соны технологиялармен толығу үстінде. Мәселен, бүгінгі таңда Қазақстанда интернетті пайдаланушылар 80 пайызға жуық өссе, оның 64 пайызы интернетті смартфон арқылы қолданады. Олардың ақпараттарды тұтынуы да адам танымастай құбылды.

Ақпараттық кеңістіктің электронды құралдарды пайдалану тәсілдерін күннен күнге жетілдіре түсу – өмірдің өзі талап етіп отырған аса маңызды мәселелердің бірі. Ғылыми-техникалық прогресс бүгінгі ақпарат құралдарының бет-бейнесін мүлде өзгертті. Журналистің ақпараттық технологиялармен жұмыс істей білу қажеттігі, оның жұмысын тиімді, үнемді етеді, яғни журналистік қызметті ғылыми ұйымдастыруды тудырады.

Қазіргі кезде тек радио мен теледидар ғана емес, хабар тарату агенттіктері, газет-журнал редакциялары да электронды құралдар, сандық жүйемен жабдықталған. Мұның өзі оқиғаны, фактіні уақтылы, нақты, объективті түрде тіркеуге мүмкіндік береді. Бірақ, интернет ақпа-

раттық кеңістіктің мүмкіндігін арттырғанымен ол бай тәжірибесі қалыптасқан дәстүрлі БАҚ-ты ақпарат айдынынан ығыстырып тастай алған жоқ. Яғни, әрқайсысының атқарар қызметі әр алуан және өз аудиториясы бар.

Дегенмен, бір нәрсе айқын: халықты өз ертеңіне жігерлендіретін де, болашаққа үміттендіретін де – ақпарат құралдары. Бүгінгі күні кім ақпаратқа ие болса, жеңіс сонікі делінетіні де сондықтан. Бұл азаматтық қоғам үшін де, оның дамуына мүдделі болып отырған мемлекеттік басқару жүйесі үшін де өте маңызды әрі азаматтық қоғамды дамытудағы ақпараттық қоғамның рөлін бедерлейді.

Ғаламдық жаһандану арқылы адамзаттың алдынан жаңа постидеологиялық кезең ашылды. Оның бізге не берері бүгінгі ұрпақтың білімі мен білігіне байланысты. Біздің пайымдауымызша, күллі әлем үшін анық та айқын ақпарат таратуға негізделген жаңа заманға бастайтын жаһандану БАҚ-тарға қойылатын талаптарды күшейте түсті. Баспасөздің еркіндігі мен оның қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігі арасындағы тепе-теңдікті таба білу көсемсөз иелерінің тікелей шеберліктеріне байланысты өрілмек. Қанша жерден айтылғанмен сөз бостандығы шексіз емес. Оны көзі қарақты азаматтардың барлығы іштей түсінеді. өйткені, журналистика – табындыратын ғана емес, талқандайтын да қуатты күш. Ол саясатты жасап, сомдайды. Сондықтан, сөз бостандығы дегенде журналистік ар-ождан жауапкершілігін әрбір «төртінші билік» өкілі жан-тәнімен сезінуі тиіс. Бұл бір шетінен биресми цензура деп те аталынады. Мұндай қағілездік салиқалы да әлеуетті деңгейі биік жандар үшін әр кез бірінші орында тұрса керек. Себебі, тәуелсіз БАҚ дегеніміз – аса қымбат құндылық. Сондықтан ол, ешқашан «ақпараттық соғыстардың» «сойылына» айналмауға тиіс. Журналист қандай мәселені қаузаса да парасат шеңберінен шықпауы қажет. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы, экономикадағы және іскер топтар арасындағы күштердің ара салмағын да айқындайтын құрал деп айтылатыны осыдан.

Қазіргі қоғамдық-экономикалық дамудың басты факторы – ақпарат. Ақпарат – белгісіздіктің шешімі; бұл «мән деген не» деген сұраққа жауап береді және осылайша оның мәнін де, табиғатын да анықтайды. Ақпарат деректерге да, сондай-ақ білімге де қатысты, өйткені деректер – параметрлерге тіркелетін мәндерді білдіретін маңызды ақпарат, ал білім тұжырымдаманы түсінуді білдіреді («Information p Definition of Information by Merriam-Webster», 2017). Яғни ақпарат билігінің аясы кеңейіп, маңызы артып келе жатқандығын әркім мойындайды. Ақпарат бар жерде менеджмент те бар. БАҚ-тың ең басты өнімінің өзі ақпарат саналғандықтан, оның негізгі ерекшелігі ешкімді мәжбүрлемейтіндігінде, тек ықпал ету жолымен қоғамдық пікір қалыптастыратындығында.

Ақпарат айдынындағы тартыстың себебінен PR қызметі мен журналистік іскерлік мүддені өркендетудің ауқымды мүмкіндіктері пайда болғаны белгілі. Саяси жарнама жасау мен белгілі бір тұлғаның тапсырысы бойынша материал жазу үрдісінің кең етек алуы да осыған жақын. Саяси науқандағы БАҚ-тың пайда табу мақсатында тапсырыс алуға деген ұмтылысы айқындалып барады. Сонымен қатар, осы электронды ақпарат құралдарында ұялы телефонмен смс-хаттар арқылы байланыс жүргізуі әжептәуір дамып кеткендікті айғақтайды.

Жасырары жоқ, бүгінгі қазақ тілді БАҚ арасында да белгілі бір ұйымның не адамның мүддесіне қызмет ету бар. Тәуелсіздік алған жылдары ондай болған жоқ. Кейінгі жылдары ғана көптеген алпауыттар БАҚ-тың жалпы халықтың көңіл-күйі мен сезіміне қатты әсер ететін керемет идеологиялық құрал екендігін түсінді. Содан бастап, олар БАҚ-тың тетігін ұстауға ұмтылып, шет елдердегідей медиамагнат болуға деген талпынастар елімізде күн санап күшейіп келеді.

Қазіргі таңдағы ақпарат беру әдісі бұрынғы әдістен тым алшақ, мүлдем жаңаша сипатқа ие болып отыр. Бұл қазіргі заманғы ақпараттың уақыт кеңістігін еркін әрі батыл, әрі көз ілеспес шапшандықпен билеп алуына байланысты.

Ақпараттық технологиялар ғасырында әрбір күн бір керемет жаңалыққа татиды. Заман ағымында әрбір сағат емес, әрбір минут әлеуметтік, нарықтық, қаржылық, техникалық өзгерістерді өмірге енгізіп жатыр.

Біз өмір сүріп отырған кезең – ақпарат ғасырында, сол ақпаратты өңдеу мен оны елге жеткізудің бар салмағы мамандарға түсетіні белгілі. Керемет саясаткер, ең күшті мемлекет, дүние жүзіндегі ең мықты халықтың өзі ақпаратсыз түкке тұрғысыз нәрсе болуы мүмкін. Кім-кімге де қызықты әрі керек дүниенің барлығы тек қана ақпараттан табылады. Ақпарат – адам санасындағы шындықтың болмысы. Ақпарат – белгісіз бір құбылыстардан ақиқат деректерді алып, қоғам санасына құю. Ақпарат шынайы өмірді нақтылай көрсетуі мүмкін немесе жалған боямалап сипаттауы да ғажап емес.

Журналистік ақпаратсыз осының бәрі жоққа тең болып шығады. Ақпараттың қандай болатындығы ақпарат таратушыға, яғни журналиске байланысты. Қазіргі заманғы ақпараттық технология жаңалықтар легіне күнде жаңаша сипат берді. Компьютерлік жүйенің де маңызды екі артықшылығы бар. Біріншісі – сандық әмбебап редактор бағдарламасы, екіншісі – жетілген мәтіндік редактор бағдарламасы. әлбетте, бұл – журналистің рөлі төмендеді деген сөз емес. Керісінше, техникалық төңкеріс жұмыс жағдайын мүлде өзгертті, оған оң, игі ықпалын тигізді. Бұл журналистерден өзгеше мамандану деңгейін талап етуде. Электронды журналистика да өте қарқынды даму үстінде. Олар үшін кәсіби шеберліктің ең биік шыңы осы минуттарда, дәл қазір әлемде болып жатқан маңызды оқиғаларды алғашқы болып хабарлау екенін атап айтуға тура келеді. Уақыттан озбаған күннің өзінде уақытқа ілесіп отыру – заман талабы. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген Ахмет Байтұрсыновтың қағидасын тағы да келтірейікші. Мемлекеттік және ресми емес БАҚ-ты қатар салыстырып көрсек, қалай болғанда да айырма бар. Біреуі – биліктің, жоғары жақтың, партияның сөзін сөйлесе, екіншісі – халықтың көкейіндегісін айтады. Демек, журналистика "халықтың көзі, құлағы, һәм тілі" болған жағдайда ғана «төртінші билік» бола алады. Дамыған зиялы елде бірінші билік – заң шығарушы орган, екінші – атқарушы орган, үшінші – сот, төртінші – журналистика. Шынайы демократиялық елде төртінші билік журналистика екенін мойындасақ, біз бұл деңгейге біртіндеп келе жатырмыз. Неге жылдам емес деген заңды сауал туады. әрине, оның негізгі және басты себебі журналистиканың кәсіби деңгейіне келіп тіреледі. Бұрынғы және қазіргі журналистиканы салыстырып саралағанда, олардың арасындағы негізгі әрі нақты айырмашылық, біздіңше, мынада болып отыр.

Журналист өз өнімін, яғни ақпаратты тұтынушыға қалай, қандай тәсілмен жеткізеді, өзін тыңдайтын, айтқан әңгімесіне құлақ асып, сөзге араласатын аудиториясын қалай, қайтіп қалыптастырады, қандай арна арқылы ол өз ақпаратын дәл қазіргі оны қабылдайтын түрде қоғамға ұсына алады? Мұның бәрі журналистің жүрек қалауына ғана байланысты шаруалар емес, сонымен қатар, журналист қызмет ететін арнаның ұстанған бағытына, маркетингтік саясатына тікелей қатысты. Қазіргі заманда журналистік кәсіптің құндылықтары мен үрдістерін, яғни стандарттарын медиаэкономика анықтайды. БАҚ мекемелерінде мультимедиалық редакциялар, мультимедиалық бөлімдер пайда болды. Онда қызмет ететін журналистер БАҚ-тың барлық салалары үшін қажетті материалдар әзірлейді. Мұның өзі журналистік мазмұны мен сапасынан кең көрініс табады.

Ақпараттық кеңістікке өту жағдайында журналистің ақпараттық тауарды тауып берушіге айналып кету қаупі де жоқ емес. Қазіргі ақпараттық кеңістік айналымындағы ақпараттың көлемі мен қарқынының мейлінше орасан зор, шексіз екенін ескерсек, онда ақпарат сапасын анықтау оңайға түспейтіні түсінікті. «Ақпараттық қоғам – білім қоғамы» деп те аталып жүр. Бірақ, ақпарат тасқынының көлемі жағынан артуы білім салмағының сол дәрежеде арта түскендігін көрсетпесе керек. Білім ақпарат сапасына тікелей байланысты болып келеді. Анығырақ айтқанда, оның жан-жақтылығына, дәйектілігіне, терең мағыналылығына, ұғынықтылығына тікелей қатысты.

Қазіргі заманғы журналистиканы азаматтық және ақпараттық қоғам жағдайындағы мамандық ретінде қарастыра келіп, ресейлік зерттеуші М. Павликова мынандай алаңдаушылық білдірген: "Ақпараттық тасқынның күрт ұлғаюы біріншіден, спутниктік телеарналар санының артуына, екіншіден, қатардағы азаматтардың жаңа ақпарат кеңістігін, яғни интернетті игеруіне, үшіншіден, БАҚ-тың қоғамдық функциясының кемуіне және көбінесе коммерциялық мақсатқа жұмсалуына байланысты мүмкін болып отыр. Мұның өзі БАҚ зерттеушілерінің дәстүрлі журналистиканың жоғалуы мен медиаэтиканың өзгеруі туралы мәселе көтерілуіне түрткі болуда". Ал, "Хабар" агенттігінің негізін қалаған Дариға Назарбаева қазіргі заманғы журналистика туралы ойын былайша түйіндейді: "Ғаламдық тарихи процестердің даму барысында БАҚ рөлі арта түсуде. Алуан түрлі деңгейдегі проблемаларды шешу барысында БАҚ-ты әрекет етуші құрал ретінде қолдануға деген орасан зор құштарлық пайда болды. БАҚ шын мәнінде қоғамдық пікірдің ең тиімді ұйытқысына айналды". Бірақ, соның ішіндегі қоғам мүддесін қорғайтындары некен-саяқ. өйткені, дәл бүгінде журналистер үшін жағымды ақпаратқа қарағанда, жағымсыз ақпараттың рейтингі жоғары болады деген сенімнен арылу керек. Қандай да бір кәсіби ар-ождан кодексі әрбір журналистің жүрек тұсында, ішкі сезім жүйесінде қалыптасуы керек. Тіпті, көзіқарақты көсемсөздің қас шеберлері оны өздері дамытып, өрістеуіне мүмкіндік жасауы тиіс.

Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары дүниежүзілік ақпарат кеңістігінің орта шенінен орын алады. Біздің түсінігімізде латынның медиа деген сөзі, бұқаралық медиа деген мағынаны білдіріп қоймайды, ол біздің еліміздің ақпарат кеңістігінің әлемдік ақпарат саласының қақ ортасында тұрғаны туралы да түсінік береді. Өйткені, біздің Қазақстан – Еуропа мен Азия аралығындағы өзінің ішкі-сыртқы саясатындағы басы артық батыл әрекеттерге, қауіпті тәуекелшіл қадам қабылдауға асығып-аптықпайтын, аласұрып алға озып кетпей, кібіртіктеп кейін қалып қоймай, "алтын аралықта" тұрған ел, яғни медиа аймақ (Қазақ журналистикасының даму тенденциялары. Алматы, 2005).

Азаматтық қоғамның дамуы ақпараттық кеңістікке тікелей байланысты деуге қазірде толық негіз бар. өйткені, азаматтық қоғам үшін маңызды мәселелердің барлығы тек ақпараттық кеңістіктегі ақпараттық телекоммуникациялық технологиялар арқылы қоғам мүшелеріне жеткізіледі, тасымалданады. Осыдан-ақ, азаматтық қоғам мен ақпараттық кеңістіктің егіз ұғым секілді бірбірімен тығыз байланысты екенін бағамдауға болады.

Мәселен, Елбасының тікелей араласуымен жүзеге асырылған экономикалық реформалардың барлығы БАҚ-тың бетінде әртүрлі деңгейде көрініс тапты. Оның кемшілігі болса, айтылып, түзетілуіне мүмкіндік жасалды, ал жетістігі болса, халықтан сүйінші сұралып, барша БАҚ қуана қол соқты. Бұл БАҚ-тың біріншіден – қоғамдағы ақпаратты кеңінен таратушы, үгіт-насихатшылдық рөлін көрсетсе, екіншіден – қоғамда жүзеге асырылып жатқан барлық шаралардың, оның ішінде экономикалық реформалар барысын қадағалаушы бірдін бір маңызды қоғамдық институт екенін байқаймыз.

Бүгінде Қазақстанның әр саладағы, қоғамдық-саяси, экономикалық-әлеуметтік бағыттағы, оның ішінде азаматтық қоғамды дамытудағы салып келе жатқан сара жолы халыққа бүге-шігесіне дейін жеткізілу әрі насихатталынуы ақпараттық кеңістіктің арқасында. Бұл ақпараттық кеңістіктің Қазақстандағы азаматтық қоғам институттарын дамытудағы рөлін айқындайды. Бұл оның мойнына жүктелген міндет десек те болады. Егер Елбасының «Қазақстан жолы» кітабында жазған сөзімен айтсақ:

«Ұлы Абай да кезінде: «Бай болғың келсе – өнерге үйрен» деген. Оның сөздері менің пікірімше, қазіргі білім беру стратегиясының идеологиясын дәл көрсетеді.

Күшті және гүлденген мемлекет болу және тұрақты дамуға қол жеткізу үшін біз интелектуалдық элитаға, жоғарғы технологияға, еліміздің ғылыми әлеуетіне сүйенуіміз қажет. Тек өзінің интеллектуалдық әлеуетінің арқасында ғана ел әлемдегі өзінің лайықты орнын ала алады. Сондықтан, Сіздердің – біздің жастардың алдында үлкен жауапкершілік жатыр» (Назарбаев Н.Ә., 2007).

Бұл үлкен тарих алдындағы жауапкершілік тек жастардың ғана емес, БАҚ-тың, сондай-ақ, Қазақстан дамуына мүдделі барлық қоғамдық институттарға тиесілі екені сөзсіз.

Қорытынды

Азаматтық қоғам институттарын дамыту – мемлекеттің әрдайым естен шығармайтын басты құндылығы. Ол – мемлекеттің негізгі иесі ғана емес, ондағы болып жатқан әрі жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси ахуалда негізгі факторлық дәрежеге ие. Сондықтан да, оның жағдайы мен сипаты мемлекеттің деңгейін айқындайды.

Осы орайда, ең алдымен әлеуметтік сала қандай да бір атқарушы билік үшін әрқашан басым бағытта рөл ойнайды. Бұл Қазақстанның алдыға қойған басты мақсаттарының бірі. Мәселен, азаматтық қоғам саналы тұрғыда Қазақстанның қоғамдық-саяси ахуалын реттейтін функция болса, ондағы азаматтық қоғам институттарының тікелей араласатын бағдары әлеуметтік құндылықтар болып келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халықтарына жасаған «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты дәстүрлі Жолдауында әлеуметтік мәселелерді шешуді құнды басымдық ретінде қарастыруы сондықтан болса керек. Елбасының «біз аға ұрпақты, ана мен баланы, жастарды қамқорлық пен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік бағдарланған қоғам, ел халқының барлық топтары тұрмысының жоғары сапасы мен алдыңғы қатарлы әлеуметтік стандарттарын қаматамасыз ететін қоғам құрудамыз» (ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2006) деуінде мемлекеттің бұл салаға деген бей-жай қарай алмасын білдіретіні сөзсіз. Осы орайда, Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің әлеуметтік маңызын арттыру бағытында халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарын қорғайтын және экономиканың дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясатты дамыту жолында төмендегідей мәселелерді атап көрсетті:

Халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарына қолдау көрсету;

әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін нарықтық экономика талаптарына сай қайта бағдарлау;

Тұрғын үй құрылысы және жылжымайтын мүлік рыногын дамыту;

Денсаулық сақтау саласын ұйымдастыруда осы заманғы қағидаттар мен стандарттарға көшу;

Халықаралық стантарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қаматамасыз ету;

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің халықаралық стандарттарын енгізу;

Еңбек ресурстарын дамытудың тиімді жүйесін құру (ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2006).

Елбасының осы аталған бағыттарды атап қана қоймай, халықты әлеуметтік қорғаудың жоғарыдағы мәселелерін шешу жолында Үкіметке нақты тапсырмалар беруі әлеуметтік саланың мемлекет дамуындағы ең негізгі маңызға ие екендігін барынша айшықтай түсті. Ал бұл бағытта азаматтық қоғам институттарының орны ерекше екені даусыз.

Әлеуметтік салада басты қаралатын нәрсе мұқтаждық мәселелесі. Мұқтаждық – адамның өзіне керекті бірдеңенің жетіспейтіндігін сезінуі (Котлер Ф., 2000).

Адамдардың мұқтаждығы көп түрлі және күрделі. Мұнда негізгі физиологиялық тамаққа, киімге, жылынуға және қауіпсіздік мұқтаждықтары, әлеуметтік-рухани жақындасу, әсерлену, құштарлық, сондай-ақ жеке мұқтаждық білімге құштарлық, өзін-өзі дәріптеу. Бұл мұқтаждықтар Медисно-авеню әрекеттері арқылы пайда болмайды, ол адам табиғатының бастамасында бар жағдайлар.

Мұқтаждығы қанағаттандырылмаған адам өзін бишара, бақытсызбын деп санайды. Қайсыбір мұқтаждық неғұрлым мәнді болса, оның қайғысы соғұрлым тереңірек болады. Қанағаттанбаған адам мынадай екі жолдың біріне барады: не мұқтаждығын қанағаттандыратын объектілерді іздейді, не оны бәсеңсітетуге тырысады (Котлер Ф., 2000).

Ал мұның бәрін қанағаттандыруға тырысатын функцияның барлығын мемлекетпен бірге азаматтық қоғам институттары да атқарады. өз кезегінде оның қалай жүзеге асып жатқанын, қордаланған қандай мәселелері барлығын түгел дерлік ақпараттық кеңістік атқарады. Яғни, азаматтық қоғам институттарының жұмыстарын өркендетумен қатар, ақпараттық кеңістік азаматтық қоғамды да дамытуға өз үлесін өлшеусіз қосады деген сөз. Бұл өзі де сол функцияны атқара отырып, Қазақстандағы азаматтық қоғам институттарын дамытуға келелі қызмет ететін ақпараттық кеңістіктің рөлін айшықтап көрсетеді. Мұның Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрған» Қазақстан үшін мәнділігі еш жоғалмақ емес.

Әдебиеттер

Платон. Избранные диалоги. – М., 1990.

Аристотель. Сочинения. Т.4. – М., 1983.

Черниловский З.М. Гражданское общество: опыт исследования // Государство и право. 1992. – № 6.

Макиавелли Н. Избранные произведения. – М., 1982.

Гроции Г. О раве войны и мира. Три книги, в которых объясняются естественное право и право народов, а также принципы публичного права. – М., 1956.

Медушевский А.Н. Гражданское общество и правовое государство в политической мысли Германии // Вестник Московского университета. Серия 12. Социально-исследования. 1992. №5.

Гарамши А. Избранные произведения. Т. 3. – М., 1953.

Лобер В.И. Проблема демократии в политической философии Ноберто Боббио // Социально-политические науки. 1991. №6.

Арато А. Концепция гражданского общества: восхождение, упадок и воссоздание – направления для дальнейших исследований // Полис, 1995. – №3.

Әбсаттаров Р. Азаматтық қоғам: мәні мен мазмұны //Егемен Қазақстан. – 2005.

Алматы қалалық ақпараттық-талдау орталығы. Қазақ журналистикасының даму тенденциялары. – Алматы, 2005.

Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2007, 16 бет.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2006. 1 наурыз.

Котлер Ф. Маркетинг негіздері. – Алматы: Жазушы, 2000, 9 бет.

Alagappa, Muthiah. Civil Society and Political Change in Asia. Stanford: Stanford University Press, 2004.

Ehrenberg, John. Civil Society: The Critical History of an Idea. New York: New York University Press, 1999.

Leopoldo Martinez, Center for Development and Democracy in the Americas (CDDA), 2013.

The Future Role of Civil Society, World Economic Forum, 2013.

Gregory Newby, Metric Multidimensional Information Space, Text Retrieval Conference, 4 November 1996.
Jason Withrow, Site Diagrams: Mapping an Information Space, Washtenaw Community College, 30 August 2004.
Boisot, M. H. Information Space: A framework for learning in organizations, institutions and culture. Routledge: London, 1995.
"Who owns the Internet?" Archived 19 June 2014 at the Wayback Machine, Jonathan Strickland, How Stuff Works. Retrieved 27 June 2014.
"Information p Definition of Information by Merriam-Webster". Merriam-webster.com. Retrieved 2017-05-01.

Электронды ресурс:
http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:yuo94oI5TBcJ:mic.gov.kz/sites/default/files/pages/otchet_kaz_2.docx+&cd=3&hl=kk&ct=clnk&gl=kz

References

Absattarov R. Azamattyk¸ kogam: mani men mazmuny. //Yegemen Kazakhstan. -2005.
Almaty kalalyk akparattyk-taldau ortalygy. Kazak zhurnalistikasynyn damu tendentsiyalary. Almaty: -2005.
Arato A. Kontseptsiya grazhdanskogo obshchestva: voskhozhdeniye, upadok i vossozdaniye – napravleniya dlya dal'neyshikh issledovaniy // Polis, 1995. №3.
Aristotel'. Sochineniya.[Writings] T.4 M.,1983.
Chernilovskiy Z.M. Grazhdanskoye obshchestvo: opyt issledovaniya //Gosudarstvo i pravo. [Civil society: research experience//State and law] 1992. № 6.
Garamshi A. Izbrannyye proizvedeniya[Selected works]. T.3. m., 1953.
Grotsii G.O rave voyny i mira.[About the Rave of War and Peace] Tri knigi, v kotorkh obyasnyayutsya yestestvennoye pravo i pravo narodov, a takzhe printsipy publichnogo prava. M.,1956.
Kotler F. Marketing negizderi. [Basics of marketing] Almaty: – Zhazushy, 2000, 9 bet.
KR Prezidentinin Kazakhstan khalkyna Zholdauy. 2006. 1 nauryz.
Lober V.I. Problema demokratii v politicheskoy filosofii Noberto Bobbio [The problem of democracy in the political philosophy of Noberto Bobbio] //Sotsial'no-politicheskiye nauki. 1991. №6
Makiavelli N. M., Izbrannyye poizvedeniya.[Selected Works] 1982.
Medushevskiy A.N. Grazhdanskoye obshchestvo i pravavoe gosudarstvo v politicheskoy mysli Germanii [Civil society and law state in the political thought of Germany] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 12. Sotsial'no-issledovaniya. 1992. №5.
Nazarbayev N.A. Kazakhstan zholy[the way of Kazakhstan]. Astana: -2007, 16 bet.
Platon. Izbrannyye dialogi.[Selected Dialogues] M., 1990.
Alagappa, Muthiah. Civil Society and Political Change in Asia. Stanford: Stanford University Press, 2004.
Ehrenberg, John. Civil Society: The Critical History of an Idea. New York: New York University Press, 1999.
Leopoldo Martinez, Center for Development and Democracy in the Americas (CDDA), 2013.
The Future Role of Civil Society, World Economic Forum, 2013.
Gregory Newby, Metric Multidimensional Information Space, Text Retrieval Conference, 4 November 1996.
Jason Withrow, Site Diagrams: Mapping an Information Space, Washtenaw Community College, 30 August 2004.
Boisot, M. H. Information Space: A framework for learning in organizations, institutions and culture. Routledge: London, 1995.
"Who owns the Internet?" Archived 19 June 2014 at the Wayback Machine, Jonathan Strickland, How Stuff Works. Retrieved 27 June 2014.
"Information p Definition of Information by Merriam-Webster". Merriam-webster.com. Retrieved 2017-05-01.

Electronic resources:
Түйін сөздер: эссеист, журналистік эссе, радиоэссе, телевизиялық эссе, блогерлік эссе.

Abdizhadilkyzy Zh.

Candidate of Philological science, associate Professor,
Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhtan, Almaty
e-mail: abdizhadilkyzy.zhydegul@gmail.com

Functional significance and importance of the essay genre in TV journalism

Goal: To determine the functional significance and importance of the essay genre in modern context. Objectives: To mark the features of the genre of essay in journalism which distinguishes it from a literary essay, to give a classification of the genre of essay in journalism and to make an analysis on specific examples from a scientific point of view. Expected result: On the basis of this scientific article, you can hold a master class on the topic: “The art of writing an essay”. The author in his article talks about the new functions of the essay genre in journalism, about the difference between different essays in fiction and journalism, also denotes the features and reveals the functional meanings of the term. In the process of studying the genre of essay the author relies on the work of Kazakh scientists as Z. Kabdolov, R. Syz-

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

dykova, K. Smayilov, A. Bobezhanova, as well as the opinions of foreign authors as O. Wilde, B. gates, Y. Zasursky, E. Prokhorov. The author argues that the genre of essay journalism is a very important tool to express thoughts, concerns and opinion. The author emphasizes the importance of essays for students, journalists, undergraduates and doctoral students and also notes some difficulties in their writing.

Key words: essay writer, journalistic essays, radio essay, TV essay, blogger essay.

Абдижадилкызы Ж.

кандидат филологических наук, доцент,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: abdizhadilkyzy.zhydegul@gmail.com

Функциональное значение и важность жанра эссе в тележурналистике

Целью статьи является определение функционального значения и роли жанра эссе в современном контексте. Автор поставил следующие задачи: выявить специфику жанра эссе в журналистике; установить его отличия от литературных форм эссе; представить классификацию видов и форм эссе; провести анализ конкретных образцов эссе с научных позиций. Автор также исследует новые функции жанра эссе в журналистике, сравнивает эссе в художественной литературе и журналистике, выявляет особенности и раскрывает функциональные значения данного термина.

По мнению автора, жанр эссе выполняет особую функцию: доносить информацию. Личные мысли и идеи журналиста образуют концепцию и превращаются в эссе. Эссеист делится своими мыслями с народом. В эссе есть и проблемы, и правда, и задачи. В процессе изучения жанра эссе автор опирается на труды казахских ученых: З. Кабдолов, Р. Сыздыкова, К. Смайылов, А. Бопежанова, а также на мнения таких зарубежных авторов, как О. Уайльд, Б. Гейтс, Я. Засурский, Е. Прохоров. Автор утверждает, что жанр эссе для журналиста очень важный инструмент выражения мыслей, проблем и мнений. Автор также подчеркивает важность эссе для студентов, учеников, журналистов, магистрантов и докторантов, а также отмечает некоторые сложности в написании эссе. Данная статья также может служить основой проведения мастер-класса на тему: «Искусство написания эссе».

Ключевые слова: эссеист, журналистское эссе, радиоэссе, телевизионное эссе, блогерское эссе.

Журналистикадағы эссеге ақпаратты жеткізе білудегі даралық сипат тән. Өмірлік құбылыстардан өзіндік тұжырым жасап, белгілі бір қорытындыға келетін журналистің ой-иірімдері эссе болып өріледі. Эссеист сол ойын көпшілікпен бөліседі. Эссенің аясына өзекті мәселе де, толғақты проблемалар да, айтулы ақиқаттар да, ащы шындық пен ең ізгі ішкі тебіреністер де сыйып кетеді.

Автор

Кіріспе

Эссенің өнер туындысы екенін ескерсек, бұл жанр – жеке тұлға тарапынан баяндалатын ойтолғам. «*Адамзат – жаратылысынан жеке тірлік иесі. Өнер – жеке тұлғаның саналы ісі»* (Бөпежанова Ә., 2001).

Жазушылар, әдебиетшілер, публицистер, зерттеушілер – әрқайсысы бұл жанрға әр қырынан келеді. Сан алуан пікірдің тоғысатын тұсы эссенің философиялық тұжырымға, көкейтесті көсемсөзге, өмірлік мысалдармен өрнектелген ой еркіндігіне, автордың сана-сезімінде сарапталған терең толғанысқа құрылатындығы. Ал журналистикадағы деректі-көркем жанрлар тобына жататын эссенің ерекшелігі – тікелей ақпарат кеңістігіндегі айтулы ақиқатқа деген азаматтық көзқарастан туындайтын авторлық қолтаңбаның айқындығы. Көзі қарақты, көкірегі ояу, көңілі сергек, қоғамда болып жатқан құбылыстарға бей-жай қарай алмайтын, өмірлік мәселелер төңірегінде өзіндік тұжырым жасап, белгілі бір қорытынды шығара алатын журналистің ой иірімдері эссе болып өріледі.

Негізгі бөлім

Эссенің тарихи дерекнамасына көз жүгіртсек, эссе француз тілінен «essai», ағылшын тілінен «essay», «assay» – талпыныс, жазушылық тәжірибе деген мағынаны береді екен (Телевизионная журналистика, 2001)

«Эссе – философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің даму үдерісінде тұрақты түрде қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өз дүниетаным көкжиегімен кеңінен шолып, өз парасат-пайымының тереңінен толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек,

тың болжамдар мен түйіндеулерге негізделетін автордың айрықша шешімін дәріптейтін, тұлғалық қолтаңбасын сипаттайтын жанр» (Эпштейн 1998). Бұл шағын көлемді ой бөлісу, қандай болса да мәселені баян ету, дәлелді зияттты ізденіс. Эссе бір мәселе немесе сұрақ бойынша жеке көзқарасты білдіріп, алдын ала немесе мәселені қанағаттанарлықтай баяндалуына үміттенбейді. Әдетте, эссе бір нәрсе туралы *жаңа, субъективті рең беретін* шығармашылық *және философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сын, ғылыми-көпшілік* сипатта болуы мүмкін.

Эссе жанрының мүмкіндігі мол, ол тақырып тереңдігі мен мазмұндық негізді қатар қамтиды. Эссенің ауқымдық шеңберіне күн тәртібіндегі күйіп тұрған мәселе де, заман ағымындағы толып жатқан толғақты проблемалар да, адамзаттың мерейін өсіретін айтулы ақиқаттар да, ет жүректі елжіретететін ең ізгі ішкі тебіреністер де сыйып кете алады. «Жанр – даму үдерісіндегі ұғым. Әрбір тарихи дәуір әр жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді. Жанрлық дамудың өзі – жанды процесс. Жанрлар туады, қалыптасады, өзгереді, дамиды, т.с.с.» (Қабдолов З., 1992). Журналистикадағы эссе – журналистің адамгершілік көзқарасын танытатын, авторлық позициясын айқындайтын, кәсіби деңгейін көрсететін, қалың бұқараның санасына тікелей ықпал етіп, сол арқылы қоғамдық пікір тудыратын жанр. Ағылшын саясаткері Уинстон Черчилдің: «Барлық ақпаратты білетін адам бүкіл әлемді билейтін адам» (Уинстон Ч., 1899) деп үлкен көрегендікпен айтқанын уақыт дәлелдеп берді. XXI ғасырдың ақпарат ғасыры атанғаны баршамызға мәлім. Өйткені, жаңа ақпараттық технологияның өмірге етене енгізілуімен қатар ақпараттың маңызы айрықша арта түсті. Осы орайда компьютер индустриясының беделді маманы, 1995 жылы жарық көрген «Болашаққа барар жол» (Дорога в будущее) атты кітабында «ақпараттық кең арна» (информационная магистраль) ұғымын ғылыми айналымға енгізіп, ендігі жерде ақпараттар тасқынын өңдеп, бұқараға жедел жеткізу мәселесінің қоғамда жетекші мәнге ие болатынын атап айтқан болатын. (Гейтс Б., 1995).

Осы орайда ақпараттың жедел тасымалдануы оның экономикалық ресурс ретіндегі ролін күшейтті. Соған сәйкес ғаламтор желісі мен заманауи электронды құралдарға ие мемлекеттер қалың бұқараны қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуде басқа елдерді басып озатыны мәлім. «әйгілі американдық философ Элвин Тоффлер осы тұрғыда мемлекеттерді екі категорияға бөледі: заманауи байланыс құралдарына ие тез ойланатын «ақылды» мемлекеттер; сондай құралдарға қолы жете бермейтін баяу ойланатын мемлекеттер» (Засурский Я., 2003). Адамзат ойының жемісінен туған ақпарат тасқынын тасымалдаудағы тапқырлық пен заман ағымындағы зымыран уақытпен ұштасқан ұшқырлық туралы толғанған ағылшын жазушысы Оскар Уайльд «Болашаққа төтеп беру мүмкін емес» десе, «XXI ғасырға саяхат» кітабының авторы ғасырды алдын ала ой көзімен шолып, ғылыми көзқарас тұрғысынан саяхат жасаған Камал Смайылов: «Келешек – еңбек пен ой адамының, әділет пен шындықтың заманы. Тарихтың тегершігі солай айналып, адамзат керуені солай көшіп барады. Оны тоқтатар ешқандай күш-кедергі жоқ» (Смайылов К., 2012) деп мәлімдейді.

Эссеист заман, қоғам, уақыт турасында көпшілікпен ой бөліседі. Сондықтан да эссе алғаш автордың тарапынан қағазға түсірілгенде күнделік формасында жазылуы мүмкін. Шығармашылық процесс тұрғысында күнделік алда жазылатын туындының бастапқы нұсқасы болып табылады. Күнделік – қаламгердің жан тебіренісі, өмірден алатын ләззаты, қуанышы мен наласы, өз көзімен көріп, көкейге түйгені. Соның бәрі уақыты, орны және оқиға кейіпкерлері сияқты нақты фактілер сабақтастығына құрылатын болғандықтан дерек пен дәйектен тұратын ойтолғам болып табылады.

Нәтиже

Соңғы жылдар аумағында журналистер қауымына қандай да бір көкейтесті мәселеге орай шығарма жазуға бәйге жарияланса негізінен эссе жанры ұсынылады. Болашақ журналистердің қабілетін байқау үшін де олардан эссе жазу талап етіледі. Ол орынды да. Тек сол эссе жазушылар оның негізгі қисынын, жанрлық ерекшелігін, құрылымдық сипатын біле бермейді. Көбінесе, ойша, жалпылама, болжаммен жазады. Осы орайда, «Тәлімгерліктің басты ережесі – тәліпке зиян тигізбеу», яғни, эссе жазу тапсырмасын орындату барысында шәкірттің композициядан кульминацияға дейінгі ойтолғамын өзіндік өрнегімен қағазға түсіруіне кедергі келтірмеу, керісінше еркін шарықтап, батыл қадам жасауына мүмкіндік беру (Орақова А.Ш., Корнилова А.Т., Жартынова Ж.А., Қасымова А.А., Насырова Г.У. 2017,). «Біз мектеп үшін емес, өмір үшін оқимыз» (Judit Tolhurst The ssential Guie to Coaching and Mentoring 2010.) деген қағиданың шәкірттің де, ұстаздың да қаперінде болғаны абзал.

Эссе жазу бұл – дәлелдеудің классикалық жүйеге негізделген, сұрақ-жауап немесе тақырыпты ашу болып табылады. Ой ашық және дәл білдірілген, эсседе сөз тіркестері мен фразалар іріктелген және нақты болуы қажет. Эсседе барлық жазба жұмыстарындағыдай ішкі логика болуы тиіс. Бұл өз тілімен және стилімен жазылатын өзіндік жұмыс болғандықтан, цитатаның аз болғаны да жақсы. Сонымен қатар, эсседе мазмұны қойылған мәселе бойынша нақты баяндалуы керек. Эссе жазудың шарттарын білу үшін Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабына жүгінейік:

– «Біріншіден, сезім. Нәзік сезімталдық. Өзін қоршаған өмірден әрқашан тың құпиялар іздеп, айрықша әсер алу, көз алдындағы құбылыстарды ерекше сезіну, сезінген-түйсінген шындығына бейтарап қала алмай, тербеле тебірену керек.

– Екіншіден, бақылау. Жіті бақылағыштық. Нәзік сезіммен көреген, дәл бақылаумен ұштасып жатады.

– Үшіншіден, қиял. Творчестволық фантазия. Бақылап білген, сезінген шындықты кең өріске шығаратын қанатты творчествалық қиял – таланттың серігі.

– Төртіншіден, интуиция және бесіншіден, өмірбаян, тәжірибе молдығы.

– Алтыншыдан, парасат. Сананың саралығы. Құр соқыр сезіммен, бір ғана интуциямен ұзаққа, биікке самғау мүмкін емес. Шын талантқа шындықтың парқын білетін сарабдал сана, мол парасат керек.

– Жетіншіден, шеберлік. Талант – бәрінен бұрын еңбек, содан соң батылдық деп те тегіннен-тегін айтылмаған. Қатал тәртіп, азабы ауыр еңбек жоқ жерде жібі түзу қаламгер де болмақ емес. Өнердегі шын шеберлікке апарар жол – шыдамды еңбек, дилентанттыққа (үстіртікке) – шыдамсыз шалағайлық

– Сегізіншіден, шабыт. Адам биік мақсатқа, асыл мұратқа іс жүзіндегі шабытты еңбек арқылы ғана жетпек»

Эссенің үлгісі, нақты мысалы дегенде Зейнолла Қабдоловтың естеліктен эссеге ұласқан «Менің әуезовім» деп аталатын роман-эссесі, Камал Смайыловтың «Жолданбаған 27 хат» деп аталатын кітабы, Қабдеш Жұмаділовтің «Қалың елім, қазағым» ойтолғамдар жинағы еске түседі. Камал Смайыловтың әрбір хаты – бір-бір эссе, аталмыш жанрдың француздың философиялық-гуманистік бағытта қалам тербеген жазушысы М. Монтень. Ол өзінің адам, қоғам, өмір туралы өзекті ойтолғамдарын XVI ғасырдың орта шенінде «Эссе» деген атпен кітап етіп жариялады. Бұл әйгілі еңбек кейіннен орыс тіліне аударылып, «Опыты» деген атпен жарық көрді. Американдық жазушы О. Генри эссе жанрының шеберлеріне мынадай сипаттама береді: «Эссеистер парасатты пайым мен түйсік сезімталдығына жүгінетін жазушылар» (O. Henry,1917). Орыс әдебиетшісі В. Кантарович эссенің даму тенденциясын есепке ала отырып, бұл жанрдың өзіне тән ерекшелігін былайша түсіндіреді: «Оқырман эссеге көз жүгірткенде, білімі терең, дүниетаным деңгейінің көкжиегі кең, өресі биік, аз сөзбен көп мағынаны қамти алатын, көпшіліктің көкейіндегісін дөп басатын, өмір, қоғам, тіршілік туралы бұған дейін айтылған пікірлерге теңізге тамған тамшыдай өз тарапынан бір мысқал ой қосатын талантты тұлғамен тілдесуге алдын ала әзірленеді». (Larry King, 1995) «Кітап оқылмайды, кітап оқитын оқырмандар саусақпен санарлық» деген пікірдің өзін зерттеу жүргізіп, дәйектеу керек болар, сірә,... Өйткені, ойды жеткізіп, сөзді өткізе білген танымал эссеистердің кітабы жақсылыққа ұмтылған жандардың бойтұмарына айналғанын уақыт дәлелдеп бергендей. Бір ғана мысалды тілге тиек етсек: «Америка кітаптарының экспорты жылдан-жылға артуда. Америкада университет баспаларының орны ерекше, университет баспаларына көптеген университеттердің баспалары біріктірілген. Тіптен, бұл елде этникалық топтарға арналған баспалар да көптеп саналады» (Amerikan BookTrade Directory, 1970.)

Ойталқы

«Журналистиканың негізгі ролі, тіпті, басты міндеті – оның «таза» ақпараттық табиғатында, болған оқиғаны хабарлап, осы орайда орын алған фактілерге, яғни, деректер мен дәйектерге комментарий жасап, талдап-түсіндіріп, қоғамдық пікір қалыптастыра алатындығында» (Прохоров Е., 2004). Рабиға Сыздықова өзінің «Сөз құдіреті» атты кітабында сөздің психолингистикалық аспектілерін ғылыми тұрғыда айқындап береді. «Сөз құдіреті дегеніміз – сөздің адам санасына әсер ететін қолданыс аясындағы көркемдік қуаты, эмоциональдық-экспрессивтік күші» (Сыздықова Р., 1979). «Эссе... Неткен әдемі, неткен ғажап сөз. Керісінше оқысаң да сол қалпында естіледі. Бұл сөздің мағынасы мен дыбысталу сипаты бір-біріне пара-пар, тепетең тұтастықтың символы» деп сүйсінді «Эссе туралы эссе» атты еңбегінде Кабалев. (Кабалев В., 2013). «Эссе – қаламгердің жеке тұлға ретіндегі азаматтық-адамгершілік көзқарасын, дүниетаным көкжиегінің кеңістігін, көрген-білгенін ой елегінен өткізіп, өмірлік құбылыстармен

салыстыра саралай алатын қабілет-қарымын көрсететін шығармашылық жұмыстың бір түрі» (Карнаух Н., 2000). «Эссеизм – мифологиядан типологияға дейін қамтитын күллі өмір ағысы мен жүрек қағысын паш ететін шығармашылық санадағы серпіліс» (Эпштейн М., 1987). «Эссе – адамзат тарихында 400 жылдан астам уақыт аясында қолданылып келе жатқан өміршең жанр. Эссе жанры көркемсөзде де, көсемсөзде де жанраралық жанр ретінде танылды. Өйткені, ол – шектеуге келмейтін, керісінше, автордың айналасынан алған жарқын әсерін, көңілге түйген өмірлік байламдарын, өмірдің басқа да салаларындағы өнерге деген іңкәрлік – бәрін бір арнаға тоғыстыратын жанр» (Эпштейн М., 1988). «Эссе – болашақтың жанры» (Лямзина Т., 2013). Осылайша бұған дейін эссе жайлы жазған авторлардың эссе жанрына берген сан алуан сипаттамаларында шек жоқ.

Телевизиядағы қоғамдық пікірдің шынайы құбылысы ретінде көрерменнің көзайымына айналатын, сол арқылы заманымыздың Мұхтар әуезов сынды ұлт шежіресін ұлықтайтын заңғар ойшылдары мен Камал Смайылов сынды нақтылы дәйектер мен фактілі деректерді өміршең пікірлерімен бірге өріп жақсылықты халықтың санасына жеткізетін, жамандықты өңменінен өткізетін «білгенге – маржан, білмеске арзан» дүниелердің құпиясын ашып беретін ақиқатты айтудан аянбайтын жетелі журналистерінің өрелі ойтолғамдарын телешежіреге ұластыратын ұтымды жанр – телевизиялық эссе. Әр елдің, әр халықтың озық дәстүріне құрметпен қарап, ұлттық құндылықтардың озықтығын дәріптейтін, бұл ретте еліміздегі өз еңбегімен табысқа қол жеткізген азаматтардың өнегелі өмірбаянын насихаттайтын деректі фильмдер түсірудің қажеттілік екенін уақыт талап етуде. (Садық М., 2004). Камал Смайылов Шерхан Мұртазаға арнап жазған хатында журналистер жайлы мынадай тұжырым жасайды: «Еліміздегі тыныштық баспасөзден басталады. Журналистер айтыс-тартыс, дау-жанжал шығармастан, саяси айқасқа қосылмай, саясаттан аулақ, одан әлдеқайда жоғары, биік тұруға тиісті. Олар үшін басты саясат – шындық, әділдік, халық қамы. Ондай күш қазіргі уақытта басқарушы, бағыттаушы орындарда емес, журналистердің қолында». Амал қанша, жасыратыны жоқ, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» демекші, жалтақтамай, жасқанбай айтар ойын ақтарып салатын журналистер некен-саяқ. Эссе жанры республикалық басылымдардың өзінде сирек ұшырасады. Осы орайда Қабдеш Жұмаділов «Жетеге тиер 70 сөз» санатын тізбектей келе 56-сөзін қаламгерлерге қаратып айтқан: «Қаламгерлікке қозғау салып, түрткі болатын себептер аз емес. Солардың ішіндегі биік мақсатқа жетелейтін ең сенімдісі – шындықты айтуға құштарлық». Сондықтан да сөзіне ел құлақ асатын ақиқатын айтудан аянбайтын эссеистер елге сөзін арнаса, мерзімді басылымдардың маңызын арттырып қана қоймай көгілдір экранның да көрігіне айналар еді. Өкінішке орай, уақыт тезіне сын көзбен қарап, тарихты таразылап, бүгінгі күнді бағалап, ертеңгі күнді ой елегінен өткізіп ой айтатын кемеңгерлердің кеңесіне кезек беретін **«Көсемсөз мінбері»** іспетті эссеге құрылған бағдарламалар ұлттық тележурналистиканың жанры түгілі міндеті ретінде қарастырылып отырған жоқ. Бұл ретте, ұлттық телевизия мамандары озық идеяларды жүзеге асыруға бағытталған үздік жобалар тасқынын ұсынып, күнделікті кәсіби қызмет аясында телеөнер бәсекелестігі күн тәртібіне қойылуы тиіс.

Ал қазіргі заманауи журналистикадағы ұшқырлық ғаламтор желісіндегі жедеғабыл ақпараттың еншісінде екенін мойындаған абзал. Әлбетте, ғаламтордағы ақпараттың тиімділігі – біріншіден, ешбір инстанциядан өтпестен, ешбір тексерусіз, ешбір өзгеріссіз қолма-қол жарияланатындығы; ал екіншіден, ешқандай стандартқа бағынбастан еркін жазылатындығы. Осынау орасан зор мүмкіндік аясында блогерлік эссе пайда болды. Тіпті, қалың оқырмандар көз тігетін болғандықтан танымал сипат алып, тенденцияға айналып кетті. Бұл ретте, өз оқырмандарының арасындағы көзі ашық көкірегі ояу айтары бар авторлардың орнықты ойтолғамдарын жариялауды өзінің төл міндетіне айналдырған «Массагет» сайтының орны бөлек. Сайтта жарияланған «Астана – Тәуелсіздіктің жемісі» атты блогерлік эсседен келтірілген үзіндіге назар аударайық:

«Қалалар өзінің келбетін заман сұранысына сай өзгертіп, сан ғасырды артқа тастай отырып дамиды, құрылады. Тарих беттерін парақтасақ, Қазақстанның Отырар, Жетісу, Тараз секілді 1000, 2000 жылдық тарихы бар қалалары өркендеп, желек жайғанына көз жеткіземіз. Ежелгі Сарыарқа даласында, еркелей аққан Есіл өзенінің жағалауында Бозақ шаһарының орны табылған Ұлы Жібек жолының бойындағы тоғыз жолдың торабында орналасқан мекенге бір жарым ғасыр бұрын Ақмола атауымен қала мәртебесі берілді. Ел қонған жерде тырмысқан тіршілік басталады. Халықтың сорғалаған маңдай терінен тама-

тама тамшы көлге айналып, өнеркәсіптер өркендеп дами бастайды. Жел диірмені, тері өңдеу комбинаты, кірпіш зауыты тәрізді өндіріс орындарының кірпіші қаланып, қала тұрғындарының екі қолына бір күрек табылады. Бірте-бірте сауда-саттық саласы да қанат жайып, ел тұрмысы біраз жақсарады. Оған қалада тастан тұрғызылған үйлер көрініс бере бастағаны дәлел бола алады. Дамудың, жетілудің сол кездегі үлгісі ретінде білім беру жүйесі жолға қойылып, ауылшаруашылық училищелер, шіркеу мектептерінен қоңырау сылдыры естіліп, жұртты шаттыққа бөлей бастады. Қалаға жан-жақтан түрлі себептермен келген халық та тұрақтап қалып қойып жатты. Ашылған ауылшаруашылық училищелері нәтижесін беріп, Ақмола қаласы ірі ауылшаруашылық машиналарын жасау орталығына айналды, қаладағы тың жерлер көп күшімен игеріліп, білектің біліктілігі қарқынды дамуға алып келді. 1961 жылдан бастап қала атауы Целиноград болып өзгерді. Осы Ақмоланы астана жасау Алаш арыстарының арманына айналып қалып еді. Дәлірек айтсақ, алғаш Халел Досмұхамедов пен Мұхамеджан Тынышбайұлы осы идеяны ұсынған еді». (Асанова Ә., 2018)

Қорытынды

Эссе жазудың арнайы бекітілген ресми қағидасы жоқ. Әйтсе де, күнделікті қолданыс аясында эссе жазу дағдыларын жүзеге асыруға көмектесетін ережелер мен нұсқаулар бар. Біріншіден, эссеист жазатын тақырыбы мен талқылайтын мәселесін нақты білуі қажет. Екіншіден, эссенің қандай аудиторияға арналғанын түсіну – маңызды фактор. Үшіншіден, оқырман назарын баурап алып, қарсы жауап, яғни, реакция-сыни көзқарас тудырып, қоғамдық пікір қалыптастыру – өтетін сөздің өлшемі. «өзіңнен басқа түгім жоқ менің – сен аман болшы, ҚАЗАҚСТАНЫМ!» (Жайлыбай Ғ., 2019). Автор бүкіл бір поэмадағы айтар ойының ақиқатын осынау бір ауыз сөзге сыйғызған. Өлеңмен өрілген эссенің өзегі де – сы.

«Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы?» (Абай, 2016), – деп данышпан Абай айтқандай эссе жазу екінің бірінің қолынан келетін іс емес. Ал «Абай – қазақтың бой тұмары» (Назарбаев Н., 2015). «өз ұлтыңды, өз еліңді жүйелі айтылған ақиқатқа ұйытып, қабырғалы өзектен құралған айбарыңмен өзге мемлекеттерді мойындатудың негізгі тетігі – ІРГЕЛІ СӨЗ» (Ошанова О., 2012). «Эссе – қамтитын қырларының шексіздігіне, қазатын тереңдігінің түпсіздігіне қарамастан бұлттан шыққан ашы күндей қоғамдағы қаны сорғалаған қатыгез құбылыстар мен шыныдай мөлдір, судай тұнық ізгіліктерді ізін суытпай жеріне жеткізіп кесіп айтатын, өңменінен өткізіп, түбегейлі шешіп айтатын айна қатесіз ақиқат ақпараттан тұратын шығармашылық қолтаңба» (әбдіжәділқызы Ж., 2018). «Қолтаңба, яғни, жазу стилі – автордың имиджі» (Brown L.,1996). Эссенің телевизиялық нұсқасы – адамзат өмірінің ажырамас бір бөлшегіне айналып кеткен көгілдір экрандағы шындықты шынайылықпен бөлісудің эстетикалық пішіні.

Әдебиеттер

Абай. – Алматы: «Жазушы», 2016, 41-б.

Асанова Ә. «Астана – Тәуелсіздіктің жемісі» (эссе), 13 ақпан 2018, https://massaget.kz/okushyilarga/shyigarma/50902/

Әбдіжәділқызы Ж. Тележурналистика. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. 114-б.

Бөпежанова Ә. Дүние – имани құбылыс: эсселер, сын мақалалар, ой-толғамдар, сұхбаттар». – Алматы: «өлке», 2001, 21-б.

Жайлыбай Ғ. Сұлубайдың әні. – Алматы: «Ер Жәнібек» Халықаралық қоғамдық қоры, 2019, 7-б.

Засурский Я. Журналистика: от Гутенберга до Билла Гейтса//Отечественные записки. Журналь литературный, политический и ученый 1818-1846 2001-2018 URL: http: //www. strana-oz.ru\2003\4\zurnalitika-ot gutenbera-o billa-geytsa\\

Карнаух, Н.Л. Русская словесность / Н.Л. Карнаух. – №5. – 2000.

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. 19-б.

Ковалев В.И Эссе об эссе [электронный ресурс] // www.hegel.ru/esse.html. – (Дата обращения: 13.04.2013).

Лямзина Т.Ю. Жанр эссе (К проблеме формирования теории) [электронный ресурс] // http://psujourn.narod.ru/lib/liamzina_essay.htm. – 13.04.2013.

Назарбаев Н. Книга раздумий. – Жидебай: «АБАЙ» Халықаралық клубы, 2015. – С. 117.

Ошанова О. Сөйлеу мәдениетінің негіздері. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012, 161-б.

Прохоров Е. «Журналистика и демократия». – М.: Издательство: Аспект Пресс, 2004.

Садық М. Деректі фильмнен үлкен киноға дейін. – Астана, 2004. 28-б.

Смайылов К. Өнегелі өмір. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012, 48-б.

Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: «Қазақ университеті»,1979, 7-б.
Телевизионная журналистика. – М.: «Аспект Пресс», 2001. – С14.
ОраҚова А.Ш, Корнилова А.Т, Жартынова Ж.А, Қасымова А.А, Насырова Г.У. Мұғалім-тәлімгердің жұмыс кітабы (әдіс-темелік құрал). – Алматы, 2017, 4-б.
Addison, J., Essay. England in a pamphlet / J. Addison, R. Steele // English journalistic prose of the beginning of the eighteenth century. – M .: Science, 1987. – 527 c. 235.
Addison, J., Spectator / J. Addison, R. Steele // From the history of English aesthetic thought of the XVIII century. M .: Science, 1982. 235 p.
Amerikan BookTrade Directory 1969 -1970, New-Work,R.Bower,1970.
Bill Gates. The Road to the Future. – Viking Press; 1st edition, 1995. – 32 p.
Winston Churchill. The River War. – United Kingdom: Longmans, Green and Co, 1899. – 134 p.
Brown L. Image – the path to success / Lilian Brown; [trans. from English L. Tsaruk]. – St. Petersburg: Peter Press, 1996. – 283, [1] p. – (A psychologist himself).
Epstein M.N. Paradoxes of novelty: the literary development of the XIX-XX centuries. – M.: Soviet writer, 1988. – 296 p.
Epstein M.N. Essay about essay / M.N. Epstein. – M., 1998. – p. 225-240
Epstein M.N. The laws of the free genre // MN. Epstein. Questions of literature. – M., 1987. – p. 120-150.
Judit Tolhurst The E ssential Guie to Coaching and Mentoring Pearson Edicational Limited 2010. P.18.
Larry King.How to Talk to Anyone, Anytime, Anywhere: The Secrets of Good Communication.– Paperback: Three Rivers Press; Reprint edition, 1995. – 58 p.
Michel de Montaigne. Essays.– Kingdom of France: Simon Millanges, Jean Richer, 1580.-114 page
O. Henry.The Whirligigs.– Doubleday, Page & Co / Review of Reviews; Authorized Edition edition,1917 – 271 p.

References

Abay. -Almaty: “Zhazushy”, 2016, 41 – p.
Asanova A. “Astana – the fruit of independence” (essay), February 13, 2018, https://massaget.kz/okushyilarga/shyigarma/50902/
Abdijadilkyzy J. Television journalism. Almaty: “Kazakh University”, 2018; 114-p.
Bopezhanova A. World – as a religious manifestation: essays, critical articles, thoughts, interviews. ”– Almaty:“ Olke ”, 2001, 21 – p.
Zhaylybay G. Pesnya of Sulubay, Almaty: “Yer Zhunibek” International Public Foundation, 2019, 7-p.
Zasursky J. Journalism: from Gutenberg to Bill Gates // Domestic Notes. Journal literary, political and scholar 1818-1846 2001-2018 URL: http: // www. strana-oz.ru \ 2003 \ 4 \ zurnalitika-ot gutenbera-o billa-geytsa \\
Karnaukh, N.L. Russian literature / N.L. Karnaukh. – №5. – 2000.
Kabdolov Z. Art of the word. Almaty: “Kazakh University”, 1992 19-p.
Kovalev V.I. Essay on the essay [electronic resource] // www.hegel.ru/esse.html. – (Date of appeal: 04/13/2013)
Lyamzina T.Yu. Genre essay (To the problem of the theory formation) [electronic resource] //http://psujourn.narod.ru/lib/liamzina_essay.htm. – 04/13/2013.
Nazarbayev N. The Book of Thoughts, Zhidebai: Abay International Club, 2015, p.117.
Oshanova O. Basics of Speaking Culture, – Almaty: “Kazakh University”, 2012, 161-p.)
Prokhorov E. “Journalism and Democracy”. Publisher: Aspect Press Publication Year: 2004
Sadik M. From the documentary to the big cinema. Astana, 2004 28-p.
Smayilov K. Onegeli omir. – Almaty: “Kazakh University” 2012, -48 p.
Syzdykova R. Greatness of the word. – Almaty: “Kazakh University” 1979, 7-p.
Television journalism. – M: Aspect Press, 2001, C14.
Orakova A.Sh., Kornilov A.T., Zhartynova Z.A., Kasymova A.A., Nasyrova G.U. Teacher– Mentor’s Workbook (Methodical Book), Almaty, 2017, 4-p.
Addison, J., Essay. England in a pamphlet / J. Addison, R. Steele // English journalistic prose of the beginning of the eighteenth century. – M .: Science, 1987. – 527 c. 235.
Addison, J., Spectator / J. Addison, R. Steele // From the history of English aesthetic thought of the XVIII century. M .: Science, 1982. 235 p.
Amerikan BookTrade Directory 1969 -1970, New-Work,R.Bower,1970.
Bill Gates. The Road to the Future. – Viking Press; 1st edition, 1995. – 32 p.
Winston Churchill. The River War. – United Kingdom: Longmans, Green and Co, 1899. – 134 p.
Brown L. Image – the path to success / Lilian Brown; [trans. from English L. Tsaruk]. – St. Petersburg: Peter Press, 1996. – 283, [1] p. – (A psychologist himself).
Epstein M.N. Paradoxes of novelty: the literary development of the XIX-XX centuries. -M.: Soviet writer, 1988. – 296 p.
Epstein M.N. Essay about essay / M.N. Epstein. – M., 1998. – p. 225-240
Epstein M.N. The laws of the free genre // MN. Epstein. Questions of literature. – M., 1987. – p. 120-150.
Judit Tolhurst The E ssential Guie to Coaching and Mentoring Pearson Edicational Limited 2010. P.18.
Larry King.How to Talk to Anyone, Anytime, Anywhere: The Secrets of Good Communication.– Paperback: Three Rivers Press; Reprint edition, 1995. – 58 p.
Michel de Montaigne. Essays.– Kingdom of France: Simon Millanges, Jean Richer, 1580.-114 page
O. Henry.The Whirligigs.– Doubleday, Page & Co / Review of Reviews; Authorized Edition edition,1917 – 271 p.

ҒТАМР 18.31.09

Батырханова Ж.[1], Ақылбекова Ж.[2], Сырлыбаев Қ.[2]

[1]аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: zhazira.batyrkhanova79@gmail.com
[2]1 курс магистранттары, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: krik1981@mail.ru

ГРАФИКАЛЫҚ ӨНЕР ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ САТЫЛАРЫ

Бұл мақалада графикалық өнер мен оның түрлері, адамзаттың алғашқы қауымдастығы уақытынан басталған тарихы, Қазақстан территориясындағы графикалық бейнелеу өнеріне қатысты теориялық тұжырымдарға талдап, сараптау жүргізілді. Тарихқа шолу жасау арқылы графиканың қай ғасырдан бастау алып, дамығандығына зерттеу жүргізіп, түрлі техникалармен танысып, саралау мақсат етілген. Демек, графика өнері каллиграфиямен, жазбамен тығыз байланысты. Он тоғызыншы ғасырға дейін графика мен сурет түсініктері қатаң ажыратылып қаралды. Графика деп тек баспа техникасымен салынатындарды атаса, суретке – қолмен салынатын жұмыстарды: нобайды, нұсқа, тағы да басқалары жатқызады.

Мақалада ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі қолданбалы графика даму заңдары қарастырылады. Адам өміріндегі сызбалар, эскиздер мен суреттердің мағынасы, адамзаттың дамуындағы рөлі қарастырылады. Тарихи дәуірден бүгінгі күнге дейінгі графиктерді дамыту талданады. Әдетте, графикалық сурет қағазға салынады және оны жасау үшін суретші қарапайым құралдарды пайдалана алады – қарындаш немесе қалам. Басқа жағдайларда, ол өз шығармаларын жасау үшін кешенді құралдарды пайдаланады: баспа станогы, литографиялық тастар, линолеум немесе ағаш және тағы басқалар. Графиканың көп ғасырлық тарихы бар. Батыс Еуропаның Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рембрандт, орыс халқының Орест Кипренский, Карл Брюллов, Василий Перов, Илья Репин сынды суретшілері өздерінің графикалық туындылары арқылы әлемдік бейнелеу өнері қорын байытты. Қазақстандағы графикалық суреттердің ежелгі (палеолит дәуірі) үлгілеріне Балқаш, Түркістан, Маңғыстау, т.б. жерлерде жартастарға салынған суреттер жатады. Қазіргі заманғы қазақ бейнелеу өнеріндегі графика 1930-50 жылдары аралығында қалыптасты.

Түйін сөздер: жартастардағы графика, графикалық қабылдау, петроглифтер, графикалық жұмыстар, графика.

Batyrkhanova Zh.[1], Akylbekova Zh.[2], Syrlybayes K.[2]

[1]senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhazira.batyrkhanova79@gmail.com
[2]Master's degree, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: krik1981@mail.ru

The History of Graphic Art and the Stages of its Development

This article analyzes the theoretical concepts of graphic art and its types, the history of early human unification, graphic art on the territory of Kazakhstan. Throughout the history of the survey, it is aimed at studying the appearance of graphics, studying and familiarizing with its various methods. Therefore, artistic graphics are closely related to calligraphy and writing. By the nineteenth century, the concepts of graphic and pattern were strictly differentiated. Graphics can be drawings of typographical origin, and drawing – images of handwork: sketches, options and much more.

The article deals with the laws of development of applied graphics from ancient prehistoric times to the present day. You can see the meaning of drawings, sketches and drawings in a person's life, the role they played in the development of humanity. The development of graphics from prehistoric times to the present is analyzed. Drawing is the basis of all types of graphics and visual arts, in general. Typically, a graphic image is performed on a sheet of paper, and to create it the artist can use rather simple means – a pencil or a ballpoint pen. In other cases, he uses complex tools for creating his works: a print-

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

ing press, lithographic stones, lashes for linoleum or wood, and much more. Graphics has a long history. Artists from Western Europe, such as Leonardo da Vinci, Michelangelo, Rembrandt, Orest Kiprensky, Karl Bryulekov, Vasily Perov, Ilya Repin, enrich the world of fine art with their graphic works. Graphic illustrations of the ancient (Paleolithic) era in Kazakhstan include Balkhash, Turkestan, Mangistau, and others. There are also rock paintings on the ground. Modern Kazakh graphic art was formed between 1930 and 50 years.

Key words: rock graphics, graphic perception, petroglyphs, graphic works, graphics.

Батырханова Ж.[1], Ақылбекова Ж.[2], Сырлыбаев Қ.[2]

[1]старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан. г. Алматы, e-mail: zhazira.batyrkhanova79@gmail.com,

[2]магистрант 1-го курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан. г. Алматы, e-mail:krik1981@mail.ru

История графического искусства и этапы его развития

В статье анализируются теоретические концепции графического искусства и его виды, история ранних форм графики на территории Казахстана. На протяжении всей истории развития человечества художественная графика была тесно связана с каллиграфией и письмом. К девятнадцатому веку концепции графики и рисунка были строго дифференцированы. Графикой можно считать рисунки типографического происхождения, а рисунком – изображения ручной работы: эскизы, варианты и многое другое. В статье рассматриваются закономерности развития прикладной графики от древних доисторических времен до наших дней. Просматривается значение рисунков, эскизов и чертежей в жизни человека, роль, которую они играли в становлении человечества.

По мнению авторов, рисунок является основой всех видов графики и изобразительного искусства, в целом. Обычно графическое изображение выполняется на листе бумаги, и для его создания художнику бывает достаточно простых средств – карандаша или шариковой ручки. В иных случаях он использует для создания своих произведений сложные приспособления: печатный станок, литографские камни, штихели для линолеума или дерева и многое другое. Графика имеет долгую историю. Художники из Западной Европы, такие как Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рембрандт, Орест Кипренский, Карл Брюлеков, Василий Перов, Илья Репин, обогащают мир изобразительного искусства своими графическими работами.

Графические иллюстрации древней (палеолитической) эпохи в Казахстане включают Балхаш, Туркестан, Мангистау и другие. Есть также наскальные рисунки на земле. Современное казахское графическое искусство формировалось между 30 и 50 годами XIX столетия.

Ключевые слова: наскальная графика, графическое восприятие, петроглифы, графические работы, графика.

Кіріспе

Графикалық дизайн қазіргі әлемнің маңызды бөлігі болып табылады, онсыз өмірді елестету қиын. Онсыз бізде кей нәрселер бізде ешқашан болмас та еді: дегенмен де, тас құралдардан цифрлы планшеттерге дейінгі аралық ұзақ жол болды. Қысқаша айтқанда, графикалық дизайн тарихы – бүкіл адам өмірін қамтитын және қазіргі заманғы графикалық дизайнерлерді жаңаша шабыттандыруға және хабар беруге қабілетті.

Біріншіден, бұл саланың қайда, неге және қалай пайда болғанын біліп, дизайнерлер тарихтағы орны туралы түсінуге көмектеседі. Практикалық тұрғыдан алғанда, стилистикалық үрдістер циклдік болып табылады және өткенді зерделеу қазіргі уақытта кейбір инновациялық идеяларды шабыттандырады. Сондықтан біз бүгінгі таңда білетін салада индустриализациялық тарих дизайнының түп тамырын зерттеу үшін бізге қосылыңыз. Егер сіз бақытты болсаңыз, онда жолды өзіңіз қалдыра аласыз.

Графика – бүгінгі күнге дейін барлық графикалық өнердің көне нысаны. Алғашқы графикалық жұмыстар адамзат қоғамының дамуының ең ерте кезеңдерінде ежелгі адам үңгірлер мен үңгірлер қабырғаларына, сүйек тақталарында сурет салған кезде пайда болды. Тек қана оқиғалар мен қоршаған әлемді ғана емес, сонымен қатар, адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қызмет еткен алғашқы суреттерін салған кезде, алғашқы адам графика өнерінің негізін қалады. Осылайша, суреттердің көмегімен адамдар сол күндерде өз ойларын білдірді.

Алғашқы өнер байырғы коммуналдық жүйе кезеңінде пайда болды және шамамен 60 мың жыл бұрын деп есептеледі. Тарихи тұрғыдан алғанда, өнер Антарктиканы қоспағанда, барлық құрлықтарды қамтиды және адамзат қалыптасуының барлық кезеңдеріне тиесілі,

қоғамның дамуымен бірге жүретін фактор болып табылады. Жартастар мен үңгірлерде салынған графикалар адамдардың айналасындағы әлем туралы идеяларын көрсетіп, олардың дағдылары мен білімін жеткізу құралына айналды, яғни олардың әлеуметтік және еңбек қызметінде маңызды рөл атқарды.

Мұндай графикалық туындылар туралы алғашқы деректері XIX ғасырдың ортасына тура келеді және Солтүстік Еуропа, Солтүстік Африка және Сахара жерлерін олардың отанын деп атауға болады. Мұндай тарихи көне туындылар туралы алғашқы хабарларды саяхатшылар мен әскери адамдар ашқан. Мәселен, 1850 жылы Фесцан қаласында Г.Барте бұл аймақта бұрыннан мекен етпейтін көптеген ірі жануарлардың суреттері бейнеленген жартастарды байқаған. Кескіннің ерекшелігі – оның 5 метрге дейін созылғандығы әрі жануарлардың шынайы бейнелеріне ұқсас болуы. Сондай-ақ, кішірек өлшемдегі суреттер де табылды. Бұл ескерткіштердің жасын анықтау қиын, өйткені ол мыңдаған жылдармен есептеледі. Петроглифтер ежелгі өнердің шыңы саналады. Олар үлкен шеберлікпен жасалынған және дәстүрлі бейнелеудің айқын стилін жеткізеді.

Жартастық өнер ерте уақыттан бері үнемі адамның серіктесі болды. Мұндай суреттерде көне адамдар барлық маңызды өмірлік оқиғаларды, өмірді, аңдарды, жануарларды, ежелгі рәсімдерді бейнелеген. Бастапқыда бұл суреттер сиқыр ерекшеліктерінің біріне жатқызылды, өйткені, суреттер, құпиялылықтарын арттыра түсетін үңгірлердің қараңғы бұрыштарында қашалған.

Қабырғалық фигураларды бейнеленген кезде алғашқы адамдар қандай мақсатқа ұмтылған? Мақсат бірнешеу болуы мүмкін: тәжірибе беруден, үй шаруашылығының маңыздылағынан бастап, өздерінің ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру, құндылықтары мен тәжірибелерін материалдандыруға дейін барады. Осылайша, біз жартас суреттерінің маңыздылығы туралы және осы жұмыстардың эволюция алдындағы адамның өміріне үлкен әсер етуі туралы қорытынды жасай аламыз.

Мыңдаған жылдар өтті, ғылым мен техниканың көптеген жетістіктері артып, сызбаларға, эскиздер мен суреттерге деген көзқарас өзгерді. Графика тарихында өз дәуірінен бұрын болған адамдар көптеп болғанымен, біз Леонардо да Винчиді атамай қоя алмаймыз – итальяндық суретші және ғалым. Оның шеберлігіне және ғалым ретінде жасаған жұмыстарына баға жетпейді. Оның күнделіктеріндегі 6000-ға жуық бетте салынған сызулпр мен суреттердің өзі – өнер туындысы. Өзінің замандастарының жүздеген жылдар бойы, оның барлық сызбалары мен модельдері қолданыста. Ең танымал өнертабыстарының арасында велосипедтерде қолданылатын тізбекті механизмдер, вагондарда, түрлі машиналарда, жауынгерлік машиналарда, музыкалық аспаптарда, кептіргіштерде, парашют, ұшатын машиналарда, машиналарда, жарнама шоуларында және тағы басқаларда пайдаланылатын белдік дискілері туралы зерттеу жұмысы бар. Ғалымның графикалық жұмыстары адам қызметінің көптеген бағыттарын қамтиды. Ұлы шебердің заманынан бері графикалық қабылдау қалай дамып келеді? Соңғы 500 жылдағы оның барлық өнер туындылары іс жүзіне асырылып, бүгінгі күнге дейін ғалымдар данышпанның қолжазбаларын мұқият зерттеді.

Негізгі бөлім

Графика, ең алдымен, виртуоздық және көпфункционалды бейнелеу өнерінің түрі болып табылады. Оның даму тарихы петроглифтердің байырғы пішіндерінен шығыс каллиграфияның ең жақсы шеберлігіне дейінгі көркем ойлауды ғана емес, сондай-ақ туынды авторы және көрерменнің талғампаз және күрделі ойлау мен қабылдау өнімі үшін қажеттілігінің арта түсетінін көрсетеді. Әдетте өнерде шектеулер де болады, шектеу кейде шығармашылық мүмкіндіктің кеңеюінде оң әсерін тигізеді, ол туынды жасаушыны күтпеген, зерттелмеген, әлдеқайда нақты және әлемді танудың аса күрделі құралдарын іздеуге мәжбүр етеді.

Осылайша, графикалық сызбалар қайта туу кезеңінде өз құнын жоғарылатты және әлемнің ғылыми біліміне ұмтылу үшін Ренессанс титандарының күш-жігері арқасында соңында жеке өнер түріне айналды. Сурет – графика және бейнелеу өнерінің барлық түрлерінің негізі. Әдетте, графикалық сурет қағазға салынады және оны жасау үшін суретші қарапайым құралдарды пайдалана алады – қарындаш немесе қалам. (Бернал Дж.,1956) Басқа жағдайларда, ол өз шығармаларын жасау үшін кешенді құралдарды пайдаланады: баспа станогы, литографиялық тастар, линолеум немесе ағаш және тағы басқалар.

Бастапқыда «графика» термині тек жазу және каллиграфияға қатысты, кітап баспасының дамуына тікелей байланысты қолданылған. Шрифтерден бас тартып, графика бірте-бірте кітаптарды жобалау, оның ішінде иллюстрацияларға қатысты көлемді бағытта айналды. Графиканың бұл бөліміне көптеген атақты есімдердің қатысы бар: Альбрехт Дюрер мен Пол

Густав Доре, Иван Билибин және француздық сюрреализм музасы Леонора Фини. XIX және XX ғасырларда кітап графикасы Ресейде кең тарай бастады. Оның көркемдік қана емес, эстетикалық тұжырымдамасы да өзгереді.

Графиканың тәуелсіз бағыттарының бірі ретінде плакат ерекшеленеді. Ол, әдетте, уақыт ағымындағы оқиғалар, соның ішінде конкурстар, концерттер мен көрмелерге қатысты шығаралады. Постерлердің негізгі түрлері арасында саяси, спорттық, экологиялық, жарнамалық, сатиралық, білім беру, театрлық және басқа да ойын-сауықтық түрлері бар. Бұл XIX ғасырда қалыптасқан салыстырмалы түрде коммерциялық және театрлық жарнама негізінде туындаған графиканың жаңа саласы, (J. Shere және A.Touluz-Lautrec плакаттары) және саяси агитацияның мақсаттарында да пайдаланыла бастады (В.В.Маяковский, Д.С. Моор, А.С. Дейнека КСРО-да және П. Трепковский – Польшада).

Эффективтілік, әртүрлілік және мәнерлілік графиканы бейнелі, демократиялы және бейнелеу өнерінің ең танымал түрі ретінде көрсетеді. Франциско де Гойя өз жұмыстарында және саяси карикатура шебері Оноре Домье өзінің литографиялық жұмыстарында графиканы идеалогиялық қару ретінде бекерден қолданған жоқ. Кеңестік плакаттар ішінде де шынайы үздік туындылар аз емес. Мысалы, Кеңестік Ресейде дәл осы жанрдың негізін қалаушысы Дмитрий Моордың жұмыстары (Миронова, 2015).

Кеңестік Ресейде графикалық жұмыстар цензурадан шығудың тәсілі болды, өйткені көптеген жағдайларда олар суретшіге тапсырыстағы бояу кенептерімен жұмыс істеуге дайындық материалы ретінде қызмет етті. Суретшілер өздерінің көптеген радикалды және еркін идеяларын дәптер мен альбом парақшаларында қарындашпен, сиямен салып, кейде ол ойлар сол күйі қалып қоятын. Ал қазір толыққанды өнер туындылары болғандықтан, бұл графикалық эскиздер орыс өнеріндегі кеңестік дәуірдің күрделі тарихи процестердің куәгері ғана емес, сонымен қатар, қандай да бір суретшінің бейресми жұмысы туралы өзіндік әңгімелері. Бұл Евсей Решин, Инна Мединкова, Наталья Орлова, Евгений Расторгуев, Тамара Гусева және сол уақыттағы басқа суретшілер шығармаларынан тамаша көрініс табады.

Адам өмірінің барлық салаларын қамтитын заманауи графика күрделі компьютерлік графика түрінде жаңа салаларды және өндірістік графиканың қарқынды дамуына әсер етті. Қазіргі заманғы өндірістік графика жұмыстарында әртүрлі салынған (негізінен символдық) және фотографиялық кескіндер, түс және басып шығару шешімдері, шрифт, ою-өрнектер де маңызды рөл атқарады. Графикалық өнердің бұл түрі көне заманнан бері белгілі брендтер мен сауда белгілерінен пайда болды. Тауарақша қатынастарын дамыту процесінде өндіріс пен нарыққа бағынатын көркемдік қызметтің ерекше саласы ретінде қалыптасып, XIX ғасырдың аяғында пайда болды, жарнамалық және қаптама дизайнына маманданған кәсіби суретшілер топтары қалыптасты.

XXI ғасырдың тұтыну атмосферасы оптикалық иллюзияны құруға бағытталған, қиялдың, сиқырлы және графикалық өнер саласының қарқынды дамуына кедергі болмайды. Әлем шындықтың бұлыңғыр бейнесіне жақындады, ал суретші кеңістіктің шекарасынан тыс көпөлшемділікке талпынуда.

Көріп отырғанымыздай, ғылым мен графиканың дамуы тығыз байланысты және кез-келген өнертабыста оның сызбалары мен эскиздері кіреді. Бірақ ғылым орнында тұрмайды, алға қарай жылжиды, әлдеқайда шынайы емес ойларды жүзеге асырады. Өткен ғасырдың ғылыми жаңалықтарынсыз біз өмірімізді елестете алмаймыз, ең заманауи роботтармен енді ешкімді таң қалдыра алмаймыз. Бірақ кез-келген дамудың қажетті бөлігі болып табылатын техникалық сызбалар, эскиздерсіз заманауи технологиялардың дамуы мүмкін емес.

Жүздеген, миллиондаған жылдарда графика осындай қозғалысқа жетті. Оның адам өміріндегі рөлі еш төмендетілмеген, қарапайым адамның жұмысының барлық бағыттарын қамтиды. Графикалық жұмыстардың күрделілігі өзгерді, олар бұрынғыға қарағанда кең таралған және қолжетімді болып табылады. Ол адам жұмысын жеңілдетеді және кез келген механизмнің жұмысын түсіндіреді.

Адам өміріндегі графиканың рөлін бағалау қиын. Өйткені, жастайынан бастап, балалар сурет салуды жақсы көреді, олар қоршаған әлемді, өз көңіл-күйін және басқа адамдарды өз көзқарастарымен, графикалық түрде жеткізеді. Суреттер мен графикалар жеке тұлғаның дамуына көмектеседі.

Сурет өнердің барлық түрлерінің және графикалық тілдің негізі болып табылады. Айналамыздағы кеңістіктік объектілерін түсіну және дұрыс бейнелеу үшін ой формаларының қалыптасу заңдылықтарын, перспективаларын, әрі, проекцияны білу қажет. Біздің ойымыздың,

біздің қабылдауымыздың және өмірлік белсенділіктің кез-келген өсуі, күнделікті жұмыс сызбаларында көрініс табады.

XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басындағы Еуразия құрлығының аумағындағы әлеуметтік-мәдени жарылыс әлеуметтік даму дағдарысның белгізі еді. Сонымен бірге ол идеология мен дүниетанымның дамуына айтарлықтай әсер етті. Бұл құбылыстың оң нәтижесі – мәдениеттің пайда болуының мәні мен сана мәні ретінде түсіну. «Орталық Азия имиджі Шығыс пен Батыс арасындағы диалогының, қалыптасқан құндылықтарды қайта бағалаудың бірегей көзі ретінде ашылды, оған деген сұраныс көптеген ғасырлар бойы болмады» (Алексеев, 1990). Орталық Азия өркениетінің тарихы ЮНЕСКО жобасында (1987 жылғы 20 С/4/1.2/1 қарары) көрсетілген. Көптомдық басылымды дайындауға 20 елден 200-ден астам ғалым, соның ішінде Қазақстаннан – К.Байпақов, Б.Құмеков, Н.Масанов, К.Нұрпейіс және А.Әуезхан қатысты. Орта Азияның өркениеттер тарихының жеті томы кең көлемді геосаяси кеңістікті: бұрынғы кеңестік республикалардың (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан), оңтүстік-шығыс Ресейдің, Иранның, Ауғанстанның, Пәкістанның, шығыс бөлігінің, батыс Қытайдың және Моңғолияның шығыс бөлігін сипаттайды (Миронова, 2015).

«Шығыс-Батыс» диалогы контексінде біздің зерттеуге Орталық Азияның рөлі, Орталық Қазақстандағы көшпелі өркениет, мәдениет пен өнердегі әлемдік байланыстарды тереңдету үшін маңызды. Зерттеушілер көшпелі өмір салты ойлаудың нақты динамикасын тудырғандығын айтады. Егер «батыс» ойлау жүйесінде адам өзін әлемнің үстінде деп санаса, ал «шығысында» ол өзін әлемге бағындырады, онда «көшпелілер өркениеті», «көшпелі ойлау» адамға табиғатпен теңестіреді, дүниеге көзқарастың экологиялылығын көрсетеді (Алексеев, 1990).

Автор ежелгі көшпенді сананың кеңістіктік және символикалық ойлауын атап өткен. Көшпелі өмір салтында жазбаша ауызша дерек көздері болмаған, керісінше, символдар, ою-өрнектер және графикалық белгілер ақпараттық маңызға ие болды әрі графикалық өнер мен каллиграфияның дамуына үлкен ықпал етті. Әлемдік мәдениет пен Орталық Азия аймағындағы графикалық өнердің пайда болуы мен дамуында өздерінің тарихи тамырлары, ортақ факторлары мен айырмашылықтары бар.

Қазақстанның шекарасы, Ұлы Жібек жолында Батыс пен Шығысты байланыстыруы графикалық өнердің және көркем мәдениеттің дамуына жол ашты. Бұл әсіресе типографиялық және декоративті өнерге қатысты. Қазақстандағы графикалық өнердің шығу тегі мен оның стилистикалық сәйкестігін зерттеу жаңа ақпараттық технологияларды қолдану контексінде көркемдік дизайн бойынша шығармашылық әдістерді түсіну мен дамытудың маңызды факторы болып табылады. Қазақстан, осылайша, өзіндік даму жолын салды (Асылханов, 2002). Қазақстанның көркемдік мәдениеті мен графикалық өнерінің негізгі ерекшеліктері Ұлы Дала көшпенділер өркениетінің өзара транзит елдер мәдениетін байыту, көркем құндылықтарды мәдениетаралық интеграциялау диалогында және эстетикалық әлеует негізінде қалыптасты. «Қазақстанның синтетикалық мәдениеті Батыс Еуропаның, Шығыс Азия аймақтарының қарама-қайшы мәдени ағымдарының арқасында пайда болған мәдени кеңістік деп санайды» (Буряков, 1994).

Ортаазиялық мәдениет зерттеушілерінің айтуынша, ерте орта ғасырларда осы өңірдегі өнер Бактриан-Согдиандық мәдени қабатқа негізделген ежелгі мұра саналады, және де ол жергілікті ежелгі дәстүр негізінде құрылды. Ғалымдар графикалық өнер, визуалды мәдениеттің континентаралық сауда-саттықтың негізгі бағыттары мен дипломатиялық бағыттармен өзара байланысын, сонымен бірге мигранттардың, ғалымдар мен ойшылдардың көшуін де атап өтті. Орталық Азиядағы қалалар мен ауылдардың жазбаша көздері мен материалдық мәдениетінде олардың қызметі туралы үзінді ақпарат сақталған. Әрине, іргелі рөлді VIII-VII ғасырларда Қазақстан, Жетісу мен Сібірдің көшпелі дала аймақтарында жұмыс жасаған Ұлы Жібек жолы ойнады. (Ивиницкий, 1994).

Осылайша, Шығыс пен Батыстың арасындағы түрлі қарым-қатынас формалары бар екені анықталды. Ғасырлар бойы сауда-саттық қана емес, сонымен қатар, мәдениет пен өнер диалогының да бастауы Жібек жолы болды. Орталық, Батыс Азия халықтарын Батыспен және Шығыс Еуропа елдерімен байланыстырды. Ғалымдар, діни қызметкерлер, ақындар, ойшылдар керуенмен бәрге саяхаттаған. XX ғасырдың басына дейін жұмыс істеген Жібек жолы мәдениет, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптармен алмасуда үлкен ықпал етті. М.Әуезов Ұлы Жібек жолының өркениеттік маңыздылығын еуразиялық мәдениетті дамытудағы рөлі ретінде атап өтті. Ол Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің дамуына айрықша мәнін түсіндіруге тырысқан: «Ұлы Жібек Жолының басты қағидасы, өз принциптері бар: төзімділік,

басқаны көре білу, рухани сөздің байлығы. Мұның барлығы шынайы адамның өзіндік байытуы, өзара әсер етуі себебінен болды» (Әуезова, 2001).

Ұлы Жібек жолы Месопотамия мен Бабыл, Ежелгі Египет, Ежелгі Греция мен Рим, Араб Шығыстары, Батыс Азия, Қытай және Үндістан туралы білім беру арнасына айналды. Ежелгі грек және рим ғалымдарының көптеген шығармалары жоғалып кеткен кезде, араб тіліндегі аудармалары оларды сақтауға және білімді таратуға көмектесті. Осылайша, араб дереккөздері Орталық Азия мен Қазақстанның аумағында, Еуразия аймағында және Батыста математика және әдебиет, графикалық өнер және көркем мәдениетті дамытуға өз үлесін қосты. Бұған әйгілі итальяндық математик Леонардо Пизанскийдің (1170-1228) мәлімдемесі дәлел.

Араб тілін геометрия және математика пәндері бойынша оқып үйреніп, ол араб тіліндегі даналықтың «латын тектестер» үшін де маңыздылығын атап өтті (Бородин, 1979). Азия Еуропа сияқты орта ғасырларда мұндай мәдениеттің құлдырауына ұшырамады. Шығыс Ренессанс «жарқын мәдени жалын» болды. Дегенмен, белгілі бір діни фактолардың болуынан, гуманитарлық білім басымдыққа ие болды: математика, медицина, поэзия, архитектура, декоративті қағаз, шрифтік графика және каллиграфия. Ю. Ловоровтың айтуынша, «иероглифтік жазу, эмоциялар мен сезімдерден гөрі, әлемнің бейнелеу және дискретті қабылдауына және ақпараттың қарапайым аударылуына ықпал етеді». Сонымен қатар, ол «Азиялықтар – көзқарас халқы» деп, каллиграфияны «рух геометриясы» деген құмарлық деп қорытындылайды (Говоров, 2014).

Каллиграфия мен оюдың ерекшелігі Қазақстанның сәулет құрылымдары мен қолжазбаларында көрініс тапты. Олардың көпшілігіне эпиграфиялық бейнелер тән, кейбіреулері ағаш және тас бағаналарды (мысалы, Сайрам бағаналары), белдіктердің ішкі және сыртқы жағындағы ою-өрнектерді іс жүзінде ығыстырып жіберді. Г.П. Матвиевская Ташкент, Самарқанд, Орынбор және Қазан қалаларындағы мұражайлар мен мұрағаттардың ортағасырлық қолжазбаларын талдай келе, графикалық өнердің жоғары деңгейімен орындалғандығы туралы ойын білдірген (Матвиевская, 1972). Қазақ халқының түпнұсқалық ауыз әдебиеті, суырып салма ақындары, аңыздары мен ертегілері сәндік туындыларының романдары, ритмі мен түсінде көрініс тапты. Қазақтың үйі – киіз үй, былғары, жүн, қамыс, ағаш және металлдан жасалған сәндік әшекейлермен жасалды. Дөңгелек пішіндер басым. Ою-өрнектің мазмұны қоршаған табиғаттан алынады: жануарлардың мүйіздері, гүлдер, өсімдік жапырақтары және басқа да органикалық нысандар. Осыған сүйене отырып, Қазақстанның бейнелеу өнері мен мәдениетін қалыптастыруға ықпал еткен Орталық Азиядағы визуалды мәдениеттің табиғи дамуы туралы қорытынды жасауға болады.

Графикалық өнімді дамытудың маңызды компоненті – көркемдік білім. Білім беруді мәдениеттің бір бөлігі ретінде түсіну білім беру жүйесін реформалау мәселесі мен этномәдени дамудағы қазіргі үрдістер арасындағы өзара байланысты анықтайды. Көркемдік-графикалық білім беру жүйесін реформалау процесі заманауи мәдениеттің маңызды мәселесі болып табылады, себебі графикалық өнер байланыс пен адамның қоршаған ортасын ұйымдастыру қатынасы болып саналады. Көзге көрінетін және қоршаған ортаға зиян тигізбейтін жағдайларды қамтамасыз етуде ерекше орынға ие. Графикалық нысандар адамға өмір бойы әсер етеді, олар әр ұлттың тән ерекшеліктері бар тасымалдаушылар. Бұл графиканы «этномаркер» деп белгілеуге мүмкіндік береді.

«Этникалық маркер» терминін Р.А. Шермерхорн өз жұмысында қолданды. Қазіргі уақытта этномәдениеттану саласындағы ғылыми еңбектері ең толыққанды және теориялық тұрғыдан тексерілген болып саналады. Р.А. Шермерхорн үлкен қауымдастықтан ерекшеленетін ұжым атты этникалық топтың ерекшеліктеріне анықтама береді: «оның өкілдерінің шынайы тарихи өткені бар, әрі олар үшін этникалық маркерлердің рөлін атқаратын бірнеше символдық элементтері бар. Мұндай маркер ретінде қоғамдағы қарым-қатынас нормалары, діни байланыс, кеңістікте орналасуы және оны қабылдау, лингвистикалық сипаттамалар, тайпалық құрам, азаматтық, фенотиптік белгілер немесе жоғарыда аталған заттардың комбинациялары мысал болуы мүмкін. Ең қажетті қосымша – бұл топ мүшелері санасының ортақтығы» (Майничева, 2004).

Осылайша, графикалық өнердің этникалық сипаттамаларын ескере отырып, көркемдік білім беруде реформалау мәселелерін дамыту қажеттілігі анықталды. Халықтардың ұлттық мәдениетті жандандыруға, «этномаркерлерді» іздестіруге ұмтылуының ұлғаюына байланысты қазақстандықтар, ресейліктер, украиндар, немістер, корейлер және басқа ұлттар мен этникалық топтардың дәстүрлі және инновациялық элементтерін дамытудың, полимәдени бір-

лестіктерді қалыптастырудың өрнегін түсіну қажет. Қазақстанның бірегей мультимәдени қоғамы бұрыннан құрылып, жұмыс жасап келе жатыр. Әртүрлі жағдайларға байланысты мұнда қоныстанушылардың рухани өмірінде көрініс тапқан табиғи климаттық және этномәдени жағдайларға бейімделудің күрделі кезеңдерін жеңу үшін қоныс аударушылар келген,, дәстүрлі халық шығармашылығының дамуына және өмірдің визуалды-эстетикалық ортасын бейнелейтін заманауи өнерді қалыптастыруға әсер еткен.

ХХ ғасырдағы күрделі саяси құбылыстар титулдық ұлт ретінде қазақ халқының этномәдени дәстүрлерінің негізіне және тағдыр тәлкегімен Қазақстанға келген өзге халықтар мәдениетінің көріністеріне айтарлықтай әсер етті. Этномәдениеттің бір бөлігі ретінде өнердің ерекшеліктері мен этномәдени бейімделу процесінің тарихи контексті арасындағы өзара қарым-қатынас мәселесі, оны түсіну қажеттілігі анықталғанына қарамастан, әлі де шешілмеген. Қазақстанның мультимәдениетті қоғам жағдайында графикалық өнерді дамытудың жан-жақты ғылыми негіздеу қажеттілігі этномәдени бейімделу принциптерін анықтау, толеранттылықты тәрбиелеудің негіздері, формалары мен әдістерін анықтауды білдіреді.

«Толеранттылық» ұғымы философия, саясаттану, биология және медицина, математика, психология, педагогика және басқа да ғылым салаларында кеңінен қолданылады. Әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтанушылық, жеке психологиялық, биологиялық, математикалық, мәдени және т.б. ғылымдарда «толеранттылық» ұғымыан әртүрлі анықтамалар берілген. Түрлі тілдік форматтағы «толеранттылық» терминін зерттеуде А. Г. Асмолов, Г.У. Солдатова, Л.А. Шайгерова зерттеулерінде түсінудің этнопсихологиялық аспектілерін ұсынылған. Бірлескен жұмыс ағылшын тілінде «толеранттылық» – «адамды немесе нәрсені наразылықсыз қабылдауға дайындық және қабілет» екенін көрсетеді; француз тілінде – «басқаның бостандығын құрметтеу, оның ойлау, мінез-құлық, саяси және діни көзқарастарын сыйлау» деп көрсетілген (Солодовиченко, 2011).

Бұл баяндамалар Батыс мәдениетінде «толеранттылық» термині басқа біреуге қатысты іс-әрекетте белсенді позитивті позицияны қалыптастыруға болатындығын көрсетеді. Шығыс мәдениетіндегі «толеранттылық» термині өзгеше сөйлемге ие. Осылайша, осы жұмыста араб тіліндегі «толеранттылық» ұғымының «кешірім, сыпайылық, мейірімділік, сыпайылық, қайырымдылық ...», қытай тілінде – «басқаларға жомарттық танытуға мүмкіндік беру» деген мағына берілген.

Бұл баяндамалар «толеранттылық» терминін түсіну үшін ойлау мен төзімділік белгілерінің бар екендігін көрсетеді. Бұл терминнің түсіндірілуін анықтау Шығыс және Батыс мәдениеттеріндегі ойлау мен мінез-құлықтың ерекшеліктерін көрсетеді, еуропалық және азиялық мәдениеттер, философия, діндер, ойлау және ойын-сауық жолдары, графикалық өнердегі көркемдік бейнені түйістіретін Еуропа және Азияның қиылысында географиялық тұрғыдан орналасқан, тарихи тұрғыдан қалыптасқан еуразиялық ел ретінде Қазақстанның бейнелеу және білім саласындағы осы құбылыстың қазіргі жағдайына қатысты ерекше назар аудару керек.

Қазақстандағы графикалық өнер мен білім берудің тарихи контекстін қарастырайық. Орта ғасырдың басы қазіргі заманғы Қазақстан аумағында орналасқан бірінші еуразиялық күш – Түркі қағанатының қалыптасуымен сипатталады. Фольклорлық эпос бізге көшпенділердің көне даналығын әкелді – «жеті жотаны жеңіп, жеті халықтың тілін үйрену». Бұл әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара әрекеттесудің үйлесімді модельдерін біріктіруге қабілеттілігін білдіреді, ал уақыт өткен сайын оның барлығы мықтырақ беки түседі. Оқыту-үйрету жұмыстары діни-ғылыми орталықтар мен қолөнер шеберханалары негізінде өтті. Құпияларды әкеден ұлға, шеберден шәкіртке жеткізіліп қалдырылып отырған.

Осылайша, дағдылар ғана емес, сондай-ақ рухани және моральдық дәстүрлер, мәдениет пен өнер таратылды. Қазақстанның жайластырылған аймақтарында мектептерді (мектеп және медреселерді) құру туралы ең көне ақпарат ерте ортағасырлық кезеңге (VII-VIII ғғ.) жатады. Отырар, Тараз, Сайрам, Түркістан және т.б. қалаларда ірі білім беру мекемелері – медреселер жұмыс істеді. Олар тек оқу орталықтары ғана емес, мәдени орталықтар да болды. Сондай-ақ оқу ордаларында кітапханалар жұмыс істеген.

Қорытынды

Графикалық өнер мен көркемдік білімді дамытудағы маңызды кезең Қазақстанның Ресейге қосылуы болды. Зерттеушілердің пікірінше, Ресейдің Орталық Азияға ықпал ету саясатының Британ империясының саясатынан айырмашылығы, ресейліктер жеңген елдердің мәдениетіне игеруге тырысқан. «Империализм» және «нәсілшілдік» ұғымдарының арасындағы

байланыстарды Р.А.Шмерхорн анықтай келе, «Ресей империясы ешқашан нәсілшілдікті білмеген» деп бекітеді (Тэйлор, 1993). Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін Омбыда (1786 ж.) аудармашылар мектебі ашылды. Орынборда (1789) қазақ балаларына арналған алғашқы ресми мектеп ашылды. Қазақ балалары да кадеттік корпуста оқуға мүмкіндік алды (1846). XIX ғасырдың 70-жылдарында Қазақстандағы білім беруді дамытуға үлес қосқан Ыбырай Алтынсарин болды. Оның бастамасы бойынша әртүрлі ұлт өкілдеріне арналған мектептер, ал кейінірек қазақ қыздарына арналған мектептер ашылды. Халық ауыз өнері дамыды. Кейбір орындаушылар Ресей мен Еуропа мәдени орталықтарында кәсіби деңгейде өнер көрсететін дәрежеге жетті. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ақын әрі ойшыл Абай Құнанбаевтың еңбегі ерекше атап өтіледі. Ол Қазақстанды әлемге таныстырды. Қазақстандық ғалым Шоқан Уәлиханов Санкт-Петербургте білім алған. Дала аймағының мәдениет зерттеушілерімен бірнеше экспедицияға қатысу табиғат пен халық дәстүрлерін көрсететін күнделікті пәндер бойынша оның графикалық жұмыстары ұсынылған. Ол Қазақстанда айдауда болған Федор Достоевскиймен дос болды. XIX соңында – XX ғасырдың басында фотосурет өнері кең тарады. Ресейлік және еуропалық ғалымдар (Александр Куна, Пол Нара және т.б.) көрмелерде қазақтардың өнері мен мәдениетін бейнелейтін суреттер ұсынды.

XX ғасырдың басында кеңес билігі мен социалистік қатынастың пайда болуы қарсаңында қазақтың ұлттық мәдениетінің қалыптасуы жүзеге асады. Графика Қазақстанда кеңінен тараған бейнелеу өнерінің алғашқы түрі болды, ал бейнелеу өнерінің жеке түрі ретінде ол Қазақстанда XX ғасырдың басында пайда болып дами бастады. 30 жылдардың басында пайда болған кескіндеме мектебінің ізденістерінің бағыты мен сипатын көпке дейін анықтап берген кескіндемешілер ұжымы қалыптасты. Ол кездері суретші¬графиктердің жұмысы кездейсоқ сипатта болып, олар газет бетіндегі мақалаларға иллюстрациялармен және этюдтермен бірге кескіндемелік жұмыстарға қосымша материал қызметін атқарған нобайлармен шектеліп отырды. Сол жылдардағы суретшілердің көптеген графикалық жұмыстары бір¬бірінен тек ерекше көркемдік сапасымен ғана ерекшеленбейді, олар жиірек сол кезді бейнелейтін құжат ретінде тарихи қызығушылықты ұсынады. Сол жылдары графикада реңдік шешім үстемдік құрып, басты назар сюжеттік қырына аударылды, өйткені оқиға туындының образдық сипаттылығын әлсіреттетін оның ішкі заңдылықтарына күрделі талдаусыз, суретшінің жеке қатынасынсыз бейнеленді. (Байпаков,1990) Жеке дара интерпретацияның күші көптеген суретшілердің өмірді көруінің енжарлығымен төмендетіліп, ол өмірлік факторлардың механикалық тіркеуінің шынайылығын эстетикалық ұғуға алып келді.Әбілхан Қастеевтің шығармашылығы ұлттық көркемөнер дамуының негізгі ықпалы болды. Ол 1904 жылы Алматы облысында, кедей шаруаның отбасында дүниеге келді. Балалық шағында шопан болды, 1928 жылы Түркістан-Сібір (Түрксіб) темір жолында қара жұмысшы болып еңбек етті. Алғашқы жеке суреттері мен нобайлары осы жылдары пайда болды. Алматыға келген соң Қастеев суретші Н.Г. Хлудовтың жеке студиясына оқуға түседі. 1934 жылы Алматыда Қазақстанның халық арасындағы таланттарын іздестірудің слеті ұйымдастырылды. Қастеев осы слетке қатысушылардың бірі болды. Екі жыл бойы Қастеев Мәскеудегі Н.К.Крупская атындағы халық шығармашылығының үйінде оқыды. 1936 жылдың аяғынан бері Алматыда өмір сүріп қызмет атқарды. Халық өміріне жақындығы суретшіге біздің өнеріміздің алтын қорына енген шығармаларын дүниеге әкелуге мүмкіндік берді. Оның шығармашылығы тұтастай қазақ халқының тұрмысы мен өмірін бейнелеуге, сондай-ақ туған табиғаттың көріністеріне арналған. Қастеевтің ертедегі акварельдері мен суреттері көбінде иллюстрациялық, этнографиялық және бір сарынды сипатта болды. Бірақ суретшінің қолтаңбасы біртіндеп азды-көпті ықшамды әрі мәнерлі, ал образдары лирикалы бола бастайды. Қастеевтің шығармаларында сюжеттердің нақтылығы мен дәйектер олардың баяндалуының керемет аңғырттығымен үйлеседі. Суретшінің көзі ең қарапайым нәрседен ерекше нәрсені көруге дейін қабілетті.

Көркемөнер мамандықтарының оқытушылары мен студенттерінің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметі Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалау бағдарламасын жүзеге асыруға, оның ұлттық моделін құруға, адамның этномәдени және эстетикалық тәрбиесін дамытуға бағытталған. Бағыттың басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және көпмәдениетті дамуын қамтамасыз ету мақсатында жаңа білімді, инновациялық әдістер мен технологияларды тиімді құру, қолдау және пайдалануды қамтамасыз ететін ғылым мен өнерді дамытудың осындай үлгісін енгізу.

Графикалық өнер мен көркемөнерді дамы-

ту, өнер және дизайн сабақтары әлемнің ерекше көркемдік және эстетикалық қабылдауын қалыптастыруға ықпал етіп, әрбір адам үшін әлемнің бірегей моделін құруға мүмкіндік береді. Оның қалыптасу кезінде оның рөлі адамның айналасындағы шындықпен қарым-қатынас жүйесін құруда әлеуметтік маңызы бар болып келеді. Және ол қаншалықты ауқымды, көп өлшемді және икемді болатындығына адамның, азаматтың, мемлекеттің бүгіні мен болашағы тәуелді болады. Қорытындылай келе, Орталық Қазақстанның мәдениетіндегі графикалық өнер мен көркемдік білімнің дамуына сұраныс пен келешегі, көрнекі графикалық мәдениетті қалыптастырудың және заманауи маманның шығармашылық қасиеттерінің маңыздылығын атап өту керек.

Графикалық дизайн тарихы жалғаса береді – бізді графикалық дизайнға әкеледі, алайда бір сұрақ әлі күнге дейін құпия болып қалмақ: графикалық дизайнның болашағы қандай?

Үңгірлер картиналарынан цифрлық бағдарламалық қамтамасыз етуге дейінгі көрнекі коммуникацияның ілгерілеуі керемет жетістік болуы мүмкін, бірақ сіз болашақ ұрпақ дизайнері немесе дизайнерлік ойлаудағы жаңа серпіліс тудыруы мүмкін брендке тапсырыс беруші болсаңыз, бұдан қандай артықшылықтар сізге пайда әкелетіні ойландыратыны түсінікті. Дегенмен бүгінгі күні бұл процесс – ауыр жұмыс, жылдам кері байланыс, жарқыраған экранның алдындағы сансыз кештер, мұның нәтижесі Bauhaus немесе ертеңгі дизайн туралы ойларға әкелуі мүмкін.

Әдебиеттер

Алексеев В.П., Першиц А.И. История первобытного общества. – М.: Высшая школа, 1990. – 351 б.

Асылханов Е.С. Научно-методическое обоснование обучения изобразительному искусству и развития творческих способностей учащихся школ и студентов высших художественно-педагогических учебных заведений Казахстана: дис. ... д– ра пед. наук: 13.00.02. – Усть-Каменогорск, 2002. – 472 с.

Ауэзов М.М. Шелковый путь как магистраль геоинформации: дух, опыт, традиции и современность // Библиотековедение. Библиография. Книговедение: сб. ст. – Вып. «Книга и Великий шелковый путь»: материалы междунар. конф. – Шымкент, 14-16 ноября 2007 г. – Алматы, 2008. – С. 13.

Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана: (Отрарский оазис). – Алматы: Наука,1990. – 208 с.

Бернал Дж. Наука в истории общества. – М.: Зарубежная литература, 1956. – 280 с.

Бородин А.И., Бугай А.С. Биографический словарь деятелей в области математики: пер. с укр. / под ред. И.И. Гихмана. – Киев: Радянска шк., 1979. – 308 с.

Буряков Ю.Ф. Христианство на Великом Шелковом пути // Из истории древних культов Средней Азии. Христианство. – Ташкент, 1994. – С.19-25.

Великий шелковый путь. Города, страны и история Шелкового пути. Шелковый путь в истории Центральной Азии. Карта Великого шелкового пути // orexca.com/rus/silkroad.shtml.

Говоров Ю.Л. История стран Азии и Африки в средние века. Религиозно-культурный фактор в развитии стран Востока // history.kemsu.ru/oldversion/PUBLIC/govorov1/gov_0-0.htm.

Гусева М.А., Смирнова Л.П. Великие преобразователи естествознания: Леонардо да Винчи: 27 XVIII международных чтений. 20-21 ноября 2002 г., Минск. И. Ф. Габрус. – Мн.: БГУИР, 2002. – 330 с.

Иваницкий И.Д. Христианская символика в Согде // Из истории древних культов Средней Азии. Христианство. – Ташкент, 1994. – С. 64-70.

Малахов В.А. Искусство и мироотношение человека. – Киев: Наукова думка, 1988. – 211 с.

Матвиевская Г.П. История точных наук на средневековом Ближнем и Среднем Востоке. – Ташкент: Фан, 1972. – 248 с.

Майничева А.Ю. Проблемы этничности и самоидентификации в работах зарубежных авторов: историографический очерк // Сибирская заимка: Научная жизнь. – 2004. – № 1 //zaimka.ru.

Сваровская В.П. Некоторые методологические проблемы взаимодействия науки и искусства. Методологические проблемы развития науки. – Новосибирск, 1984. – С. 129-146.

Солодовиченко Л.Н. Истоки графического искусства и становление художественного образования в Центральном Казахстане // Журнал «Вестник КарГУ», 2011

Токтосунова А.И. Традиционная система мышления номадов как источник развития кочевой культуры // Центральная Азия и культура мира: междунар. науч.-образоват. журн. – 2006. – № 1-2 (19-20).

Тейлор Э.Б. Первобытная культура. – М., 1993. – 37 с.

Умаров А.А. Туранские письменности и книжное дело в инфраструктуре Великого Шелкового пути / А.А. Умаров, Э.А. Ахунджанов // Кітапханатану. Библиография. Кітаптану: сб. ст. – Вып. 19. – Алматы, 2008. – 35-44 с.

Художественное образование в Республике Казахстан: восприятие национальных традиций и сближение культур: научная статья. Доступно на казахском, русском и английском языках. – Бюро ЮНЕСКО в Москве, 2010 г .; Бюро ЮНЕСКО в Алматы, 2010 г.;

Казахстанская национальная федерация клубов ЮНЕСКО, 2010. – 64 с.

Referenses

Alekseev V.P., Pershıts A.I. Istorııa pervobytnogo obestva. [History of primitive society] M: Vysshaıa shkola, 1990 – 351 b.

Arhıtektýra, grafýka ý dekoratývno-prýkladnoe ýskýsstvo s drevneıshıh vremen do epohı Vozrojdenııa. Entsıklopedııa [Architecture, graphic and arts and crafts since the most ancient times to Renaissance. Encyclopedia] «Avanta +» (t.7). M., 2000. 688 b.

Asylhanov E.S. Naýchno-metodıcheskoe obosnovanıe obýchenııa ızobrazıtelnomý ıskýsstvý ı razvıtııa tvorcheskıh sposobnosteı ýchaıhsıa shkol ı stýdentov vysshıh hýdojestvenno-pedagogıcheskıh ýchebnyh zavedenıı Kazahstana [Scientific and methodological substantiation of teaching fine arts and the development of creative abilities of pupils of schools and students of higher artistic and pedagogical educational institutions of Kazakhstan] Dıs. ... d– ra ped. naýk: 13.00.02. – Ýst-Kamenogorsk, 2002. – 472 c.

Aýezov M.M. Shelkovyı pýt kak magıstral geoınformatsıı: dýh, opyt, tradıtsıı ı sovremennost [The Silk Way as a highway of geo information: spirit, experience, traditions and modernity] // Bıblıotekove¬denıe. Bıblıografııa. Knıgovedenıe: Sb. st. – Vyp. «Knıga ı Velıkıı shelkovyı pýt»: Materıaly mejdýnar. konf.— Shymkent, 14-16 noıabrıa 2007 g. – Almaty, 2008. – S. 13.

Baıpakov K.M. Po sledam drevnıh gorodov Kazahstana: (Otrarskıı oazıs). [In the footsteps of the ancient cities of Kazakhstan: (Otrar oasis).] – Almaty: Naýka,1990. – 208

Bernal Dj. Naýka v ıstorıı obestva. [Science in the history of society] M .: Zarýbejnaıa lıteratýra, 1956 – 280

Borodın A.I., Býgaı A. S. Bıografıcheskıı slovar deıatelei v oblastı matematıkı: Per. s ýkr. / Pod red. I.I.Gıhmana. – Kıev: Radıanska shk., 1979. – 308.

Býrıakov Iý.F. Hrıstıanstvo na Velıkom shelkovom pýtı // Iz ıstorıı drevnıh kýltov Srednei Azıı. Hrıstıanstvo.[Christianity on the Great Silk Road // From the history of ancient cults of Central Asia. Christianity] – Tashkent, 1994. – 19-25.

Velıkıı shelkovyı pýt. Goroda, strany ı ıstorııa Shelkovogo pýtı. Shelkovyı pýt v ıstorıı Tsentralnoı Azıı. Karta Velıkogo shelkovogo pýtı [The Great Silk Road. Cities, countries and history of the Silk Road. Silk Road in the history of Central Asia. Great Silk Road Map] // orexca.com/rus/silkroad.html

Govorov Iý.L. Istorııa stran Azıı ı Afrıkı v srednıe veka. Relıgıozno-kýltýrnyı faktor v razvıtıı stran Vostoka [History of Asian and African countries in the Middle Ages. Religious and cultural factors in the development of the countries of the East] // history.kemsu.ru/oldversion/PUBLIC/govorov1/gov_0-0.htm.

Gýseva M. A., Smırnova L. P. Velıkıe preobrazovatelı estestvoznanııa: Leonardo da Vınchı: 27 XVIII mejdýnarodnyh chtenıı. [Great converters of natural sciences: Leonardo da Vinci: 27 XVIII international readings] 20-21 noıabrıa 2002 g., Mınsk. I. F. Gabrýs. Mn .: BGÝIR, 2002. 330 s.

Ivanıtskıı I.D. Hrıstıanskaıa sımvolıka v Sogde // Iz ıstorıı drevnıh kýltov Srednei Azıı. Hrıstıanstvo. [Christian symbolism in Sogd / / From the history of ancient cults of Central Asia. Christianity.]— Tashkent, 1994. – 64-70.

Malahov V. A. Iskýsstvo ı mırootnoshenıe cheloveka. Kıev: Naýkova dýmka. [Art and human attitude. Kiev: Naukova Dumka] 1988.211

Matvıevskaıa G.P. Istorııa tochnyh naýk na srednevekovom Blıjnem ı Srednem Vostoke. [The history of exact sciences in the medieval Near and Middle East] – Tashkent: Fan, 1972. – 248

Maınıcheva A.Iý. Problemy etnıchnostı ı samoıdentıfıkatsıı v rabotah zarýbejnyh avtorov: ıstorıografıcheskıı ocherk [Problems of ethnicity and self-identification in the works of foreign authors: historiographical essay] // Sıbırskaıa zaımka: Naýchnaıa jızn. – 2004. – № 1 //zaimka.ru.

Svarovskaıa V.P. Nekotorye metodologıcheskıe problemy vzaımodeıstvııa naýkı ı ıskýsstva. Metodologıcheskıe problemy razvıtııa naýkı. [Some methodological problems of the interaction of science and art. Methodological problems of the development of science] Novosıbırsk, 1984. Str. 129-146.

Solodovıchenko L.N. Istokı grafıcheskogo ıskýsstva ı stanovlenıe hýdojestvennogo obrazovanııa v Tsentralnom Kazahstane [The origins of graphic art and the formation of art education in Central Kazakhstan] // Jýrnal «Vestnık KarGÝ», 2011

Toktosýnova A.I. Tradıtsıonnaıa sıstema myshlenııa nomadov kak ıstochnık razvıtııa kochevoı kýltýry [The traditional thinking system of nomads as a source of development of nomadic culture] // Tsentral¬naıa Azııa ı kýltýra mıra: Mejdýnar. naých.-obrazovat. jýrn. – 2006. – № 1-2 (19-20).

Teılor E.B. Pervobytnaıa kýltýra [Primitive culture] . M., 1993. 37

Ýmarov A.A. Týranskıe pısmennostı ı knıjnoe delo v ınfrastrýktýre Velıkogo shelkovogo pýtı [Turanian writing and books in the infrastructure of the Great Silk Road] / A.A. Ýmarov, E.A.Ahýndjanov // Kitaphanataný. Bıblıografııa. Kitaptaný: Sb. st. – Vyp. 19. – Almaty, 2008. – 35-44.

Art education in the Republic of Kazakhstan: the perception of national traditions and the convergence of cultures: a scientific article. Available in Kazakh, Russian and English. – UNESCO Moscow Office, 2010; UNESCO Office in Almaty, 2010; Kazakhstan National Federation of UNESCO Clubs, 2010. – 64

ҒТАМР 19.01.05

Қабылғазина К.[1], Белғараева А.[2], Нұрманова М.[3]

[1] ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru
[2]оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ardak2776@gmail.com
[3]оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nurmarzhan111@gmail.com

ҚОҒАМДЫҚ ФОРМАЦИЯЛАРДЫҢ ТЕЛЕВИДЕНИЕГЕ ӘСЕР ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақаланың мақсаты – бұқаралық ақпарат құралдарының ақпарат таратуда өзі қызмет етіп отырған мемлекетке ортақ игілікті міндеттерді шешу құралына айналып отырғандығынан Қазақ телевизиясы да саяси өмір, ұлттық салт-сана, экономикалық және әлеуметтік хал-ақуал, тәуелсіздік бағытындағы, дүниежүзілік қоғамдастық пен әлемдік нарықтық қарым-қатынастағы жетістіктерді көрсету, халыққа қатысты мәселелерді үкімет назарына жеткізу сияқты тағы басқа да көптеген ақпараттарды жеткізуде алдыңғы қатарға шығару.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық құндылығы – мәңгі өзгеріс үстіндегі тарихи құбылыс – қоғамды жасайтын адамдардың іс-әрекеттері арқылы тарих парағын ашып отыру. Бұл зерттеуде сол парақтың бір беті, әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарында кең жарияланған көрініс жариялылық, қайта құру процестері қарастырылады. Қазіргі ақпараттық тасқында жетекші орынды телевизия алып келе жатқанын осы саланы зерттеуші ғалымдар дәлелдеп отыр. Қандай журналист болмасын, ол қай салада істемесін, оның шығармашылығының негізгі компоненті өмірдің өзі және қоғамдағы адамдар мен оқиғалар. Яғни, қоғамда болып жатқан тіпті әлемдік деңгейдегі жағдайлар тек журналистер көкегі арқылы жария болатыны аян. Алайда, оған әсер етуші қоғамдық формациялардың әсері зерттеле бермейді. Тақырыпты талдау барысында сипаттау, бақылау және салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдермен қатар, шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі аксиомаларға сүйенген теориялық әдістер қолданылды.

Ғылыми мақаланың басты нәтижесі – қазіргі медиа құралдар арқылы адамға ұнамаған затты ұдайы жарнамалау арқылы оның бұрынғы көзқарасын өзгертудің әдістерінің жинақтап, талдануы. Мақаланың құндылығы – қазақ телевизиясының даму жолындағы болған қоғами өзгерістердің ықпалын анықтап, Қазақ телевизиясының саяси өмір, ұлттық салт-сана, экономикалық және әлеуметтік хал-ақуал, тәуелсіздік бағытындағы, дүниежүзілік қоғамдастық пен әлемдік нарықтық қарым-қатынастағы жетістіктерді көрсетуі.

Түйін сөздер: телевизия, тәуелсіздік, медиа, журналист, қоғам.

Kabylgazina K.[1], Belgarayeva A.[2], Nurmanova M.[3]

[1]Candidate of Philological Science, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru
[2]Teacher, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: ardak2776@gmail.com
[3]Teacher, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nurmarzhan111@gmail.com

The problem of social formations effects on television

The purpose of the article is to provide the media that is common for the state where they work, as well as for Kazakhstani television, political life, national traditions, economic and social status, independence, the global community and global market relations, advancing achievements, informing the public about government issues and more. The scientific and practical value of the research is a historical phenomenon of eternal change – the opening of historical pages due to the actions of those who make up society. In this study, one page of this story, widely reported in the world media, is the process of

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

advertising and reconstruction. Scientists in this field prove that television takes the leading position in the modern information flow. Regardless of whether it is a journalist or not, in what sphere he works, the main component of his work is life itself, people and events in society. That is, only journalists report on the situation in the world, even in the world. However, the influence of social entities affecting it has not been studied. In analyzing the topic, along with empirical methods, such as description, control, and comparison, theoretical approaches were founded on the axioms of foreign scientists. The main result of this article is the synthesis and analysis of ways to change their former worldview through constant media advertising, through the use of modern media. The value of the article is the influence of social changes on the development of Kazakhstani television, and it reflects the achievements of Kazakhstani television in political life, national traditions, economic and social status, independence, the world community and global market relations.

Key words: television, independence, media, journalist, society.

Кабылгазина К.[1], Белгараева А.[2], Нурманова М.[3]

[1]к.ф.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru

[2]преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: ardak2776@gmail.com

[3]преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: nurmarzhan111@gmail.com

Вопросы влияния социальных образований на телевидение

Цель статьи – выявление роли и значения казахского телевидения, не только обеспечивающего информирование социума, но и решающего важные государственные и социальные задачи. Авторы исследуют взаимодействие мирового сообщества и рынка, экономическое и социальное состояние, национальное самосознание и политическую активность как инструменты решения задач, общих для государства. Научная и практическая ценность исследования – это исторический феномен вечных изменений – открытие страниц истории. Авторы сосредотачивают свое внимание на периоде перестройки, широко освещаемой в мировых средствах массовой информации, рекламы и реконструкции. Ученые в этой области доказывают, что лидирующую позицию в современном информационном потоке занимает телевидение. Независимо от того, в какой сфере работает журналист, основным компонентом его творчества является сама жизнь, люди и события в обществе. Разумеется, о ситуации в обществе и о событиях на мировом уровне сообщают только журналисты. Однако в настоящее время влияние социальных образований на телевидение не совсем изучено. При анализе темы наряду с эмпирическими методами, такими как описание, контроль и сравнение, использовались теоретические подходы, основанные на аксиомах зарубежных ученых. Основным результатом данной научной статьи является обобщение и анализ способов изменения своего прежнего мировоззрения посредством постоянной медийной рекламы за счет использования современных средств массовой информации. Также изучено влияние социальных изменений на развитие казахстанского телевидения, отражение достижений казахстанского телевидения в политической жизни, национальных традициях, экономическом и социальном статусе, независимости, мировом сообществе и глобальных рыночных отношениях.

Ключевые слова: телевидение, независимость, медиа, журналист, общество.

Кіріспе

Телевизия – оқиғаны, болмысты шынайы көрсететіндігімен, сан қырлы сараптамаларын ұсынуымен құнды. БАҚ-тардың негізгі атқаратын міндеті – ақпарат тарату болса, телевизияның басты ерекшелігі оның көріністілігінде, дыбыстылығында, әуезділігінде жатыр. Жалпы қоғамдық, саяси науқандарды жарнамалауда және мәдени шараларды өткізу тәжірибесі бұқаралық ақпарат құралдарының бәріне ортақ. Яғни, БАҚ-тардың негізгі қызметі – халықты ақпаратпен қамтамасыз ету. Әр түрлі бағыт-бағдардағы, стиль мен мәнердегі, пішіндік құрылымы өзгерген телестанциялар көбейіп, шығармашылық шексіз мүмкіндіктердің ашылып отырғандығы да телевизияның рөлінің артқандығын байқатады. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат таратуда сол мемлекетке ортақ игілікті міндеттерді шешу құралына айналып отыр. Бұл ретте Қазақ телевизиясы саяси өмір, ұлттық салт-сана, экономикалық және әлеуметтік хал-ақуал, тәуелсіздік бағытындағы, дүниежүзілік қоғамдастық пен әлемдік нарықтық қарым-қатынастағы жетістіктерді көрсету, халықтың мұң-мұқтажын үкімет назарына жеткізу сияқты тағы басқа да көптеген мәселелерде алдыңғы қатарға шығып отыр. Әрине, дүниенің өзгеруімен қатар ақпараттар мазмұны, айдарлар, пішіндер, форматтар

өзгеріп отырады. "... Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді," (М. Дулатов, 2005) – деп Міржақып Дулатов айтқандай электронды журналистиканың пәрменділігі артып, көрерменге жаңалықты жеткізу, мәлімет тарату, сенсация тудыру, шешімді түйін ұсыну, пікір қалыптастыру сияқты мәселелер ұлт телевизиясында өзіндік бағытын тапқан. **Ғалымдардың** зерттеуі бойынша, қазіргі адамзат теледидарсыз күн кеше алмайтын дәрежеге жетті. Яғни, мұндай заманауи құбылысты зерттеу, мемлекет саясатына пайдалану дәрежесін бағалау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Негізгі бөлім

Қоғам – мәңгі өзгеріс үстіндегі тарихи құбылыс. Қоғамды жасайтын адамдардың іс-әрекеттері арқылы тарих парағы ашылып отырады. Бұл зерттеуде сол парақтың бір беті, әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарында кең жарияланған көрініс жариялылық, қайта құру процестері қарастырылады. «Қайта құру» термині алғаш пайда болып, саяси үдеріс 1956-1957 жылдары жүргізілген болатын. Бұл қозғалыс жалғасын тауып, Кеңес Одағында саяси жүйенің әлсірей бастағаны сезілді, «қайта құруда» жариялылықтың керектігі туындады. Әлемдік деңгейде көрініс тапқан бұл формация Еуропада да халықтық демократиялар, социалистік республикалар ықпалымен күшейді, студенттер наразылығы демонстрацияларға, демонстрациялар көтеріліске ұласты. Демократиялық процеске ұмтылу қоғамдық резонанс тудырды. Бұл формациялардың бәрінде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекшеленді. Мысалы, Венгриядағы, Прибалтикадағы КСРО-ға қарсы дүрлігу туралы ақпараттар жарыса жарияланды. (Video: Hungarian, 1992) Кеңес үкіметі Венгриядағы көтерілісті жергілікті билікпен бірге тұншықтырып тастады. Кеңес Одағына наразылық Польшада, Чехословакияда (M. Kremer, 1998) жалғасын тапты. Ол мемлекеттерде де кеңестік жүйеге қарсылық күшейіп, Н. Хрущевтің кезіндегі жүргізілген орыстандыру саясатына өзге ұлттардың наразылығы біліне бастады. АҚШ тағы Колумбия университетінің коммунистік елдерді зерттеу институтының қызметкері, сол тұста «Азат Европа» радиостанциясының директоры болған Джим Браун: «Шығыс Европа елдерінде хрущевтік шаралардың мемлекетаралық және ішкі саясатта әсері орасан болды», –деп жазды. (kazakh.tv, 1998) Расында орыс шовинизмі қатты белең алған болатын. Ұлттық республикаларда – Грузия, Эстония, Латвия, Литва, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан сияқты одақтас республикаларда бұл процесс күшейді. Ол туралы орталық орган «Правда», «Известия» газеттері жаза бастады.

Сол кезде XIX партиялық конференция өткізіліп, әміршіл-әкімшілік тәртіпті күшейту мақсаты көзделді. Қоғамда жаңғыру, қайта құру кезінде жариялылық керек деген көпшілік пікір қалыптасты. Барлық реформаларды қайта құру керек болды. Әсіресе, еркіндік беру, сөз бостандығы мен плюрализм керек деген мәселе көтерілді. Әкімшілік авторитаризмнен жаппай демократияға көшу үрдісі басталды. Демократияның дамуы нәтижесінде ұлттық республикалар күшейе түсті. Одақтың идеологиясы әлі де күшіне еніп тұрған осы шақта кеңес ұстанымдарын насихаттаған одақтас республикалардан түсірілген хабарларға қазақ телевизиясында айтарлықтай орын берілді. «Егер 1980 жылдары Орталық телевидениеден берілетін хабарлардың мөлшері 4-5 сағаттан аспайтын болса, биыл (1984 ж. К.С.) оның көлемін 28 сағатқа жеткізуді жоспарлап отырмыз», – деп жазған болатын К. Смайылов. (К. Смайылов, 1984)

Бұрынғы одақтық елдердегі кейбір қарсылықтар басылып, орыстық саясат орнықтырылып, бірыңғай идеялы өмір көшін 1986 ж. Қазақстандағы желтоқсан көтерілісі қайтадан дүр сілкіндірді. «Қайта құру» саясатының соңы Кеңес одағының ыдырауына әкеп соқты. ҚР тұңғыш Президенті Н. Назарбаев мемлекеттің территориялық статусын сақтап қала алды. Ұлт-азаттық, рухани қозғалыс жанданып, Сағат Әшімбаев, Алдан Айымбетов, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Шаханов сынды ұлтжандылар телемінберге көтеріліп, ұлттық рухтағы хабарларға жол ашылды.

1985 жыл бұқаралық ақпарат құралдарының даму кезеңдеріндегі өзгеріске толы Жыл болды. М.С. Горбачевтің үкімет басына келуіне байланысты қайта құру саясатының кезекті белесі басталды. Қоғамда жариялылық басталып, халық демократияға бет бұрды. Бұл бетбұрыс қалыптасқан тоталитарлық жүйеге қарсылық пен идеологияға наразылықтан туындаған болатын. Бір жүйеде өмір сүрген одақтас мемлекеттер ыдырап, Кеңестер Одағының жойылуына әкеп соқты. (https://cyberleninka.ru/) Одақтың ыдырауы, мемлекеттердің тәуелсіздікке ұмтылуы халықтың әлеуметтік жағдайын күйзеліске әкелді. Ол жайында шетелдерде: «Since the collapse o f the Soviet Union, mining activities stopped

and consequently, employment and all services, including water and heating for houses», – деп жазды. (globalsecurity.org)

Бұл өзгерістер алдымен бұқаралық ақпарат құралдарына әсер етіп, социалистік қоғамның сөзін сөйлеп келген телерадио және баспасөз еркіндік алуға ұмтылыс жасай бастады. Сонда да болса осы уақытқа сай келген жастар мен студенттердің дүниежүзілік XII фестивалі, (**К.Қабылғазина, 2008)** стахановтық қозғалыстың 50 жылдығы және Қазан төңкерісінің 70 жылдығы, Компартияның XXVII съезінің шешімдерін республика БАҚ-тары насихаттаумен болды.

Міне, осындай бірізді, бірқалыпты жүйе тыныштығын Желтоқсан көтерілісі шайқағаннан кейін қоғам өміріне біраз өзгерістер енді. Алайда, кеңестік идеологияның жетегінде отырған мемлекет ақпарат құралдарының Желтоқсан көтерілісіне баға бере алатын хабарлар жасауға мүмкіншіліктері болмады. Бұрынғы дағдыларынша орталық телевизия деп аталатын Мәскеу телевизиясының Останкино, ОРТ сияқты станциялары өнімдерін пайдалану жалғасын таба берді.

Саяси мән берілген көтерілістің салдарынан ұлттық арнадағы кадрларды жаппай тексеру, қудалау науқаны басталды. Ол жайларға мына бір мұрағат деректері дәлел бола алады: «Директору РПОРТ Касымбекову А.К. (Республиканский узел радиовещании, радиосвязи и телевидения). На ваш ОК-6/2009 от 12.08.1987 г. Сообщаем что выпускников ВУЗ-ов в 1986-1987 г.г. на радиотелецентре нет. И.О. начальника В.А. Бруснев. 09.09.1987 г.» (Отчеты о работе кадрами за 1986-1987). Бұл үрдіс аймақтық бұқаралық ақпарат құралдары ұйымдарында да жүргізілгеніне тағы бір құжат мысал бола алады: «Республиканская сеть магистральных связей и телевидения №2 доводит до вашего сведения, что выпускники ВУЗ-ов 1986-1987 г.г. выпусков на наше предприятия не распределялись. Начальник В.Н. Ким. 31.09.1987 г. Кустанай, ул Кирова, 313, тел:3-24-10» (Отчеты о работе кадрами за 1986-198).

Бұл кезеңдерде бүкіл телерадио орталықтары «Қазақ ССР Байланыс Министрлігі Республикалық радиохабар және телевизия торабы» деп аталатын мекемеге біріктірілген болатын. Сондықтан да болар, Орталық мұрағаттағы бүкіл құжаттар журналистер шығармашылығына емес, тек қана байланыс тораптарының жұмыс процесіне қарай бағытталып отырған.

«1987 жылы жоғары оқу орындарын бітірген кадрлардың тәжірибелерін өткізу және 1986 жылға социалистік жарыстың қорытындыларын шығару туралы» деп аталатын арнайы қаулы да қабылданып, онда мынадай міндеттер жас мамандарға міндеттелген болатын:

1. Техникалық құрал-жабдықтар жөнінде толық мағлұмат алу;
2. «Якорь», «Игла», «РЦТР», «Дождь», «Ильмень» сияқты қуатты және шағын қуатты телевизиялық ретрансляторлар түрлерін қолдану методикасын үйрену;
3. Видеотракт және дыбыстың шығарылу көрсеткіштерін өлшегіш құралдарын қолдану тәсілдерін үйрену;
4. Телехабар тарату жөніндегі 0249УИТ тәрізді сынақ кестесін анықтай алуға үйрену;
5. Телевизия құрал-жабдықтарын өздігінен қолдана білу. (https://cyberleninka.ru/)

Құжат мәтінінен байқалғандай шығармашылық ұжым туралы ешқандай ақпарат немесе пікір айтылмаған. Бұл бір құжатқа ғана байланысты пікір емес, сол кезеңдегі бүкіл Орталық мемлекеттік мұрағат тігінділерінде кездесетін мәліметтерге да байланысты. Оған себеп, біріншіден, кеңестік үкімет идеологиясының үстемділігі. Екіншіден, ҚР Байланыс министрлігіне бағынышты болуына, телевизияның дербес ақпарат құралы міндетін атқара алмауына байланысты деген пікірге саяды. Ол тұста 1974 жылдың ақпанынан бастап, 1993 жылдың 30 желтоқсанына дейін телевизия «Қазақ ССР Байланыс министрлігінің радиобайланыс, радиохабар және телехабар тарату республикалық торабы» деп аталатын мекемеге қарады. (Документы о стажировках молодых специалистов ВУЗ-ов» за 1986-1987 г.г.)

Желтоқсан көтерілісіне байланысты «КПСС Орталық Комитеті, КСРО Министрлер кеңесі және Бүкілодақтық комитетінің» қаулысына орай жұмысқа мамандар қабылдау, ауыстыру және оларды тәрбиелеу мәселелері сапасын жақсарту туралы деген тармақ қосылған, мұның өзі шығармашылық ұжымдарға деген көзқарастың басқа арнаға қарай ауысқанын байқатады. (Документы о стажировках молодых специалистов ВУЗ-ов» за 1986-1987 г.г.)

Ресейді жайлаған экономикалық-әлеуметтік дағдарыс Қазақстанға да келген болатын. өндірістер тоқтап, тауар жетімсіздігі күннен күнге белең алып, нарықтың қыспағы халықты қалжырата бастады. Қымбатшылық белең алып, халық наразылығын болдырмай, мемлекеттілікті сақтап қалу жолында үкіметтік шаралар басталды. Қоғамда болған осындай серпілістер-

ден соң журналистерден жаңа қоғамдық сана қалыптастыру үшін жұмыс істеулері туралы талап туындады. Асыра ақпарат беру, орынсыз мадақтан гөрі күнделікті, нақты проблемаларға көңіл бөлу жолға қойыла бастады. Осының әсерінен кейбір жанрларға деген сұраныс азайды. Жалынды сөздерге, шұрайлы тіркестерге толы очерк, композиция, суреттеме сияқты жанрлардан гөрі тек ақпарат беруге бетбұрыс басталды. Бұқаралық ақпарат құралдарында көркем жанрлардың мол пайдаланылуы тоталитарлық үстемдіктің жеңістерін мадақтауға, адамдар санасын коммунистік идеяларға сендіруге бағыттау барысында белең алған болатын.

Журналистердің өмір құбылыстарын зерттеуге, анализ жасауға және әлеуметтік психологияға қызығушылықтары артты. Жаңа хабар пішіндері пайда болды. Бағдарламалар ақпараттық, музыкалық, публицистикалық болып бөлініп, көрермендер аудиториясының сұранысын зерттеуге жете көңіл бөліне бастады. Тікелей эфир пішіні көбірек қолданылатын болды. Бұл тәсілдерді мемлекеттік те, тәуелсіз арналар да қолданды. Хабарларда мәдени, эстетикалық, адами тәрбие беруден гөрі жеңіл музыка тыңдау, көңіл көтерушілік сияқты бағыт бел ала бастады. Адамдарға азаматтық тәрбие беру, адамгершілік сенімдерін насихаттау сияқты негізгі тәрбиелік функция назардан тыс қала берді. Хабарлар пішіндік өзгеріске түсті, телекөпір қолданылды. Телекөпір – екі немесе бірнеше объектілердің спутниктік немесе басқа да байланыстарға телевизиялық техниканың көмегі арқылы аудио және видеобайланысқа шығуы (Б. Пинскер. 1999) Ол алғаш 1982 жылы 5 қыркүйекте КСРО мен АҚШ арасында жүргізілді. Калифорния штатында Сан-Бернардино қаласында өткізілген рок-фестивальден жастар мерекесі ретінде алғашқы видеобайланыста қатысушылар бірбірін көре және дидарласа алды.

1991 жылдың тамыз айында Мәскеуде ГКЧП деген атпен тарихта қалған оқиға болды. (ru.sputnik-tj.com) Мәскеудегі М. Горбачевтің саяси реформасына қарсы шыққандар төңкеріс ұйымдастырған. Бұл күндері Ресей телевизиясы үш күн бойы жұмыс істемеді, алдымен шабуыл орталық телевидениеге жасалған болатын. Халықтың «құлағы, көзі һәм тілі» болып саналатын телерадио станцияларына шабуыл жасалу тарихта бірнеше дүркін болған. Мысалы, Чилиде болған әскери көтерілісте айтылған Сальвадор Альенденің соңғы сөзін, ел президентінің жағында қалған жалғыз радиостанция «Магальянес» халыққа жолдауын жариялайды, бұл сәтте әскери көтерілісті жасаушылар радиостанцияға оқ жаудырады, ол жерге басып кіріп, журналистерді және басшының жақтастарын өлтіреді. «Халқымның маған адал болғандығы үшін мен жанымды қиямын. Олар бізді өлтіргенмен халықты және әлеуметтік процестерді жоя алмайды. Тарих біздің жолымызда және оны жасайтын – халық», – деген сөздері радио арқылы таралады да, халқына жігер береді. Сөйтіп, басқыншыларды халық жеңеді. («Profile of Salvador Allende», 2001)

Қайта құру саясатының екінші кезеңі 1985 жылғы Коммунистік партияның Орталық комитетінің пленумындағы қайта реформалау керек деген идеядан шықты. Сөйтіп, 1987 жылы «қайта құру» саясаты басталып, 1991 жылдың аяғында КСРО-ның тарауымен аяқталған, қайта құрудың ең керемет жемісі – «жариялылық саясаты» болды. Жариялылықтың үлгісі Мәскеудің бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапты. Мәселен, «Московские новости», «Огонёк» секілді басылымдар түйткілді мәселелерді еркін көтере бастады.

1990 жылдардың басында Қазақстан мен Ресей экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізді. 2002 жылы Қазақстан нарықтық қоғамның институттарын орнықтырып, нарықтық-әлеуметтік экономика орнатты. Жекеменшікке рұқсат берілді, әлеуметтік реформалар жүргізілді, экономикалық реформа мен зейнетақы жүйесіне өзгерістер енгізілді.

Ресейдегі экономикалық реформаның негізгі діңгегі етіп алынған әрекет – мемлекеттік нысандарды жекешелендіру болатын. Алайда, ол шара қоғамға ешандай елеулі өзгеріс әкеле алмады, керісінше құлдырай түсті. Ол жайында әлеуметтану ғылымының докторы, профессор Р.Х. Симонян өз зерттеулерінде: «Ресеймен салыстырғанда мемлекеттік меншігі өлшеусіз төмен саналатын Венгрия жекешелендіруден 4,7 млрд. доллар кіріс алды, ол Ресейден 1,6 есе артық. Ал, Латвияның кірісі тіпті таңқаларлықтай», – деп жазды. (ru.sputnik-tj.com)

Американдық экономистер П. Реддуэй мен Д. Глинскилер мынадай статистикалық мәліметтер береді: «В период Второй мировой войны валовый внутренний продукт в СССР сократился на 24%, в период Великой депрессии в США ВВП сократился на 30,5%, в период с 1992 по 1998 гг. ВВП в России сократился на 47%, а промышленное производство уменьшилось на 56%». (Reddaway P., Ginski D., 2001) Яғни, тек ақша жасауға, баюға ұмтылған, өз мүддесін мемлекеттен мүддесінен жоғары қойған адам-

дардың әрекеті әсерінен экономикалық реформа әлеуметтің қасіретіне айналған. Әлем аренасындағы әсіресе, Ресей оқиғаларына әрісәрі болып, жалтаңдаған Қазақстанның жағдайы тіпті қиын еді. Республиканың экономикасы Ресейге тікелей тәуелді болды. Қазақстанның ауыл және мал шаруашылығы тұралап, азықтүлік тапшылығы байқалды. Халық саясаттың сырын түсіне алмады. Осы сәтте Президенттің баспасөз хатшысы Ғаділбек Шалахметов пен комитет төрағасы Сағат Әшімбаев келісімімен саяси-қоғамдық редакция ұсынған "Президент сағаты" бағдарламасы алғаш эфирге шыққан болатын. Бұл хабарда Нұрсұлтан Әбішұлы барлық сұрақтарға қазақ және орыс тілдерінде бір сағат бойы толық жауап беретін. Мұның өзі халықтың дұрыс бағдар алуына, саясаттың кейбір қырларын түсінуіне көмек берген хабарлар болды.

Әр жылдарда Қазақ телевизиясы неше түрлі құрылымдық өзгерістерге ұшырады. Оның бәрі де қоғам талабынан туындап, шығармашылық топтардың жемісті еңбек етуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған еді. 1960-1970 жылдардағы шығармашылық бірлестіктер бас редакцияларының құрылуы өз жемісін берді. Осы кезеңде басшылықта болған белгілі қайраткерлер Қазақстандағы телевизияның жан-жақты дамуына зор үлес қосты. Ұлттық теледидардан да кейбір жабық болып келген мәселелер айтылып жүрді. Сөйтіп, бірте-бірте ұлттық демократтар көріне бастады. Бұқаралық ақпарат құралдарында тарих, демография, саясат, мәдениет, қазақ тілі мәселелері жиі айтылып, жазылды.

1980 жылдары ұлттық телевизияда алғашқы телемарафондар ұйымдастырылып, телекөпірлер экранға жиі шыға бастады. Осы жылы Украинада Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өткен. 1988 жылдың 10 шілдесінде «Алматы-Киев» телекөпірі жүргізіліп, оны Қазақ телевизиясының жүргізушісі Р. Аманжолова мен композитор Ж. Дәстенов, Киев жағынан Т. Павленколар жүргізді. Қоғамдағы саяси өзгерістер телеарна қызметіне өзгерістер әкелді. Құрылымдық жағынан ұлттық арнада өзгерістер болып, бас редакциялар бірігіп, «Парасат», «Сана», «Мұрагер» шығармашылық бірлестіктері құрылды. (Қ. Тұрсын, 2013)

Қазақ телевизиясы жетілген, толысқан кезеңді бастан өткеріп жатқан. Ұлттық тележурналистер дайындаған өнімдер «Евровидение» арқылы шетелдерге тарап жатты. Қоғамдық-саяси хабарлар азайып, ғылыми-көпшілік, танымдық, рухани хабарлар молайды. Апта ішіндегі хабарлар көлемі артып, орташа тәуліктік эфир уақыты 8,5 сағатты құрады. Жыл ішіндегі хабарлар саны 150-ге дейін жетті. Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, әдеби, мәдени, спорт, ғылым, ағартушылық пен көңіл көтерушілік, тәрбие бағытындағы хабарлар саны өсті. Осы кезде публицистика – 14,6, ғылым – 27,0, өнер – 58,2, спорт – 6,9 пайызды құрады. Бірақ, бұл кездері публицистикалық хабарлар саны азайды. (**К. Қабылғазина, 2018)**

1988 жылы Фрунзе қаласында бокстан КСРО чемпионаты өткізілген. Қазақ тіліндегі тұңғыш спорттық репортаж осы жарыстан жүргізілген. «Тамаша», «Алматы встречает друзей» сияқты көңіл көтерушілік функциясын атқарушы хабарлар түсірілді. Танымдық хабарларға, интеллектуалдық ойындарға кең жол ашылды. Соның алғашқыларының бірі – «Яблоко Ньютона» хабары болды. 1987 жылы «Бетбұрыс» және «Пульс» бағдарламалары түсірілген болатын. Осы кезде алғаш рет алаңнан қазақ тілінде 1 мамыр мерекесінен репортаж берілді. Блиц-сұрақ жанры пайда бола бастады. Тележурналистер шығармашылығы пішіндік өзгеріске түсіп, сұқбат жанры байи түсті. Телерепортерлер көшеде жүрген қарапайым адамдардан оқиға немесе қоғамдағы болмыс, тіршілікке қатысты сұрақтар қойып, оған жауап алып, оны түсіріліп жатқан хабар монтажында қолданып немесе тікелей эфирге жіберіп отыратын. «Сұрақ-жауап» бағдарламасы арқылы халықты толғандырып жүрген сұрақтарға жауап беру үшін, түсіндіру үшін әр түрлі министрлік өкілдерін студияға шақырып, тікелей эфирді қосу арқылы креативтілік орнататын. Осы тұста Ғ. Шалахметов халықаралық телекөпір ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасайды. Кезекті телекөпір Делиде көрсетіледі. (Ғ. Шалахметов, 1986) Телекөпір кейіпкері «Отырар сазы» болды. Екі халықтың ұлттық ерекшеліктерін көрсету, таныстыру – кейін екі мемлекеттің арасында сауда-саттық, мәдени, әдеби қарым-қатынастардың дами түсуіне мұрындық болды. Қайта құру, жариялылыққа бетбұрыс жылдарында аудиторияға қоғамда болып жатқан саяси-экономикалық өзгерістер туралы толымды ой айтатын, құбылыстарды түсіндіретін ақпараттық шолушылар жетіспеді. Соның өзінде салыстырмалы, талдамалы анализдер жасалған хабарлар шығып тұрды. С. Оразалинов, Ғ. Шалахметов, Ғ. Игісінов, А. Жақсыбеков, Қ. Қорғанов сияқты комментаторлардың сараптамалық хабарлары көпшілік көңілінен шығып, тұрақты аудитория қалыптастырды.

1990 жылдың басында Ғ. Шалахметов негізін қалаған халықаралық «Мир» телекомплексі ашылып, Ресеймен, тәуелсіздіктерін алып, бөлініп шыққан мемлекеттермен арадағы ақпараттық кеңістікті сақтауға мүмкіндік берілді. Осы жылдың аяғына қарай, жариялылықтың әсерінен кейбір құпия сақталған таспалар көрсетіле бастады. (Ғ. Шалахметов, 1986) Оның алғашқылары Желтоқсан оқиғасына қатысты еді. Халық пен билік етене араласу үшін жобалар жасалып, «Қазақстан» арнасындағы «Президент сағаты» соның алғашқысы болды. Бұл хабар алдымен қазақ және орыс тілдерінде, кейін тек қазақ тілдерінде берілді. Телекөрермендердің назарындағы сұрақтарына жауап беріп, Президент Нұрсұлтан Назарбаев 45 минут бойы тікелей эфирге шыққан болатын.

Алматыда коммерциялық телевидение ассоциациясы құрылды. Оның тұңғыш мүшесі КТК (коммерциялық телевизиялық канал) және «Таң» болды. Кейін 1993 жылы «31 арна» өмірге келді. Содан соң тәуелсіз арна «Тотем» ашылып, 1997 жылы жабылды. Осы жылы Алматы ТВ мемлекеттік акционерлік қоғамға айналып, АТД – Алматы теледидары, АТВ (Алматинское телевидение), ал кейін «Рахат» телеарнасы болды. Қазақ, орыс тілдерінде хабар таратты. 1990 жылдардың басында «Азия ТВ», «Отырар», «Дала», «Гүлжан ТВ» «Крамдствин» (**К. Қабылғазина, 2018)** т.б. сияқты тәуелсіз телеарналар ашылып, көп ұзамай бұл арналар нарық талабына шыдамай жабылып қалды. Бәсекелес телевизиялар көбейіп, ұлттық арналармен бәсеке басталды, көрермендер үшін, аудитория жинау мақсатында толып жатқан әрекеттер жасалатын. Саяси, қаржылық, шығармашылық күштер арасында техниканың жаңаруы арқасында, технологиялық тәсілдердің дамуына байланысты өзара күрес басталды. Жарнамадан пайда табу арқылы хабарлар тарататын коммерциялық және коммерциялық емес, аралас телеарналарға бөлінді. Кейіннен коммуналдық антенналарды пайдаланып хабар тарататын кабельді телевидение пайда болды. Кабельді телевидение батыс елдерінде бұл кездері толық жұмыс істеп тұрған болатын. (Т. Бекниязов, 2001) «Примерно в середине 70-х годов XX века телевидение вступило в новый этап своего развития – в эпоху «телеизобилия», которая характеризуется внедрением спутникового и кабельного телевидения, дробление телеаудитории «по интересам» и индивидуализацией зрительского набора», – деген ғалым пікірі осыған дәлел бола алады.

Жер шарының кез келген жеріне спутник арқылы қосылатын телеқабылдағыштар шығарылды. Жаһандық телеақпарат кеңістігі және телебайланыс дамыды. Компьютерлік ақпараттық жүйе, телеграф, телефон, кинематография, фотография, дыбыс жазудың жаңа, жетілген түрлері пайда болып, телегазет, электронды пошта, видеоорталық компьютерлік магистраль арқылы жұмыс істеді. Телевизияның мүмкіндігі зорайып, бұрынғы жабық тақырыптарға жол ашыла бастады. Тікелей хабарлар көбейді. «Ашық микрофондар» пайда болып, халықпен жақындасуға жол ашылды. Монологтық телевидениеден диалогтық пішінге өту басталды. Әрине, телевизия өміріндегі мұндай жаңа құбылыстардан «Қазақстан» арнасы да тыс қалған жоқ. Осы өзгерістердің бәрін қабылдай отырып, жаңаша кезеңге өтті. Заманауи адам мен қоғамның өмір сүру деңгейі техника жетістіктерімен анықталады. Неміс әлеуметтанушысы Ю. Хабермас «Техника и наука как идеология» деген еңбегінде «Техника представляется современному человеку в виде формы изделия (конструкция, дизайн, широкие технические характеристики и т.д.) и в виде идеи (особенности восприятия технического достижения с точки зрения его образа, смысла и целей), оказывающих серьезное воздействие на сознание и внутренний мир людей. Все это приводит к появлению технократического сознания у большинства членов современного общества», – (Habermas J., 1974) деген анықтама берген болатын.

Ұлттық арна құрылымында қоғамдағы құбылыстарға байланысты өзгерістер ұдайы болып тұрды. «1990 жылдары Қазақ теледидарында телехабарларды қабылдап, талқылайтын көркемдік кеңес өз жұмысын тоқтатты. Егер сол кеңес күні бүгінге дейін тұрақты, әрі сындарлы жұмыс істегенде, «мынау хабар мазмұнына сай емес; көрініс пен мәтін арасында алшақтық бар; әңгімелеушінің әңгімесі табиғи қалпында емес; музыкамен көркемдеуде дыбыс режиссерінің кемшілігі мынау» деп, кем-кетігін түзеп отырар еді. Сценарийде кемшіліктер қайталанбай, әңгімелеу табиғи қалпында өтіп жатса, экран түрленіп, жабар ажарланып, көрініс пен мәтін қиюласып, жұмыр дүние өмірге келеді», (https://kazakh-tv.kz/.../) Дайын мәтіндерді мәнерлеп, көркемдеп аудиторияға жеткізетін, сөздің эстетикалық мәніне мән беретін дикторлар қауымының орнын жүргізушілер басты. Эфирде ала-құлалық пайда болып, тіл заңдылықтары бұзылатын жайлар кездесті.

Өзі басшылық жасаған тұстағы хабарлардың мазмұны жайлы Ғ. Шалахметов былай деп жазған еді: «Мүмкіндігінше сөзуарлықтан, жалаң фактілер мен цифрлардан арылып, кісіге ой салатын материалдар беріп, өмір тәжірибесінің өзінен туған игілікті бастамаларды жан-жақты насихаттау басты нысанаға айналды». (Ғ. Шалахметов, 1986)

Л. Бекетова – 1993-94 жылдары ҚР Телевидение және радиохабар Корпорациясының Президенті болып тағайындалды. Бұқаралық ақпарат құралдарын реформалауда ол өзін батыстық үлгімен таныта алды. 1990 жылы ол өзіне тиесілі «Таң» телекомпаниясын ашқан. 1991 жылдың наурыз айынан бастап арна Алматы облысы және қаласына хабар таратты. ТК «ТАҢ» тұңғыш коммерциялық телеарна болып саналады. (Л. Бекетова, 1986) «Осы жылы телевизия басшысының Қазақстан халықтары достығы қоғамының Президиумына мүше болып сайланады да, шетелдермен байланысы күшейеді.

1993 «CNN World Report Contributors Conference» деп аталған халықаралық конференцияға өткізіледі. (https://kk.wikipedia.org/wiki/)

Осы алқалы жиында Л. Бекетова «Breaking Stereotypes: How TV news Can Shape, How we view each other in the East and West» (Л. Бекетова, 1986) деген тақырыпта баяндама жасап, Қазақстан телерадиохабар жүйесінің интеграциялық процесіне үлес қосуға ұмтылады. 1993 жылы Қазақстан Республикасының үкіметіне телевизияға реформа жасауды және қоғамдық телевизия өтуге ұсыныс жасайды. Осы бастамаға орай «Организационно-экономический механизм общественного телевидения» деп аталатын еңбек жазады. Ол батыстық телекомпаниялармен байланысты күшейтуге бар күшін салған және халықаралық тәжірибе ғана ел телевизиясына әсер етеді деп есептейді. Сөйтіп CNN компаниясымен келісім жасалады.

https://kk.wikipedia.org/wiki/)«Star-Terre»инициативасы Арал теңізі экологиясына байланысты француздармен жасалған жоба болатын. 1995 жылы корпорация ҚР баспасөз және байланыс Министрлігіне қосылады. Алғашқы коммерциялық «ТАҢ» телекомпаниясы ЮНЕСКО, Inter News, BBC т.б. көптеген шетелдік компаниялармен жұмыс істей бастайды. Бұл тұстағы ең басты өзгеріс ақпараттар легі сағат сайын қайталанатын болды. Л. Бекетова барлық коммерциялық телевизиялар корпорациясын құруға ұсыныс жасады. Бұған қарсылық танытқандар 1995 жылы наурыз айында тәуелсіз электронды бұқаралық ақпарат құралдары ассоциациясын құрды. Оған 83 қазақстандық және 3 Орталық Азия телекомпаниялары кірді. Коммерциялық телекорпорациялардың бірігуі ұлттық, мемлекеттік телеарналардың азаюына, олардың рейтингтерінің төмендеуіне әкеліп соқты. Ұлттық телеарна аудиториясы 27 пайызды ғана құрады. Ел бойынша тек «Хабар» арнасының ақпараттары ғана берілетін. Қалған уақытта 19 облыстық телеарналар хабар тарататын. Шетелдік насихатқа толы деректі фильмдердің көрсетілу мөлшері дәл осы тұста арта түсті. Л. Бекетова басшылығы ұлттық идеологияға қарсы жұмыс істей бастады. 1994 жылы телекомпания ИНТЕЛСАТ ұйымына мүше болды. Осыдан барып әлемдік ақпараттық арналардың жұмысына үйлестірілген «Хабар» агенттігі ашылды. 1994 жылы «Хабар» агенттігін басқаруға Д. Назарбаева келген болатын. (Нұрсұлтан Назарбаев, 2017) «Хабардың» жанынан «Еларна», «Caspionet» құрылды. Мемлекетке бағынбайтын телестудиялар саны екі жүзге жетті. Шетелдік телеарналар тәжірибесінен үлгі алу дәстүрге енді. Шетелдік журналистердің ашықтығы, өз сұрақтарына нақты жауап алуға ұмтылулары белең алды.

1994 жылы мемлекеттік арналар дағдарыста болды, осы жылдың соңына қарай ұлттық телевизияның рөлін көтеруге әрекет мемлекет тарапынан жасала бастады. Телевидение мен радионың үкімет саясатын жүргізудегі айрықша рөлін түсінген зиялы қауым ашық хаттар жариялап, басшылар тарапынан шаралар жүзеге асырыла бастады. Республикада бірыңғай ақпарат кеңістігін құрып, оның әлемдік процеске енуін қамтамасыз етіп, материалдық-техникалық базаны жақсартып, телевизия сферасында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандырып, ұлттық арнаның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін үкімет тарапынан қолдаулар көрсетіле бастады.

Әлемдік қоғамдық формациялардың әсері республика телевизиясының қызметіне көп өзгерістер әкелді. « Қазақ ТВ ақпараттық қызметі негізінде 1995 жылы құрылған, бастапқы атауы – Ұлттық Телевизиялық Ақпараттық Агенттік (ҰТАА). Қазір ол қазақ және орыс тілдерінде тарайтын, шамамен 13 миллион көрермені бар елдегі алдыңғы қатардағы ұлттық арна. Компанияда 600-ден астам адам жұмыс істейді. Хабар таратуда жаңалықтарға басымдылық беріледі. Ақпаратты берудің негізгі ұстанымдары – жылдамдық, сонылық, толыққандылық пен объективті көзқарас. Ақпараттық бағдарламалар

эфир уақытының үштен бір бөлігін алады. Ақпараттық бағдарламалар дирекциясында екі жүзден астам қызметкер бар. Ақпарат Қазақстандағы 14 және ТМД елдеріндегі төрт жеке меншік тілшілер бөлімінен жиналады. өз репортаждарымыз Солтүстік жартышардың негізгі 12 елінен де әзірленеді. Осының арқасында, Агенттік ауқымы Қазақстанның өзге ақпараттық компанияларына қол жетуі қиын тілшілер жүйесіне ие. Осыған қарамастан, «Хабар» шетелдік меншікті тілшілер қосындарын жоспарлы түрде көбейтіп келеді. өз ақпараттарымен қатар компания әріптестік бағдарламалар аясында әлемдегі алдыңғы қатарлы ақпараттық агенттіктер өнімдерін де пайдаланады». («Жетісу» газеті, 1999)

Экономикалық саясаттың мешеуленгені, кеңестік басқару жүйесінің дағдарысы, республикалардың бөлінуі т.б. бірқатар қоғамдық формациялар әсерінен телевизияда жеке тұлғалық фактор пайда бола бастады, яғни бұрынғыдай эфирде тек жалғыз диктор ғана отырып, журналистердің дайындаған мәтіндерін оқып отырмайды, хабардың пішініне орай комментатор, репортер, жүргізуші, сұхбат алушы шығатын болды. өзі дайындаған хабарын эфирге өзі алып шығатын журналистер көбейді. Дикторлық журналистика тілшілік журналистикаға ауысты. Мұның өзі қазақ тілінің стилистикасының өзгеруіне, грамматикасының бұзылуына әкеліп соқты. Сөз жасам құрылымы өзгерді. Диалектілерді пайдалану көбейді. «Стенд-ап» немесе өзінің авторлық бет-бейнесін көрсету белең алды. Оған дейін дикторларды сыртқы бет әлпетінің көріктілігіне қарай конкурспен арнайы комиссия қабылдайтын. Яғни, хабарлардың эстетикалық жағы телетілмен айтсақ, екінші планда қалды. Әрине, бұл тәсілдің жақсы жақтары да болды. Кадрда автор әрі жүргізуші болып тілшінің өзі шығатын болса, онда ақпаратқа деген сенімділік артады. Деректі телехабар үшін қажетті факторлардың бірі осы.

Журналистика үкіметке сыни көзқарас танытып, көрерменді пайдалану арқылы өз пікірлерін, көзқарастарын білдіретін болды. Мұндай журналистика алғаш рет коммерциялық «КТК» телеарнасында қолданылды. Осы форматта жаңалықтар таратын «Таң», «Тотем» және «31» сияқты телеарналар жұмыс істей бастады. Яғни, қоғамның жақсы жақтарынан гөрі кемшілік тұстарын айтуға жол берілді. Көрерменге негативті ақпаратты ұсыну үшін оқиғаны бұрмалап беруге дайын тұратын тенденция пайда болды. 1989-1990 жылдары республика дағдарысты бастан кешірген тұста халық арасында жаппай жұмыссыздық, кедейшілік сияқты әлеуметтік құбылыстар етек алды. Осындай ауыр жағдайларды бастан кешіріп жатқан, ашынған халық үкіметті сынайтын, мінейтін журналистика арқылы өз сұрақтарына жауап тапқандай болатын еді.

Жариялылық ел өмірінде қарқынды құбылысқа айналды. Бірінші басшының аузынан шыққан сөзді БАҚ қағып алып, ұрандатып ала жөнеледі. Бірінен бірі асыра айтуға тырысты. Жариялылықтың арқасында бұрын тыйым салынған дүниелерге жол ашылып, тарих ақтаңдақтарын зерделеу басталды. Желтоқсан оқиғасы, Алаш орда үкіметі мүшелерін ақтау, саяси қуғын-сүргін құрбандарына жаңаша саяси көзқарас сияқты тақырыптарды ашуға ұмтылушылар молая бастады. Қазақ телевизиясында Н. Иманғали, Қ. Олжай, С. Жирешина, Д. Қайып, Ұ. Айтөлен және т.б. журналистер жылдар бойы айтылуға, жазылуға, басылуға тыйым салынып келген тақырыптарды қозғады. Атеистік идеологияның көлеңкесінде қалған дін мәселесіне жариялылықтың шарапаты тиіп, бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе телевизияда діни хабарлар көбейді. Нашақорлық, жезөкшелік, СПИД, коррупция, қылмыстық элементтер сияқты қоғамда кездесетін келеңсіздіктер кейіпкерлерінен сұқбат алуға бетбұрыс басталды. Үкімет басшыларын сынап-мінеу, әшкерелеу мүмкіндігі туды.

1980-1990 жылдардағы демократизация және жариялылық бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын түбегейлі өзгертті. Журналистиканың беделі артты, оған деген сенім күшейді. Телевизияға жігерлі журналистердің жаңа толқыны келді. Хабарларда жүргізушінің рөлі артты. Көрерменнің сұранысына бейімделген хабарлар пайда болып, яғни алғашқы форматты телевизиялар өмірге келе бастады.

Ресей үкіметінің ыдырауы басталуымен бірге, ортақ ақпараттық кеңістік те тарады. Қазақ телевизиясы тәуелсіз елдің мемлекеттік электронды ақпарат құралы ретіндегі жұмысын бастады. Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарымен бірге коммерциялық бағыттағылар да жер-жерде құрылды. Хабарлардың дені көрермендер санын арттыру мақсатында ақпараттық-көңіл көтерушілік бағдарламасына қарай ойыса бастады. Сюжет барысында журналистің өзін жарнамалауы белең алды. Арнайы репортаждар беру үрдісі арта түсті. Ақпараттық бағдарламалар соңында авторлардың өз есімдерін оқи бастауы «Хабар» ақпараттық агенттігінің

жаңалықтар шығарылымында қолданылды. Кейін ол барлық телевизияларда қолданылатын болды. Қазақстандық телеарналарда жаңалықтар бағдарламалары хронометражы өзгеріске түсті. «Қазақстан» телеарнасы сағат сайынғы интервалмен емес, 3 сағаттық үзіліспен шығатын болды.

2000 жылдары жаңа ғасыр жаңаша леп әкелді. Жарқын болашаққа деген сенім пайда бола бастады халықта. Әлемді тану басталды. «Жер жаһанға саяхат» атты деректі сериал жер жүзі халықтарының салт-дәстүр, елдік ерекшеліктерін даралайтын жаңаша жоба болды. Арна тек қазақ тіліндегі хабарлармен ғана шектеліп қалмай, қазақстандық өзге ұлттар мәртебесіне де назар аударып отырды. Мысалы, «Kazachstan im Blikpunkt», «Ури миндег», «Висал» т.б. сияқты бағдарламалар өз аудиториясын тауып жатты. Шетелдерде де ұлттық телевидениелер жұмыс істейтін болды.

Тікелей эфир хабарлары жаңаша сипат алды. Мысалы, «Жас Алаш» газетімен бірлескен жоба «Бар мен жоқ» ток-шоуы шығарылды. Тұтынушыларға арналған «Аларман» хабары да қажеттіліктен туған болатын. «Ақжүніс» телеклубы да бірнеше маусымда табысқа жеткен хабарлардың бірі болды. «Аңсар» атты қазақ лирикасының бейнеантологиясы ашылды. «Мир – МТРК-ның» «Вместе» бағдарламасы да пішіндік, жанрлық жағынан тартымды шыққан дүние болды.

«Central Asia Monitor» сайтының деректері бойынша «1990 жылы республикада бар-жоғы 10 мемлекеттік газет-журнал, 21 телерадиоарна болса, қазір 2005 жылғы мәліметтер бойынша тұрақты шығып тұратын 2116 БАҚ бар, оның 80 пайызы мемлекеттік емес деп көрсетілген». Яғни, бұл жылдарда жарнамамен өмір сүретін коммерциялық арналар көбейген. Эфир бәсекесі арта түскен. 2004 жылы БАҚ-тың ақпараттық бөлігі – 55%, ғылыми – 10,5 %, қоғамдық-саяси – 17%, жарнамалық – 10,5%, балалар, жастар және діни әрқайсысы – 2%, әйелдер – 1% иеленген. 11 тілде хабар таратылды. Ұлттық БАҚ мемлекеттен тұрақты түрде қаржылық көмек алып тұрады.

Осы тұста «Елдің қоғамдық өміріндегі әйелдердің рөлін көрсетудегі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ұйымдастыру» деп аталатын үкімет құжатына орай БАҚ саласында әйелдердің жетекші рөлін дамыту бағытына бет бұрылып, біраз ауқымды істер атқарылған. «Хабар» агенттігінің президенті Д. Назарбаева, «Дружные ребята» газетінің бас редакторы С. Луценко, «Отечестводағы» О. Квятковская, «Ақ желкен» (М. Қожахметова), «Жұма – пятница» (С. Синицкая), т.б. еңбектеріне мән беріліп, БАҚ-тағы әйелдер қызметі бағаланды. Осы бағытта ұлттық арнада да хабарлар ұйымдастырылды. «Қазақстан» арнасы осыған орай отбасы, қоғамдағы ана рөлі, балалар өмірі сияқты мәселелерге арналған бағдарламалар жасады. Әсіресе, «әй, Керім!», «Бесігіңді түзе!», «Кешкі кездесулер» хабарлары ерекше сипатқа ие болды.

Кеңес одағы тұсында бір орталықтан басқарылып келген ұлттық телеарналардың бірі ретінде қазақ телевизиясына шетелдік, ресейлік телеиндустрияның әсері зор еді. Телевизия алғашқы жылдары идеологиялық құрал ретінде рөл атқара алған жоқ. Телевизияның ақпараттық ағымды игеруі жаңа технологияға тәуелді болды. Телевизияның дамуына техникалық құрылғылар ғана емес, көрермен аудиториясының өсуі, көбеюі де әсер етті. Біртіндеп насихатшылық қызметі белең алды.

Мақсаты

Телевизия – мемлекеттік, қоғамдық талаптар, жарғылар, нұсқаулықтар, реттеуші кодекстер, жалпыадамзаттық нормалар мен құндылықтар бағытына қарай жұмыс істейтін әлеуметтік институт. Сондықтан да қоғамдық реформалар бағытында ақпарат таратуы заңдылық. Телевизия өз елдігін сақтауға қызмет етуі тиіс. АҚШ телевидениесі өз кодексінде мәселен, Американың мүддесі мен игілігі үшін жұмыс істейтінін жазып қойған. «Біз мемлекеттік арна бола тұрып өз мемлекетіміздің мүддесі үшін жұмыс жасаймыз». (https://spartacus-educational.com)

Тарих сахнасындағы жариялылық кезеңнің БАҚ-тың дамуына еткен әсері зор болды. Шыңғыс Айтматов «жариялылық» сөзінің мәнмағынасын былай түсіндіреді: «Жариялылық бізді бостандыққа жетелейтін және қиын-қыстаудан алып шығатын жол. Бостандық өмір бойына алынған болып есептелмейді. Бостандыққа қол жеткізудің құралы болып қалатын жариялылық бостандықтың негізін құрайтын бөлікке айналады». (Айтматов Ч., 1986)

2017 жылдың 12 сәуірде БАҚ беттерінде ҚР тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы** жарияланған болатын. Осы мақалада: «өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды.

Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.

Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді.

Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады.

Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды», – деп қоғамға сипаттама айқын, нақты берілген. Әрине, уақыт пен дәуір тарих парақтарынан құралады. Оған тек біржақты қарауға да болмайды. Әр тарихи кезеңнің жақсы жақтары да, келіспейтін жақтары да болады. Оны шындық безбеніне салу, ұрпақтар санасына ақиқатты түрде жеткізу зерттеуші ғалымдар құзырында. Қоғам өмір сүруін жалғастырады, тарих оны саралайды. Бұл тұрғыда тағы да ел Президентінің сөзіне сүйенетін болсақ:

«Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді. Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес. (Н. Назарбаев, 2017)

Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды. Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз.

Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі», – деген түйіні осы зерттеу жұмысының бағдары болмақ.

«Бұл сипаттамадағы айтылған жайлар бүкіл қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының да тағдырына қатысты болды. Қоғам басынан өткен революциялық және эволюциялық жаңғырулардың бәріне ұлттық журналистика үн қосты, ұлттың ұлт болып қалыптасуына, болмысын сақтап қалуына айрықша үлес қосты. «Қазақстан» ұлттық арнасы да бұл құбылыстардан шет қалмай, еңбек етті. Оған дәлел – көрсетілген туындыда жазылған жылдар шежіресі».

Қорытынды

Тележурналистиканың міндеті – деректерді тізбелеу емес, кемшіліктің бетін ашу, қоғамдық пікір қалыптастыру. «Жеке фактілер жинақталып, терең оймен ұсынылуы керек. Дәлелді, өткір, ықпалды әсер ететін шығармалар керек». «өнер дүниесі ең бірінші айтар жаңаша ой сілемімен құнды. Бұл жоқ жерде өнер қашанда тұл. Оқушысын, көрушісін еліктіріп, басқа дүниені мүлдем ұмыттырып, ойлантпаған, толғантпаған өнер шығармасының ғұмыры қысқа».

XXI ғасыр телевизиясы – басты ақпарат құралы; адамды психологиялық жағынан басқаруды меңгерді; қуатты технологиялық құралдар арқылы қоғамдық пікірге әсер ете алатын болды. Тележурналистер көтерер жүк ауқымды: мемлекеттің ішкі тұрақтылығын, ақпарат қауіпсіздігін сақтай отырып, халықтың қоғам мен билікке деген, бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенімін қалыптастыру.

Қазіргі ақпараттық тасқында жетекші орынды телевизия алып келе жатқаны белгілі. Француздың «Mediametrie» компаниясы әлемнің 72 елі қамтылған зерттеуінде телевизия аудиториясының 1,4 млрд. адамнан асатындығын және соның әрқайсысы күніне телехабар көруге орташа 3,4 сағат уақытын жұмсайтындығын анықтаған. Пекиндегі олимпиаданың ашылу салтанатын бір мезгілде 1,5 миллиард көрермен көрді деген де мағлұмат бар. Яғни, қазіргі таңда негізгі қарым-қатынас, яғни коммуникациялық құрал телеэкран болып отыр. Жеке отбасылық, болмаса қызметтік қарым-қатынасқа да осыншама көп уақыт жұмсалмайтынын ескерсек телевизияның қуатты идеологиялық құрал екендігі байқалады. «...адамдардың рухани санасына айрықша ықпал ететін, тактикалық, стратегиялық мәні зор телеқаруды қолда бекем ұстамай халқымыздың көсегесі көгермейді», – деген телевизия ардагері Сұлтан Оразалының пікірінің мәні бұл күнде тереңдей түскендей. (С. Оразалы, 2011)

«Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни

болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыруатаулыбұрынғыдайтарихитәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – ұлттық кодты сақтай алу жолындағы шараларды халыққа түсіндіріп отыратын бұқаралық ақпарат құралдары екенін Елбасы меңзеп отыр. Қандай журналист болмасын, ол қай салада істемесін, оның шығармашылығының негізгі компоненті өмірдің өзі және қоғамдағы адамдар мен оқиғалар.

Әдебиеттер

Айтматов Ч. (1999) Перестройка, гласность – древо выживания // «Правда» газеті.

Бекетова Л. (1996) «Организационно-экономический механизм общественного телевидения». – Алматы: Дәуір, – 240 б.

Бекниязов Т. (2001) Публицистика жайын ойласақ // ҚазҰУ хабаршысы: журналистика сериясы. №3. 36-39бб.

«Документы о стажировках молодых специалистов ВУЗ-ов» за 1986-1987 г.г.

Дулатов М. Шығармалар жинағы.

«Жетісу» газеті. (1999) Нұртілеу Иманғалиұлының сұхбатынан.

Кольцова Е. (1999) Массовая коммуникация и коммуникативное действие //Социологический журнал. – М., № 1-2

Қабылғазина К. (2018) Қазақ телевизиясының тарихы //«Қазақ университеті»

Нұрсұлтан Назарбаев. (2017) Егемен Қазақстан **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».**

Назарбаев Н. (2017) Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//«Егемен Қазақстан».

Отчеты о работе кадрами за 1986-1987 г.г./ F.794, op.1 d.№801 p.13

Оразалы С. (2011) «Теледидар өнері», 'Foliant' баспасы, 101 б.

Пинскер Б. Бой с собственной тенью. // Pro et Contra, том 4, № 1, с. 56.

Смайылов К. (1984) Жоғары талапқа сай//Социалистік Қазақстан.7 май.

Тұрсын Қ. (2013) Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары: монография. 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті.

Шалахметов Ғ. (1986) Насихаттың әмбебап құралы // Социалистік Қазақстан.

Habermas J. (1974) Technik und Wissenschaft als «Ideologie'. Frankfurt-a. – M.

Mark Kramer. (1998)»The Soviet Union and the 1956/Crises in Hungary and Poland: Reassessments and New Findings», *Journal of Contemporary History*, Vol. 33, No. 2, April, p. 210.

"Profile of Salvador Allende". (2003)BBC. 8 September.

Reddaway P., Ginski D. (2001) The Tragedy of Russia Reforms: Market Bolshevism against Democraty. Washington, D.C.: US Inst, of Peace Press, p.249.

Video (in Hungarian): The First Hours of the Revolution. director: György Ordódy, producer: Duna Televízió – Fonds 306

References

Aitmatov Ch. Perestroika, glasnost – drevo vizhivaniya [Reparation, publicity – the survival tree] / «Pravda» gazety. (1988)

Beketova L. «Organizatsionno-economicheskiy mehanizm obshestvennogo televideniya» [The organizational-economic mechanism of the public television]// Almaty: Dauyir– 240б. (1996)

Bekniyazov T. Publicistika zhaiyn oilasak [If think about publicism]/ //*QazUU habarshysy: zhurnalistika seriyasy.* №3. 36-39p. (2001)

Dokumenty o stazhirovkah molodyh specialistov vuzov» [Documents on internships for young specialists of universities] (1986-1987)

Dulatov M. Shygarmalar zhinagy [Complitation of works]Nurtileu Imangaliulynyn suhbatynan/ [Nurtileu Imangaliulynyn intervew] */"Zhetysu" gazeti*. (1999)

"Zhetysu" gazety (1999) Nurgali Imangaliulynyn suhbatynan

Koltsova E. Massovaya communikaciya i communikativnoye deistviye. Sociologicheskiy zhurnal [Mass communication and communicative action. Sociologic journal] / M., № 1-2 (1999).

Kabylgazina K. Qazaq televiziyasynyn tarihy [The history of the Kazakh television]*//«Qazaq universitety»* (2018)

Nursultan Nazarbayev. Bolashaqqa bagdar: ruhani zhangyru [Orientation for the future: spiritual revival]//12 sauyir (2017)

Nazarbayev N. Bolashaqqa bagdar: ruhani zhangyru [Orientation for the Future: Spiritual modernization «Egemen Qazaqstan»]. (2017)

Otchety o rabote s kadrami za 1986-1987 g.g.[Personnel Reports in 1986-1987]// F.794, op.1 d. №801 p.13

Orazaly S. «Теледидар өнері» [The art of TV] //'Foliant' baspasy, 101 p. (2011)

Pinsker B. Boy s sobstvennoy teniu [Fight with your own shadow]// Pro et Contra, том 4, № 1, с. 56. (1999)

Shalahmetov G. Nasihattyn ambebap quraly [Universal means of propaganda] / *Socialistyk Qazaqstan.* (1986)

Smayilov. Zhogary talapqa say [Corresponds to the high level] // Socialistik Qazaqstan. 7 may. (1984)
Tursyn K. Qazaq zhurnalistikasy: qalyptasu, damu problemalary [Formation and d evelopment of Kazakh TV journalism]/ Monografiya. 2-basylym. –Almaty. Qazaq universitety. (2013)
Habermas J. Technik und Wissenschaft als «Ideologie'/Frankfurt-a.-M. (1974)
Mark Kramer. «The Soviet Union and the 1956 /Crises in Hungary and Poland: Reassessments and New Findings»// *Journal of Contemporary History*, Vol. 33, No. 2, April, p. 210. (1998)
"Profile of Salvador Allende". BBC. 8 September. (2003)
Reddaway P., Ginski D. The Tragedy of Russia Reforms: Market Bolshevism against Democraty. Washington, D.C.: US Inst, of Peace Press, p.249. (2001)
Video (in Hungarian): The First Hours of the Revolution. director: György Ordódy, producer: Duna Televízió – Fonds 306

Электрондық әдебиет көздері:
Allbest (http://www. allbest. ru/)
Context (context.reverso.net)
Citcity (citcity.ru›13426)
Forums (forums.watchuseek.com)
Global security (globalsecurity.org)
Gpedia (gpedia.com)
KazakhTV (
https://kazakh-tv.kz/.../)
Kiberleninka (
https://cyberleninka.ru/)
Kontur (
www.contur.kz/node/2148)
Mediaalien (
https://www.tol.org/.../3053-media-alienation-in-almaty-ethnicity-an...)
Sputnik (ru.sputnik-tj.com)
Wikipedia (
https://kk.wikipedia.org/wiki/)
Wikipedia (Military Coup in Chile (https://spartacus-educational.com) / American History
Wikipedia (
https://kk.wikipedia.org/wiki/)
Wikipedia (
https://ru.wikipedia.org/wiki)

Electronic resources:
Allbest (http://www. allbest. ru/)
Context (context.reverso.net)
Citcity (citcity.ru›13426)
Forums (forums.watchuseek.com)
Global security (globalsecurity.org)
Gpedia (gpedia.com)
KazakhTV (
https://kazakh-tv.kz/.../)
Kiberleninka (
https://cyberleninka.ru/)
Kontur (
www.contur.kz/node/2148)
Mediaalien (https://www.tol.org/.../3053-media-alienation-in-almaty-ethnicity-an...)
Sputnik (ru.sputnik-tj.com)
Wikipedia (https://kk.wikipedia.org/wiki/)
Wikipedia (Military Coup in Chile (https://spartacus-educational.com) / American History
Wikipedia (
https://kk.wikipedia.org/wiki/)
Wikipedia (
https://ru.wikipedia.org/wiki)

IRSTI 19.21.07

Kutpanbayeva Zh.[1], Mukhamedyeva N.[2], Orazbekova Z.[3]

[1]Lecturer, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Zhaz2704@mail.ru
[2]Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail:nazym19038181@gmail.com
[3]Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zeineoe67@rambler.ru

MASS CULTURE IN THE PUBLIC CONSCIOUSNESS

The article considers new means of influencing the public consciousness, all kinds of forms and styles of expressing socialization and management, which allow us to achieve a better result in influencing the public consciousness. It is largely determined by the cultural transformations associated with the formation of a new social model that Kazakhstan has experienced over the past decade.The main goal of this article is to identify the main methodological aspects of its research, summarizing the material accumulated by science and focusing on debatable or unresolved issues, to reveal the mechanisms of distribution and social functions of mass culture in modern society. In a society that has shifted to a new stage of historical development, the role and the range of functions performed by mass culture are significantly changing, which is largely due to the increase in the number of subjects of historical activity who are carriers of the values of this type of culture.The change in the economic and political project was reflected in research practice, where mass culture, analyzed critically before, began to be viewed as a historically inevitable education, organically connected with democratic structures, performing a number of important functions in post-industrial society. In the conditions of the existence of pluralism of ideologies, the need for a balanced analysis of mass culture as a specific sociocultural phenomenon becomes particularly urgent. Meanwhile, mass culture not only does not give up its place to an elite culture, but continues to exercise intense influence on it, acting in the modern age as the main form of the existence of culture. The author also touches upon aspects of the modern communication revolution and connects it with the media development process unprecedented in history and with their all-pervading influence on public life.

Key words: mass culture, communication, manipulation, management, propaganda, commercialization of public relations.

Құтпанбаева Ж.[1], Мухамедиева Н.[2], Оразбекова З.[3]

[1]оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Zhaz2704@mail.ru
[2]аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nazym19038181@gmail.com
[3]аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zeineoe67@rambler.ru

Қоғамдық санадағы жаппай мәдениет

Мақалада қоғамдық санаға әсер етудің жаңа құралдары, әлеуметтендіру мен басқарудың әр түрлі формалары мен стильдері қарастырылады, олар қоғамдық санаға әсер етуде неғұрлым сапалы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл соңғы онжылдықта Қазақстанда болған жаңа әлеуметтік модельдің қалыптасуымен байланысты мәдени өзгерістермен айқындалады.

Мақаланың мақсаты – зерттеудің негізгі әдіснамалық аспектілерін анықтау, ғылыммен жинақтаған материалды қарастырып, пікірталас немесе шешілмеген мәселелерге назар аудара отырып, қазіргі қоғамдағы жаппай мәдениеттің әлеуметтік функциялары мен тарату механизмдерін ашу. Тарихи дамудың жаңа баспалдағына көтерілген қоғамда, мәдениеттің құндылықтарын жеткізуші тарихи жәдігерлердің субъект санының артуына байланысты, жаппай мәдениеттің рөлі

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

айтарлықтай өзгеріп, оның функцияларын қолдану аясы кеңеюде. Сыни жоспарда сараптамадан өтілетін жаппай мәдениеттің зерттеу тәжірибесінде де экономикалық-саяси жобаның өзгеруі байқалды. Ол енді постиндустриалды қоғамда маңызды функциялар қатарын атқаратын, демократиялық құрылымдармен органикалық түрде байланысқан тарихи білім ретінде қаралатын болды. Өлшенген сараптаманың идеологиялық плюрализмі бар болған жағдайда, жаппай мәдениеттің әлеуметтік-мәдени феномені ерекше императивті болады. Соның арасында, жаппай мәдениет элиталық мәдениетке бірінші орынды беріп қана қоймай, оған заманауи мәдениеттің өмір сүруінің негізгі формасы ретінде зор ықпал етеді. Сонымен қатар, автор заманауи коммуникациялық революцияның аспектілерін көрсетіп, оны БАҚ-тың даму тарихы мен оның қоғамдық өмірге әсерімен байланыстырады.

Түйін сөздер: жаппай мәдениет, коммуникация, манипуляция, басқару, үгіт-насихат, қоғамдық қатынастардың коммерционализациялануы.

Кутпанбаева Ж.[1], Мухамедиева Н.[2], Оразбекова З.[3]

[1]преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Zhaz2704@mail.ru.
[2]старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nazym19038181@gmail.com
[3]старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: zeineoe67@rambler.ru

Массовая культура в общественном сознании

В статье рассматриваются новые средства воздействия на общественное сознание, всевозможные формы и стили выражения социализации и управления, которые позволяют добиваться более качественного результата в воздействии на общественное сознание. В значительной мере оно определяется культурными трансформациями, связанными с формированием новой социальной модели, которую испытал Казахстан в течение последнего десятилетия. Цель статьи – определить основные методологические аспекты исследования, обобщая накопленный наукой материал и заостряя внимание на дискуссионных или нерешенных вопросах, раскрыть механизмы распространения и социальные функции массовой культуры в современном обществе. В обществе, перешедшем на новую ступень исторического развития, существенно изменяется роль и расширяется круг функций, выполняемых массовой культурой, что в большой мере связано с увеличением числа субъектов исторической деятельности, являющихся носителями ценностей этого типа культуры. Изменение экономико-политического проекта отразилось и на исследовательской практике, где массовая культура, анализируемая прежде в критическом плане, стала рассматриваться как образование исторически неизбежное, органично связанное с демократическими структурами, выполняющее в постиндустриальном обществе ряд важных функций. В условиях существования плюрализма идеологий необходимость взвешенного анализа массовой культуры как специфического социокультурного феномена становится особенно настоятельной. Между тем, массовая культура не только не уступает свое место культуре элитарной, но продолжает осуществлять на нее интенсивное воздействие, выступая в эпоху современности в качестве основной формы существования культуры. Авторы также затрагивают аспекты современной коммуникационной революции и связывают ее с невиданным в истории процессом развития СМИ и с их всепроникающим воздействием на общественную жизнь.

Ключевые слова: массовая культура, коммуникация, манипуляция, управление, пропаганда, коммерциализация общественных отношений.

Introduction

A modern journalist does not need to turn to special philosophical scientific and theoretical developers in understanding the fundamental problems of human communication. Media influence on humanity is constantly increasing, the success of socio-political and economic reforms carried out in Kazakhstan's society during the years of independence, largely depended on the quality of information and communication services to society. But the modern communicative space of Kazakhstan has not yet received an adequate scientific and theoretical philosophical understanding. But the modern communicative space of Kazakhstan has not yet received an adequate scientific and theoretical philosophical understanding. (Apel K.2001) The experience of the socio-philosophical analysis of the ethical-axiological, procedural, activity and semantic-semiotic nature of the communication itself will help to explore the manipulative-propaganda mechanisms of mind control in the media.For the development of democratic institutions in Kazakhstan, the further development

of the communicative culture in the sensible management of the dialogue with the media, including the dialogue of worldviews, is relevant. Especially in a multinational Kazakhstan society, where changes in mentality associated with cultural multilingual impose new requirements on modern communicative culture. (AverintsevS.S.Yaspers Kari 1993) In the context of such cultural multilingualism, attention should be paid to ethical (moral) norms of mental behavior, designed to regulate the course of modern thinking towards the achievement of mutual understanding and joint solution of national problems. However, the increasing abuse of mass media by manipulative propaganda mechanisms creates authoritarian controllability of society, which deprives it of the worthy right to be masters of their own democratic ideas.

Literature review

Numerous scientific works on communicative culture and methods of audience management are, unfortunately, mainly interdisciplinary. In the twentieth century, in addition to the philosophy of communication, many other sciences were studied: aesthetics, cultural studies, philology, social psychology, sociology, rhetoric, semiotics, journalism, etc. The most famous American, Western European and Russian scientists who have made a great contribution to the study of communicative culture are TV Adorno, K.O. Apel, R. Barth, G.S. Batishchev, M.M. Bakhtin, V.S. Bibler, M. Buber, M.S. Kagan, G. Lebon, Yu.M. Lotman, N. Luhmann, M. McLuhan, M.K. Mamardashvili, C. Morris, K. Mark, T. Parsons, C. Pierce, B.F. Porshnev, V.Ya. Propp, J.-P. Sart, F. Saussure, M. Scheler, V. Frankl, J. Habermas, F. Hayek, M. Horkheimer, U. Eco, R.Ya. Jacobson, K. Jaspers, as well as other authors.From the middle of the 20th century, various aspects of communicative culture entered the field of scientific research of Kazakhstani scientists. (Bodriyyar ZH. 2003). The problems of communication, communication in Kazakhstan society were studied in philosophical, historical, cultural, and socio-psychological terms from the standpoint of aesthetics, sociology, law, and linguistics. It is necessary to highlight the work of N.K. Ayupova, V.Yu. Dunaeva, G. Esima, V.D. Kurgan, K.Sh. Nurlanova, B.G. Nurzhanova. The listed authors considered the philosophical concepts of activity, communication and understanding. But Kazakhstani culture, art and mass media activities, unfortunately, have not been studied by scientists deeply and comprehensively. (Bogomolova N.N.1991)) So far, there is no integral philosophical understanding of the communicative culture in the Kazakhstan communication space, but this is necessary for many sociopolitical reasons, such as Kazakhstan's gaining sovereignty and independence, entering into market relations, creating a civil society – informatization of this society. (Barlybayeva S.KH. 2005)In general, the Republic of Kazakhstan is justly striving to integrate into the global community of developed countries, but for this, information, technical, technological and, of course, cultural integration is especially necessary. All this is an integral part of the development of the Republic of Kazakhstan.

Main part

The concept of "mass culture" is fundamental in all conceptual research. Many cultural scientists, philosophers and media researchers turned to finding its essence and put forward their own concepts. Among such studies, it is necessary to single out the book Dialectic of Enlightenment, the European authors T. Adorno and M. Horkheimer, who presented it in the form of comparison with continuous-flow conveyor production. One of the postulates revealed by him was the proposal of a "degradation reduction" of the general level. Indeed, even in the conditions of progress, there is always a totalitarian impact of power as a form of government and direction, which can be expressed in the form of economic, political and market influence. German philosophers appreciated the principle of «giving what the public wants. And so the cultural industry becomes a consolidated union from above. (Vershinin M.S.(2001). More than that, the cultural industry is such an ideological force, which, acting in the form of a common means of communication and entertainment, and speaking under the innocent name of «mass media», in reality is an expression of unparalleled concentration of political and economic power: «The client here is not the king, so that you would want to be forced to believe in the cultural industry, it is not its subject, but an object.(Volodina M.H.2000.)The word "mass media", which is used to denote the cultural industry, gives it a harmless appearance. In reality, the matter here is not among the masses, to whom the main role is supposed to be relegated, and not in communication technique as such...The masses are not a measure, but an ideology of the cultural industry». And in this connection let us cite the culminating conclusion: «Cumulative Impact of Culture Industry – anti enlightenment» .Outwardly, the fully democratic rule "Giving what the public is willing to" hides in itself the unequal nature of the relationship between the communicator and the audience. For representatives

of the cultural industry mass consciousness is a territory, for conquering which all means can be good. It is not surprising that within these relations the most acceptable for both the communicator and the mass auditorium of the form of communication often becomes entertainment. Giving living people mental development of mannequins, the replacement of problems (that is, all that involves an autonomous, independent and upward thinking) with entertainment – this is the meaning of the managerial interaction of the cultural industry in the creation of mass audiences with the help of "entertainment".In fact, the entire mass culture, the pop culture serves as a tool for the repression of life-sense problems, existential anxiety.(Grachev G.V., Mel'nik I.K..2003). Milan Kundera, in his famous romance "The Ineffable Lightness of Being," gave reasoning about what kitsch and kitsch consciousness represent This picture of the world, says M. Kundera, from which everything is discounted, and everything that violates the bright harmonious peace of mind, simply appears to be non-existent. This is the kitsch consciousness. Our whole life is a struggle of a positive life philosophy with a kitsch philosophy, a struggle to understand the picture of the world and even something that may cause anxiety, discomfort, but it is still an integral part of our life. It is worth remembering in this case the formula of Kant: do your duty, come what may. (DotsenkoYe.L.1996) There is always a gap between real results and our goals, but, nevertheless, our task is to accept this unpredictability and be open to those opportunities that arise in life. However, the media control and manipulate these issues in their own ratings and in their circulations. Indeed, for a modern person it is a greater spiritual difficulty to open the works of the F.M. Dostoyevsky for yourself and your soul in order to experience the existential sufferings of the novel heroes and thus become spiritually richer, but it is much easier to press the button of the TV and watch a simple video clip. Mass culture entertains and does not presuppose spiritual work. Here is the choice of the man – the choice of getting the easiest way to get the spiritual information. In this regard, we consider a typical example from the modern press of Kazakhstan. In the newspaper "Vremya" in the article "Pontynaraione" by the author KseniaEvdokimenko, the hero of the material – the beginning singer-rapper declares his own behavior in the society, in which between the communicator and the auditorium there is no morality, and its place is replaced with immoral behavior.(Dudinova Ye.I.2012).Here is an example of such a change of logical meanings from the article: "... Every person has its own category of steepness. In my mind now, steepness is openness. Of course, if the Motherland needs to be protected – without question, but above all, I am a supporter of sexual exploits... ". The young artist considers it to be a compliment to hear the definition of a "terrorist" in his address, as he says:"... It is worse when you are called a nerd, who is sitting at home and crying, looking at the photo of your girlfriend who was stolen by the rich guy".

(Ibrayeva G. ZH.2000). We have before us a vivid and terrifying example of the primitive kitsch consciousness of the young man, denying the meaning of life philosophy of the human being and replacing it with animal instincts. Not from such positions of an immature person, he will not create his own life world, he will not find a way to himself. The most important content, which is in the concept of the life world, is that every given moment in time, in every given situation, a person opposes not the particular situation and the environment, but the world as a whole. We can summarize these maxims with the statement of V. Frankl: "When a person wants to come to himself, find the right path, then his path will definitely lie through this world" The British writer George Orwell, in his famous romance "1984", pointed out that the emergence of modern means of communication made it possible to more actively influence public opinion. Of course, the English writer of the twentieth century is somewhat exaggerated, since the novel refers to the genre of fiction, but the truth is in his statement, undoubtedly, is present. Indeed, a continuous information connection with reality, social environment has already become components of the daily life of the modern person. However, less and less information is needed for his social behavior and life in the society, he can get it, based only on his daily experience. But his worldview, attitudes, and role-playing behaviors are determined by the information he draws from newspapers, magazines, TV and RVs, and the invention of the Internet actually "dipped" humanity into an "information boiler". People do not part with modern gadgets (iPhones, tablets), which allow them to constantly stay in touch with the world and provide information on-line about what is happening to and around the person. As many researchers note, modern man in his daily life increasingly depends on mass communication, which creates for him a "second reality", "subjective reality", the value of which is no less significant than the influence of objective reality.

This fact repeatedly becomes important for the reason that our Kazakhstani society, following the civilized world, enters through the scientific and

technological revolution in the era of the information society, where a multitude of means of consumer action through all channels of mass communication will take a special place.(Kozybayev S.K., Noda L.P., Rozhkov A.V.,2006)

Interesting statistics on the work of mass communication in the United States are brought about by American researchers E. Aaronson and R. Pratkanis. In the United States, the dissemination of information is an industry with a turnover of more than 400 billion USD per year. There are 1,449 television stations and 4 main television networks in the country, 10,379 radio stations broadcast, 1,509 daily and 7,047 weekly newspapers are produced, more than 17,000 magazines, 9 large studios. Every year, the average American watches television for 1,550 hours, listens to radio for 1,160 hours. A typical American watches TV 30 hours a week. During the year, he viewed 38 thousand advertisements. 18 billion magazine and newspaper advertisements, 2.6 million advertising radio programs, 300 thousand television programs hunt for American every day. Residents of the United States account for 6% of the world's population, but with this they require 57% of global advertising (Porshnev B.F. 1974)

Communication saturation has led to the fact that information is impregnated at all levels of social interaction – from interpersonal communication to mass communication. And it is precisely such impacts on a person, on a person, that allow to carry out all forms of information-psychological influence, converting into large-scale phenomena of politics, economics and society.

The massive use of manipulative action leads to the fact that a citizen is socially disoriented, can accumulate social, psychological and behavioral tensions, which over time can in the form of filters distort the perception of the surrounding world, the messages emanating from the authorities, the subjects of civil society. Election political campaigns in modern society point to one common feature, which is that they unprecedentedly use state-run and commercial media, including television channels, the periodical press, radio, the Internet, and other propaganda technologiesVneshnyayapolit ikaKazakhstana v usloviyakhglobalizatsii.(Tokayev K.ZH.2000) They are increasingly oriented to achieve the highest suggestion, the maximum use of psychological factors influencing the somatic and unconscious levels of the individual and the mass psyche. In them, an increasingly weighty place today occupies propaganda.

The word "propaganda" has a relatively recent origin. The first documentary evidence of the use of this term dates back to 1622, when Pope Gregory of the 15th understood the futility of trying to restore faith with weapons and established papal propaganda as a means of coordinating efforts aimed at the "voluntary" acceptance of church doctrines by people. The term "propaganda" gained widespread use in the early twentieth century, when it was used to describe the tactics of persuasion, used during the First World War. "The concept of "propaganda", – write E. Aaronson and E.R. Prakkanis – it was from that time that he began to mean mass "suggestion" or the manipulation of the psychology of an individual. Propaganda covers many levels, using images, slogans, cliches, often playing on various emotions of an individual, and the end result will usually be "voluntary" that comes to the propagated point of view. (Khabermas YU. 2000) .But not every belief is propaganda, they say. The classical theories of the rituals of the ancient Greeks and Romans highly appreciated the reasoning that shed light on the problem that should be resolved. The final result of the debate and discussion was the attainment of truth. "The goal of modern propaganda is increasingly not in the fact that it is to inform and enlighten the person, but rather in order to push the masses to the desired position or point of view."How to distinguish propaganda from honest conviction, arousing thought and discussion? For these purposes, American researchers propose to ask the following questions: "1) Does communication stimulate thinking about the problems in question or does it cut off thinking and play on prejudice? 2) How does a communicator use emotion? A typical pro-pagandist, without understanding the means, unprincipledly plays on feelings of insecurity and insecurity, or exploits the darkest fears and offers false hope "((Porshnev B.F. 1974)The potential of modern media lies in their complexity, system, scale and focus, which is due to the following reasons. Firstly, their content is a product of the work of professional journalists, who have passed the appropriate preparation and are oriented towards the specific features of this or other information. The use of all mechanisms of influence on the psyche of people leads to a great deal of anticipation of the necessary response of the audience. Secondly, the channel and the time of its distribution, as well as other features of the "delivery" to the addressee are not "random", they are carefully thought out and calculated.Thirdly, the communicator, which has the goal to get the desired result, is preparing to communicate, in order to arouse in the audience sympathy, a desire to listen (to watch, to read) it was him, not the other person. Fourthly, there is a mass of

receptions (starting from the subconscious influence on the psyche and ending with the exploitation of the basic needs of the individual), the use of which actually "attracts" the human to the communicator, makes him imbued with the information offered. ((Tokayev K.ZH.2000)

Of all the kinds of media as an instrument of influence on the mass consciousness, the priority today is given to television for several reasons. It really is the most influential means of mass communication today. It really is the most influential means of mass communication today. Not without reason, during the periods of election campaigns, even the far from the politician, the consumer is convinced of the truth of the statement: "Who owns television – that the power in the country". (Porshnev B.F. 1974)Television acquired special value for political figures due to its ability to literally "make" promising candidates for elected posts from little known or completely unknown people, literally in front of television viewers, using television specialists, oratorical skill and even television makeup that have become widely used by television political advertising. And it is television that is "meritorious" in identifying one of the unique features of political life, which is that people without a good list are often more attractive to voters than people who have such a good list. Before the invention of television, people who are not used to be celebrity, could not run for parliament or presidency, because it could not get out to the masses. Under the conditions of television, he can become known in a very short time, especially if he looks good on television, he can appear simultaneously across the entire national radio network and television network in the most advantageous evening time, which provides a huge audience of listeners and viewers. However, you cannot count on television if you need to contribute any ideas. Any attempt to transmit with the help of television any sum of judgments, that is to say a quick monologue, comes up against what a similar monologue turns out to be unheard, in any case, the monologue remains unheard. This phenomenon has even received a kind of name – "tunnel". Journalists see their task in that in order to ruthlessly interrupt a political activist who makes such a tunnel, and without this many viewers begin to "walk on the air", that is, to look for other channels more attractive programs. Television uses other methods: emotion, enthusiasm, confidence of personal contacts, sometimes violence and almost always dramatization of events. In such a situation, any political thought must be conveyed by example and compressed into symbols

Conclusion

The special significance of the study of communicative culture in the Kazakhstani media space is due to the nature of the political, economic, and social situation of the 21st century. In this study, it is shown that in the modern world, communication and dialogue are a way of human adaptation and survival, and communication is not a simple exchange of information between subjects, but the type and level of social action and control.

In society, there are forms of communication that have a goal not in itself, but outside itself. They are a way to organize and optimize one or another type of subject activity – production, research, teaching, etc. All participants in the overall action need communication as a necessary means of ensuring its effectiveness. The value of communication as an intermediary for collective subject-related actions varies greatly depending on how big the role of the division of labor is. (Firsova B.M.1981.)

Communication practices used by journalists in the media have their own characteristics. Their context should include dialogue forms of communication, to the greatest extent relevant to the current stage of development of the information society. Only in collective creativity, taking into account the interests of all social groups and strata, is it possible to form information security and a sound Kazakhstani media space, a society moving along a truly democratic path of development. (Chumikov A.N., Bocharov M.P. 2006) The cultivation of tolerance of multinational Kazakhstan society is possible through the communication of dialogic speech, when there is a symmetry of meanings, weighted estimates are given and common positions are developed with regard to the life world.

Литература

Апель К. (2001) Трансформация философии: Пер. с нем. – М.: Логос, 2001.
Аверинцев С.С. Ясперс Карл (1983) // Философский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия.
Бодрийяр Ж. (2003) К критике политической экономики знака. – М.: Библион-Русская книга.
Бубер М. (1993) Я и Ты. – М.: Изд. группа «Прогресс».
Бахтин М.М. (1972) Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Художественная литература.
Борев В.Ю., Коваленко А.В. (1986.) Культура и массовая коммуникация.

Богомолова Н.Н. (1991) Социальная психология печати, радио и телевидения
Барлыбаева С.Х. (2005) Развитие информационного общества в странах Юго-Восточной Азии.
Вершинин М.С. (2001) Политическая коммуникация в информационном обществе. – СПб,.
Володина М.Н. (2000) Язык СМИ – основное средство воздействия на массовое сознание. – М.,
Грачев Г.В., Мельник И.К. (2003) Манипулирование личностью. – М.: Эксмо,
Горный Е. (1996) Что такое семиотика? // Радуга. – 1996.
Доценко Е.Л. (1996) Психология манипуляции:феномены, механизмы и защита.
Дейк, Т. А. (1989) Язык. Познание. Связь. – М .: Прогресс,
Делез Ж. (1995) Логика смысла. Пер. с. Я.И. Svirskogo. – М .: Изд. Центр Академии.
Дудинова Е.И. (2012) Этика журналиста.
Зверинцев А.Б. (1995) Коммуникационный менеджмент. Рабочая книга менеджера PR.
Ибраева Г. Ж. (2000) Масс-медиа в политической культуре общества.
Ибраева Г.Ж. (1995) Телевидение Казахстана в условиях становления демократического государства.
Кант И. (1965.) Основы метафизики нравственности // Кант И. Сочинения в 6 т. Т. 4. ч. 1. – М.: Мысль,
Козыбаев С.К., Нода Л.П., Рожков А.В. (2006) Журналистика Казахстана. Энциклопедия. Серия «Отечественная журналистика»
Панарин И.Н. (2004) Информационная война и дипломатия.
Почепцов Г.Г. (2000) Информационные войны.
Поршнев Б.Ф. (1974) О начале человеческой истории. (Проблемы палеопсихологии).
Токаев К.Ж. (2000) Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации.
Фирсова Б.М. (1981) Массовая коммуникация в условиях научно-технической революции. Л.,
Хабермас Ю. (2000) Моральное сознание и коммуникативное действие: Пер. с нем. / Под ред. Д.В.Скляднева.
Хайдеггер М. (1997) Онто-теологическое строение метафизики// Тождество и различие.
Чемякин Ю.В. (2008) Политические коммуникации и информационная безопасность общества: Учебное пособие. – М.
Чумиков А.Н., Бочаров М.П. (2006) Связи с общественностью: теория и практика. – М.: «Дело», 2006.

References

Apel K. (2001) Transformatsiyafilosofii. Per.snem.[Transformation of Philosophy. Per. with him.]
AverintsevS.S.Yaspers Kari (1993) // Filosofskiyentsiklopedicheskiyslovar.-M Sovetskayaentsiklopediya[Philosophical Encyclopedic Dictionary. – M .: Soviet encyclopedia]
Bodriyyar ZH. (2003)K kritikepoliticheskoyekonomikiznaka. – M.: Biblion-Russkayakniga.[On the criticism of the political economy of the sign. – M .: Biblion-Russian book.]
Buber M.(1993)YA i Ty. – M.: Izd. gruppa «Progress».[Me and You. – M .: Izd. group “Progress”].
BakhtinM.M. (1972) ProblemypoetikiDostoyevskogo. -M.:Khudozhestvennayaliteratura,.[Problems of Dostoevsky’s Poetics. – M .: Fiction,.]
Borev V.YU., Kovalenko A.V. (1986.)Kul’turaimassovayakommunikatsiya.
[Culture and Mass Communication.]
Bogomolova N.N. (1991) Sotsial’nayapsikhologiyapechati, radio itelevideniya
[Social psychology of print, radio and television]
Barlybayeva S.KH. (2005)Razvitiyeinformatsionnogoobshchestva v stranakh Yugo-VostochnoyAzii.-A[Information society development in the countries of Southeast Asia.]
Vershinin M.S.(2001) Politicheskayakommunikatsiya v informatsionnomobshchestve. – SPb,.[Political Communication in the Information Society. – SPb ,.]
Volodina M.H.(2000.)YAzyk SMI – osnovnoyesredstvovozdeystviyanamassovoyesoznaniye. – M.,[The language of the media is the main means of influencing the mass consciousness.-M]
Grachev G.V., Mel’nikI.K..(2003) Manipulirovaniyelichnost’yu. – M.: Eksmo,
[Manipulation of personality. – M .: Eksmo,]
Gornyy Ye. (1996) Chtotakoyesemiotika?// Raduga.[What is semiotics? // Rainbow. – 1996.]
DotsenkoYe.L. (1996) Psikhologiyamanipulyatsii:fenomeny, mekhanizmyizashchita.[Psychology of manipulation: phenomena, mechanisms and protection.]
Deyk, T. A. (1989) YAzyk. Poznaniye. Svyaz’. M .: Progress,[Language. Cognition Connection M .: Progress]
Delez ZH. (1995)Logikasmysla. Per. s. YA.I. Svirskogo. – M .: Izd. TsentrAkademii.[The Logic of Meaning. Per. with. ME AND. Svirskogo. – M.: Izd. Center Academy.]
DudinovaYe.I. (2012) Etikazhurnalista.[Ethics of the journalist.]
Zverintsev A.B. (1995) Kommunikatsionnyymenedzhment. Rabochayaknigamenedzhera PR.[Communication Management. PR Workbook.]
Ibrayeva G. ZH. (2000) Mass-media v politicheskoykul’tureobshchestva.
[Mass media in the political culture of society.]
Ibrayeva G.ZH. (1995) TelevideniyeKazakhstana v usloviyakhstanovleniyademokraticheskogogosudarstva.[Television of Kazakhstan in the conditions of formation of a democratic state.]

Kant I. (1965.) Osnovymetafizikinravstvennosti// Kant I. Sochineniya v 6 t. T. 4. ch. 1. – M.: Mysl',Fundamentals of the metaphysics of morality // [Kant I. Works in 6 tons. T. 4. Part 1. – M .: Thought,]

Kozybayev S.K., Noda L.P., Rozhkov A.V.,(2006) ZhurnalistikaKazakhstana. Entsiklopediya. Seriya «Otechestvennayazhurna listika»[Journalism of Kazakhstan. Encyclopedia. Series "Domestic Journalism"]

Panarin I.N. (2004)Informatsionnayavoynaidiplomatiya.[Information warfare and diplomacy.]

Pocheptsov G.G. (2000)Informatsionnyyevoyny.[Information Wars.]

Porshnev B.F. (1974) O nachalechelovecheskoyistorii. (Problemypaleopsikhologii).[On the beginning of human history. Problems of paleopsychology.]

Tokayev K.ZH. (2000) VneshnyayapolitikaKazakhstana v usloviyakhglobalizatsii.[Kazakhstan's foreign policy in the context of globalization.]

Firsova B.M.(1981.) Massovayakommunikatsiya v usloviyakhnauchno-tekhnicheskoyrevolyutsii. L.,[Mass communication in the conditions of scientific and technological revolution. L.,]

Khabermas YU. (2000) Moral'noyesoznaniyeikommunikativnoyedeystviye. Per. s nem. Pod red. D.V.Sklyadneva.[Moral consciousness and communicative action.]

Khaydegger M. (1997) Onto-teo-logicheskoyestroyeniyemetafiziki// Tozhdestvoirazlichiye.[Onto-theo-logical structure of metaphysics // Identity and Difference.]

ChemyakinYU.V.(2008)Politicheskiyekommunikatsiiiinformatsionnayabezopasnost' obshchestva. Uchebnoyeposobiye.[Political communications and public information security. Tutorial.]

Chumikov A.N., Bocharov M.P. (2006) Svyazi s obshchestvennost'yu: teoriyaipraktika. M.: «Delo», [PublicRelations: Theory and Practice.]

3-бөлім

КӨСЕМСӨЗ ЖӘНЕ КӨРКЕМСӨЗ

Раздел 3

ЛИТЕРАТУРА И ПУБЛИЦИСТИКА

Section 3

LITERATURE AND JOURNALISM

ҒТАМР 19.51.11

Рамазан А.

филология ғылымдарының докторы, доцент,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: aigulramazan65@mail.ru

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Бұл мақалада Алаш зиялыларының ана тілін дамытуға қосқан үлесіне баға беріледі. Қазақ тілін ресми тіл етуге талпыныс Алашорда үкіметі тұсында қолға алынғаны нақты деректермен дәлелденеді. Алаш қайраткерлерінің мектепті ана тілінде оқытуды мақсат ете отырып дайындаған оқулықтарының маңыздылығы сөз етіледі. Сонымен қатар, автор Алаш зиялыларының қазақ тілі туралы мақалаларына талдау жасайды.

Мақаланы жазудағы автордың мақсаты – Алашорда үкіметінің, «Алаш» партиясының тіл туралы ұстанымына баға беру, сол тұста қолға алынған игі істердің әлеуметке тигізген пайдасын көрсету және одан үлгі алуға үндеу. Ғылыми зерттеудің идеясы – жер бетінде «қазақ» атты халық болып мәңгі қалудың бір діңгегі – тіл екендігін бүгінгі ұрпақтың есіне сала отырып, алдыңғы толқын ағалардың тіл үшін күресінің мақсатын, мәнін түсіндіру. Алаш қайраткерлерінің «Мәңгілік ел» болу жолындағы аңсарларына Кеңес үкіметі балта шапқаны мақалада баяндалады.

Мақаланың ғылыми және тәжірибелік маңызы зор. Өткенсіз бүгін жоқ. Өткеннен сабақ ала отырып, болашақты болжау қажет. ҚР «Тіл туралы» заңдарының жүзеге асуына мұрындық болу – әрбір қазақ азаматының азаматтық парызы екендігін ұмытпау.

Мақаланы жазу барысында жүргізілген зерттеулерді отандық журналистика тарихын оқытуда пайдалануға болады.

Түйін сөздер: отарлау саясаты, тіл мәселесі, оқулық, термин, баспасөз.

Ramazan A.

Doctor of Philology science, Docent, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aigulramazan65@mail.ru

Alash intellectuals and language problem

The article assesses the contribution of the Alash intelligentsia to the development of the native language. An attempt to officially speak in the Kazakh language in the government of Alashorda is confirmed by the actual data. It is said about the importance of textbooks of Alash leaders, which they wrote for teaching at school in their native language. In addition, the author analyzes the articles of Alash figures about the Kazakh language.

The purpose of this paper is to estimate the linguistic position of the government of Alashorda, party Alash, showing the beneficial use of their activities, which became an example for us. The idea of scientific research is to explain the purpose and essence of the struggle for language, reminding today's generation that the "Kazakh" language on Earth was eternal. The article shows that the tip of the Soviet ideology was directed against the idea of "Eternal Elya".

The article has scientific and practical significance. Learning from the past, you need to be able to predict the future. The law of the Republic of Kazakhstan "On language" is the guide and the norm of legal responsibility of each citizen of the Republic of Kazakhstan.

The research, transmitted in the process of writing articles, can be used to teach the history of the domestic journalism.

Key words: colonization policy, language problem, manual, term, press.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Рамазан А.
доктор филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aigulramazan65@mail.ru

Интеллектуалы Алаш и языковая проблема

В статье оценивается вклад интеллигенции Алаш в развитие родного языка. Попытка официально говорить на казахском языке в правительстве Алашорда подтверждается фактическими данными. Говорится о важности учебников лидеров Алаш, которые они писали для преподавания в школе на родном языке. Кроме того, автор анализирует статьи деятелей Алаш о казахском языке.

Целью статьи является оценка языковой позиции правительства Алашорда, партии Алаш, показ благотворной пользы их деятельности, ставшей для нас примером. Идея научного исследования состоит в том, чтобы объяснить цель и суть борьбы за язык, напомнив сегодняшнему поколению, что «казахский» язык на Земле был вечным. В статье показано, что острие советской идеологии было направлено против идеи «Вечного Эля».

Статья имеет научное и практическое значение. Учась у прошлого, нужно уметь предсказывать будущее. Закон Республики Казахстан «О языке» является руководством и нормой правовой ответственности каждого гражданина Республики Казахстан.

Исследование, проведенное в процессе написания статьи, может быть использовано для преподавания истории отечественной журналистики.

Ключевые слова: колонизационная политика, языковая проблема, учебник, термин, пресса.

Кіріспе

Тіл – мемлекеттіліктің, егемендіктің белгісі ретінде сонау ерте заманнан бастап қалыптасқан әлеуметтік және саяси мәні бар құбылыс. Қазақстан дүниенің төрт бөлігін байланыстырған жол торабы ретінде әр түрлі тілдер мен діндердің таралу аймағында тұрғанымен, түркі тілінің өркен жайған территориясы екендігі сонау көне дәуірден бастап белгілі.

Орта ғасырларда көне түркілердің мұрагері ретінде алып территорияны иеленген Қазақ хандығы экономикалық-саяси байланыстың біршама әлсіздігіне қарамастан, ортақ тіл қалыптасып, қазақ халқының ортақ құндылықтар жүйесінің пайда болуына әсер етті.

Қазақ хандығының дамуы барысындағы саяси дағдарыстар мен шетелдік басқыншылық Қазақстанның Ресей ықпалына түсуіне, ал кейіннен боданына айналуына себеп болды. Ресейдің отарлық саясатының нәтижесінде пайда болған тіл мәселесі XX ғасырдың басында-ақ назар аударта бастады.

Тіл үшін күрестің алғашқы кезеңі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының демократиялық кезеңі – Алаш қозғалысымен тығыз байланысты. Егер осы кезеңге дейінгі ұлт-азаттық қозғалыстарға жер мәселесі, патша әкімшілігінің озбырлығы әсер етсе, ал Алаш қозғалысы өзін-өзі танудың бастамасы болып, мақсатты жария саяси күрестің ізашарына айналды.

Іргетасы 1905 жылғы орыс революциясы тұсында қаланған Алаш қозғалысының негізгі де басты мақсаттарының бірі – рухани тәуелділіктен құтылу болды. Алаш қозғалысының саяси бағдарламасы ретінде жолданған петицияларда да рухани тәуелділіктің қамытын сыпыру мақсат етілді. Мәселен, Семей облысы Қарқаралы уезі қазақтарының Министрлер Кеңесінің төрағасына жазған петициясында: дінге еркіндік беру, ана тілінде білім беру, кеңсе ісін, сот ісін қазақша жүргізу жөнінде талап қойылды ((Алаш қозғалысы, 1-Т. 2004). Мұндай мазмұндағы талапты Алаш қайраткері, студент Мұхамеджан Тынышбаев та қоя білді. Ол өзінің Министрлер Кеңесінің төрағасына жазған хатында қазақ халқының құқының тапталуын санамалап көрсете отырып: «Наши уездные начальники и мировые судьи (о губернаторах и говорить нечего) не знают киргизского языка и не считают нужным знакомиться с нашими нравами и обычаями. Часто они находят необходимым заменять переводчиков киргизов русскими казахами. Сколько было примеров, что киргизы невинно страдали только оттого, что власти совершенно не знали киргизского языка, а переводчики или подкупались или просто по незнанию неверно переводили... Необходимо поэтому постановить, чтобы губернаторы, уездные начальники, мировые судьи и другие власти изучали киргизский язык, обычаи и нравы, и чтобы образованные киргизы по возможности призывались служить среди своих» (Алаш қозғалысы, 1-Т. 2004) – деп басшылардың жергілікті халықтың тілін білуін, салт-дәстүрін сыйлауын батыл талап етті. Патша өкіметінің арабша хат тануға қарсылық білдіруі, халықты діни сенімі үшін қудалауы – әріден ойластырылған саясат екендігін түсінген

Алаш қайраткерлері ұлт ретінде құрып кетпеудің қамын ерте жасады. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы керектігін қаперлерінен шығармаған Алаш зиялылары туған тілі үшін күресті көздері жұмылғанша жалғастырды.

Патшалық Ресейдің отарлау саясаты тұсында бастау алған бұл күрес Алаш қозғалысының тірегі болған – Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы тұсында ширай түсіп, ел тәуелсіздігі үшін күреспен бірлікте жүргізілді.

Негізгі бөлім

Тілдің әкімшілік ортада, білім алу саласында және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өркендейтінін ескерсек, патша өкіметі тұсында әкімшілік басқару саласында қазақ тілін өркендетуге мүмкіншілік болмады. Қазақтар орыс тілін білмейді деген сылтаумен уезд басшылығы қызметінен шеттетіліп, болыстық қызметтер ғана ұсынылған (Қойгелдиев М., 2004). Бұл жөнінде «Қазақ» газеті былай деп жазды: «1908 жылы губернатор сиркуляр шығарып, орысша оқығандарды ғана болыстыққа бекітетін болған соң, бұрын байлардың босағасында отыратын кедейдің баласы орысша оқуы арқасында болыс болып, байдың төрінде отырып, хүкім-билік айтып жүретін болған соң, байлар сонда ақылға кірді. Болыстықты үлкен дәреже көріп, болмасақ өлдік деп жүргендер қаңтарылып, қаймығып, қанаттары қайрылатын болған соң балаларын школаларға тыға бастады» (Қазақ газеті, 1913, №6).

Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлауы барысында басталған қазақ тілін ығыстыру процесі бірнеше бағытта жүргізілді. Біріншіден, патша үкіметі осы тұста қызмет еткен мекемелердің барлығында істі орыс тілінде жүргізе отырып, қазақты биліктен шеттетуді көздеді. 1867-1868 жылдардағы реформалық өзгерістер нәтижесінде пайда болған уездік басқару тұтасымен орыстар қарамағына өтіп, қазақтарға басқару жүйесіндегі ең төменгі сала – болыстық және ауылдық билік ұсынылды. Қазақтарды уездік басқаруға тартуға орыс тілін білмеуі кедергі болып отыр деген негізсіз себептер көрсетілді. Жоғары шенді басшылардың қазақ тілінде пікір алысуы тек тілмаштар арқылы жүзеге асты.

Патша өкіметінің бұл саясаты мансап десе ішкен асын жерге қоятын, биліктен үмітті топтың орыс тіліне құштар болуына негіз салып берді, яғни патша ағзам «мәжбүрлеу» саясатын өмірге енгізу арқылы орыс тілінің қазақ даласында қанатын қомдап, қияға самғауына жол ашып берді.

Қазақ тілінің төрдегі басын есікке сүйреп, отбасы, ошақ қасы тіліне айналуына екінші себеп, патша үкіметінің әр түрлі сылтаулармен ана тіліндегі оқуды шектеу арқылы орыс мектептерін көптеп ашуы мұрындық болды, яғни қазақ жеріндегі орыс тіліндегі мектептердің көбеюі – қазақ тілін тежеудің, шектеудің алғышарттарының бірі болды. Орыс тіліндегі мектептердің көптеп ашылуы тілді тұқыртуды ғана мақсат етті десек бір жақты баға берген болар едік, басқа да империялар сияқты патшалық Ресей де «өздеріне шексіз берілген» кадр тәрбиелеуді көздегені сөзсіз.

Патша үкіметінің осындай саясатының нәтижесінде қазақ тілінің басына үйіріліп келген бұлтты Алаш қайраткерлері бірден сезді. «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, т.б. зиялылар патша үкіметінің қазақ тілін саяси-экономикалық ортадан ығыстыру арқылы қандай мақсат көздеп отырғанын халқына еппен түсіндірді. «Қазақ» газетінің алғашқы сандарында жарияланған: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

Егер де біз қазақ деген ұлт болуды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан бұлай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып, жоғалуға ықтимал...» (Қазақ газеті, 1913, №1) – деген жанайқайы басылым жарық көріп тұрған уақыт ішінде жалғасын тауып жатты. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде жарияланған «Бастауыш мектеп» атты мақаласындағы бұлтартпайтын дәлелдер талай жамылғының бетпердесін сыпырып тастады. А. Байтұрсынұлы бұл мақаласында патша үкіметінің орыс мектептері арқылы қазақ тілін жойып, орыс тіліне тұтастай көшіруді мақсат етіп отырғанын ашық айтты. Тіпті кейіннен кеңес үкіметі тұсында жүзеге асқан араб әрпін латын әрпіне, ал латын әрпін орыс әрпіне ауыстыру мәселесі де осы тұста бой көтергендігін дәлелдейтін деректер жетерлік. Автор «... қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып, орыс әрпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да орыс әрпімен оқысын дейді» (Байтұрсынұлы А., 2006) – дей келе, Ресей отарлаушыларының қитұрқы саясатын ашып көрсетеді. Алғашында Ресейдегі бөтен жұрттың

балалары бастапқы екі жылды ана тілінде оқысын деп жарлық шығарған патша бірер айдың ішінде бұл пікірінен айнып, оқу тек орыс тілінде болсын деген жарлыққа қол қояды. 1913 жылдың 14 маусымында жарияланған «Россиядағы бөтен текті жұрттардың мектебі бастапқы екі жыл ана тілінде оқысын» деген патша жарлығы әуелде көңілге қуаныш ұялатқанымен, төрт ай өтер, өтпестен алғашқы шешімінен айнып, чуваш мектептерін тек орыс тілінде оқыту керек деген жарлыққа қол қоюы зиялы қауымның көкейіне күдік ұялатты. Чуваш халқына кигізілген қамыттың түптің түбінде қазаққа да кигізілетінін ұлттық саяси элита бірден түсінді. Бұл шешімде ұлы империялық саясат жатқанын, бұл саясаттың қазаққа тигізер залалының молдығын халыққа тәптіштей түсіндіре жазған Ахмет Байтұрсынұлы: «Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу» (Байтұрсынұлы А., 2006) – деп емеурінді ескерту жасады.

Патша ағзам енді еппен қимылдау тактикасын доғарып, төтеден қайыруды жөн көрген, яғни осы тұста Ресей патшалығы бодандығындағы отар елдерді орыстандыру саясатын жүзеге асыруға білек сыбана кірісіп кетеді. Мемлекеттің бұл саясатын жүзеге асыруға «Новокрещенская контора», «Обрусительная палата» деген арнаулы кеңселер құрылып, ал істі практикалық тұрғыда орындау миссионер ғалымдарға тапсырылды. Кеңес өкіметі тұсында ұлы ағартушы дәрежесіне көтеріліп, айрықша дәріптелген миссионер Ильминский сияқтылардың қазақтың тіліне, дініне, діліне әкелген залалы ұшан-теңіз.

А. Байтұрсынұлының «...бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек» – деген сол тұстағы жан айқайы қазақ даласына жарықшақтана жетті (Байтұрсынұлы А., 2006).

Сондықтан Алаш қайраткерлері қазақ баласының «өз қағынан өзі жерімей» қалыптасуына негіз салатын білім беру саласын қолдан шығарып алмауды көздеді. Алаш қайраткерлері мектепті ана тілінде оқытуды, жоқ дегенде бастауышта білімді ана тілінде беруді мақсат етті. Олар білім беру саласын ұлттық негізде дамытса, патша өкіметі тарапынан жүргізіліп отырған «орыстандыру» саясатына тосқауыл бола алатындарын түсінді. Алғашында бұл пікірлер жекелеген Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде көрініс тапты. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газеті бетінде қазақ баласын ана тілінде оқыту қажеттігін халыққа тәптіштей түсіндіріп отырды. Мектепті ана тілінде оқытуды Қошке Кемеңгерұлы, Хайреддин Болғанбаевтар да қолдап, баспасөз бетінде пікір білдірді. Қ. Кемеңгерұлы «Мектеп қай тілде болуы керек?» атты полемикалық мақаласында былай деп жазады: «Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса, бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе қазақ тілінде кітап басудың қажеті болмай қалады. Пән кітаптары қазақ тіліне аударылмайды. Жеткілікті кітап жоқ деген күшті дәлел емес. Бірсыпыра кітап шығып қалды. Орта мектепте қолданылатын лабораторный әдіске қолайлы кітаптарды шығару бір-ақ жылдық жұмыс. Орта мектепте оқу қазақ тілінде болса, алдымен керегі – жаңа түрмен орыс грамматикасын қазақшаға үйлестіру және «Орысша-қазақша толық тілмаш» шығару» – дей келе, «Орта мектеп қазақ тілінде болса, жоғары мектеп те бара-бара қазақшаға айналады» – деп жазды (Кемеңгерұлы Қ., 1996).

«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады» дегендейін, ана тілінде бала оқытудың өзі үлкен мұңға айналып отырған тұста, мұсылман съезінде қаралған заң жобасында рухани мекемелерде іс жүргізу татар тілінде болсын деген татар ағайындардың қысастығы зиялы қауымды біраз әбігерге салды. «Рухани мекеме қағазы әр облыста әр жұрттың өз тілінде болсын» – деп Жаһанша Досмұхамедұлы мен әлихан Бөкейханұлының табандап отыруының нәтижесінде ғана, мұсылман съезі рухани мекеме қағазын «татар-түрік» тілінде жазуға шешім шығарады. Бұл жөнінде «Қазақ» газетінде Ә. Бөкейханұлы былай деп жазды: «Біз қазақ тілі законға жазылсын деп қарыса алмадық. Жығылатын болған соң «түрік» дегеннің ішіне кірдік қой деп тоқтадық. Түбінде біздің қазақ тілі бізбен тіл тұқымы бір өзге мұсылманды байытпаса, біз біреуге қоңсы қонбаймыз ғой. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар» (Бөкейханұлы Ә., 2004). 1917 жылдың 1-12 мамыр аралығында өткен Жалпы мұсылмандар съезінде федерация алуға ұмтылыс жасаған – қазақ, сарт, кавказ халықтарының надандығын, оқымысты еместігін, Алтынсарин сынды оқымыстылардың «орысшылдығын» беттеріне басып, уысынан шығармауды көздеген топтың түпкі ойы мәлім болып қалады. «... Егер де бөлінбей тұрса, онда жері жоқ татарлар

қазақпен Түркістан жеріне көшіп барып, жер алуды» мақсат етті (Байтұрсынұлы А., 2006).

Мұсылман съезінде көтерілген бұл мәселелерден іштартып қалған Алаш қайраткерлері қазақ тілінен құнарлы, орамды тіл жоқ екендігін дәлелдейтін пікірлерін баспасөз беттерінде үзбей жариялап тұрды. Олар қазақ тілі тек қазақ халқына ғана емес, иісі түркі әлеміне қызмет ететін тілге айналады деген үмітте болды.

Тілдің адам болмысындағы орны жайында Мағжан Жұмабаев былай деп жазды: «Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы – адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында.

Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде-ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл-жыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік». М. Жұмабаев өз пікірін мына өлеңмен қорытындылайды:

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім,
Таза терең, өткір, күшті, кең тілім.
Таралған түрік балаларын бауырыңа,
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен тілім
(Жұмабаев М., 2004).

Мағжан ақынның пікірінше, қазақ тілі тек қазақтардың емес, бүкіл түркі жұртының басын біріктіретін – тіл.

Ойталқы

«Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл» деп есептеген Алаш қайраткерлері қазақ тілінің беделін көтеруді мақсат ете отырып, оның қоғамда жетекші рөл атқаруы үшін мынадай бағыттарда жұмыс жүргізуді жөн деп санады:

– мектепті ана тілінде оқыту, жоқ дегенде, баланың сана-сезімі толық қалыптасатын бастауыш мектепті ана тілінде оқыту;

– қазақ тілін ресми іс-қағаз тілі дәрежесіне жеткізу;

– қазақ тілін шұбарламау, мейлінше жат сөздерге жоламау.

«Қазақ» газетінде жариялаған мақалалардағы мұндай құнды пікірлер, мақсатты жоспарлар қазақтың басы қосылған алқалы жиындарында негізгі мәселе ретінде көтерілді. Әрине, бұл тұста тіл мәселесі дінмен, ділмен сабақтастырылып, бір-бірінен ажырамайтын ошақтың үш бұты ретінде қарастырылды.

Алаш қайраткерлері ғасыр басынан көтеріп келе жатқан қазақ тілі мәселесін мемлекеттік саясат деңгейіне көтеруді мақсат етіп, «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасында жариялады. Бағдарлама жобасының «Билік һәм сот» бөлімінде бидің, судияның жергілікті тілді білуі міндеттелініп, қазақ көп жерде соттың қазақ тілінде жүргізілуі қажет деп көрсетілініп, Присяжныйлардың қазақтан алынуы баса айтылды. Ал жобаның «Ғылым-білім үйрету» атты бабында: «Оқу орындарының есігі кімге де болса ашық һәм ақшасыз болу. Жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу. Қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу. Оқу жолы өз алды автономия түрінде болу, үкімет оқу ісіне кіріспеу. Мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу. Ел ішінде кітапханалар ашылу» қажеттігі көрсетілді (Алаш қозғалысы, 1-Т. 2004).

«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында көрініс тапқан мұндай құнды пікірлер, мақсатты жоспарлар қазақтың басы қосылған алқалы жиындарында негізгі мәселе ретінде көтерілді. «Алаш» партиясының жергілікті комитеттерін құру мақсатында ашылған облыстық сиездерде де «оқу мен баспасөз» мәселесі басты назарда болды. 1917 жылдың сәуірінде Жетісуда, маусымында Семейде, тамызда Ташкентте, желтоқсанда Орынборда өткен «Алаш» партиясының сиездері мектеп ана тілінде болу керек де-

ген шешім шығарды. Ал осы жылдың 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысы: 1) орыс-түзем мектептерін жауып, ұлт мектептерін ашу; 2) осы жылдан бастап орыс мектебінде оқып жүрген қазақ-қырғыз балаларына ана тілі және мұсылман дінін оқыту; 3) жазуды «Қазақ» газеті тұтқан емлемен жазу; 4) бастауыш мектепте ана тілінде оқыту; 5) қазақтар ашқан баспаханаларды қазақ пайдасына жарату жөнінде қаулы қабылдады (Алаш қозғалысы, 1-т. 2004).

Орал облыстық қазақтардың 1-ші сиезі 1917 жылы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өтті. Сиезді уақытша қазақ комитетінің төрағасы Ғұбайдолла әлібеков ашып, құттықтау сөз сөйледі. Осы сиезде бірінші кезекте Мемлекетті басқару туралы, Уақытша үкімет туралы және жүріп жатқан империалистік соғысқа көзқарас туралы мәселелер қаралды. Сиез төрт күнге созылды, сиездің соңғы төртінші күнінде облыстағы оқу-ағарту, мәдениет және т.б. мәселелер қаралды. Сиез делегаттары Орал облысында қазақтар арасында бастауыш, орта, жоғары білім беру жүйесі қанағаттанғысыз деп тауып, төмендегі шешімдерді қабылдады:

– мұғалімдер сиезін шақыру қажет;

– Орал қаласында уақытша орта оқу орнын ашу қажет, ерлер гимназиясының бағдарламасы негізінде қазақ балаларына арнайы оқу орнын ұйымдастырып, оны қазақтар қаражатына салынған бұрынғы кәсіптік мектептің үйіне орналастыру жөн деп табылсын;

– қазақ тілінде газет, брошюралар шығару қажет деп табылсын.

Сиезде бұдан басқа да мәселелер қаралды, басқа қаралған мәселелерді қосқанда саны 23-ке жеткен. Орал сиезінің қарарында облыс орталығында орта мектеп ашу және кәсіби мамандардың қатысуымен халық ағарту ісін реформалау мәселелерін талқылау үшін мұғалімдер құрылтайын шақыру қажеттілігі көрсетілді (Сүлейменова Д., www.abai.kz).

1917 жылдың 21-26 маусым аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде мектепті ана тілінде оқыту ісі күн тәртібіне қойылды. Оқу мәселесі жөнінде М. Дулатов баяндама жасап, ұлт мектебін көркейтуге – оқытушы мен оқу құралының тапшылық көрсетіп отырғанын баса айтты. Сиезд делегаттары М. Дулатов пікірін қызу қолдап, оқу құралдарын дайындауға мұрындық болатын оқу комиссиясын құруға шешім қабылдады. Сиезд оқу комиссиясына мынадай міндеттер жүктеді:

1. Ұлт мектептеріне бағдарлама жасау;
2. Мұғалімдерге қалай оқыту тәртіптерін үйрететін жолбасшы кітаптар жазу;
3. Тәрбие жайынан кітаптар жазу;
4. Бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін қалай жүргізу туралы жоба шығару;
5. «Қазақ» емлесін тексеріп, түзету;
6. Қазақ-қырғыз тіліне пайдалы кітаптарды тәржіме ету.

Оқу комиссиясы құрамына А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Е. Омаров, Б. Сәрсенов, Т. Шонанов сайланады. Комиссия 1918 жылдың басынан бастап іске кіріседі деп тарасады. «Комиссия іске кіріскен күннен бастап, әрбір жарты жылда мәслихат арқылы не істейтіні туралы халыққа есеп беріп отырсын» деп ұйғарылады (Алаш қозғалысы, 2-т. 2005).

Бірақ қоғамдағы саяси төңкерістер оқу комиссиясының ісін бірден бастауына мұрша бермеген сияқты. Қолда бар деректерге сүйенсек, «Алаш» партиясының сиезінде көтерілген ана тілінде оқулықтар дайындау ісі 1921 жылы қолға алынғаны байқалады. 1921 жылдың басында Қазақ АССР Халық ағарту комиссары мен мемлекеттік баспа жанындағы редакциялық комиссия мүшесі А. Байтұрсыновтың төрағалық етуімен I және II басқыштағы бірыңғай еңбек мектебі үшін оқулықтар құрастыру және аудару мәселесі бойынша бірлескен кеңес болып өтеді. Жиында баяндама жасаған Байтұрсынов I және II басқыштағы мектептерге әлі күнге дейін қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығын атап өтіп, бар оқулықтардың өзі I басқыштағы бірыңғай еңбек мектебінің I, II, III топтарына ғана жарамды екендігі, сол себепті де I және II басқыштағы мектептер үшін қазақ тілінде оқулықтар құрастыру болмаса аудару ісін тездетіп қолға алу қажеттігін көрсетеді. Кеңесте оқулықтарды орыс тілінен қазақ тіліне аудару ісіне М. Жұмабаев, М. Тұрғанбаев, Қ. Кемеңгеров, Ж. Тілеулин, С. Мұстафин сынды азаматтарды тартуға қаулы қылады. Сондай-ақ қазақ тілінде оқу хрестоматиясын, синтаксис пен әдебиет теориясын құрастыру туралы шешім шығарылады (Языковая политика в Казахстане. Сб. документов. 1997). Сонымен бірге қаулыда халық ағарту комиссариатына ана тілінде оқулық құрастыратын, аударатын азаматтар болса баспасөз арқылы сұрастырып білу тапсырылады.

Осы қаулының негізінде А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «әліппе», «әдебиет танытқыш», Е. Омарұлының «Пішіндеме», Х. Досмұхамедұлының «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Табиғаттану», Ж. Аймауытұлының

«Психология», Ж. Күдериннің «өсімдіктану», М. Жұмабайұлының «Педагогика», М. Дулатұлының «Есеп тану» оқулықтары дүниеге келді.

In fairness, it should be noted that it is firstly written by A. Abdrakhmanov, A. Margulan, M. Magauin, S. Kondybay and Ye. Tursunov, and other brilliant Turkologists.

But back to the book of Ibn-Battuta.

The thematic section on the Golden Horde can be presented in the following sections:

About the city and the steppe.

About the ruler, Uzbek Khan.

About the history of the Golden Horde during the reign of Uzbek Khan and the influence of the Turks on other peoples and tribes.

About women.

About the customs, lifestyle and cooking preferences of the nomads.

About the Ethnography of nomads.

About religion.

The story of the nomads in the book of the Arab traveler begins with the following observations in the field of property law: "The inhabitants of the Horde – nomads, sent their cattle to grass in the steppe, and without a shepherd. Animal owners did not care for the safety of horses, bulls and camels, due to the fact that in the Horde there were very cruel laws punishing theft. Grass on the steppes serves as food for numerous herds. If someone steals a sheep from another person, this person is obliged, upon conviction, to give nine pieces for one, otherwise the children are taken from the predator, or when there are no children, he is sold into slavery. In simple words, in the steppe there were eternal institutions, which in the Islamic tradition began to be called *adat*. We are well aware of this from the works of Ch.Ch. Valikhanov, S. Tolybekov, other historians and ethnographers, which gives much food for thought in the field of the typology of law, its origins, specifics, reflected in the ancient hymns of Mitre, etc.

The relevance of the issue raised by us comes, as Professor S. Bulekbayev correctly noted, from the *general underestimation* made by the European science of historical merits and cultural achievements of nomadic Turks (Kazakhs). But what is the *specificity of the Kazakh nomad camp* in general?

For example, from the book of Ibn Battuta we learn about Islam, which at that time is not yet firmly rooted in the Kazakh nomad camp. This also manifests the nomadic specificity, the content of which, according to the clear definition of Ch. Ch. Valikhanov, becomes the *principle of dual faith*, that is, the symbiosis of the ancient tengrian worldview and the new Islamic faith, when due to the stable forms and Steppe oral knowledge, nomads have preserved the sacred foundations of the tengrian worldview, associated primarily with the veneration of the aruakhs, spirits of seven ancestors, with the Kazakh traditional ceremonies and rituals, with fire, water, milk, etc. It is quite natural that the Arab traveler pays attention to the clothes and the openness of the face of Kazakh women: "After many days of the journey, I reached Azak, a town on the beach. Emir of Sultan Muhammad lives here; he welcomed us very heartily. From here I went to El Majar, a large and rich city: Turkish women are much respected here, especially the wives of the noble khans, as they are very kind-hearted; *they go without covers*." This last remark of Ibn Battuta is also very significant. It shows that Turkic (Kazakh) nomadic women did not wear veils, did not cover their face or completely covered themselves with cloth, as we see in Muslim women in Central Asia and the Middle East countries.

The high social status of women in the Turkic (Kazakh) nomadic society can be judged by the following important remark: "The next day after the meeting with the Khan, Ibn Battuta visited the main wife of Uzbek – Taitugli. The woman showed the guest the highest sign of attention – she personally poured a cup of koumiss". Here the role of the Turkic (Kazakh) woman as the mistress of the hearth is shown. Presenting a cup of koumiss to the guest is a traditional and supreme sign of attention, respect of the guest, and a woman does it.

Or the following example, from which it is clear that a woman, the wife of the ruler, occupies a high place in the general social hierarchy: "...When one of the wives enters, Sultan stands up and leads her to the place of her seat; then the great emirs come, whose seats are on the right and on the left side, further from the throne.

Before the Sultan are the princes, his nephews, brothers and relatives. Further from them to the entrance, there are children of the great emirs, followed by the main leaders of the troops.

The people are allowed by rank, and after greeting their ruler, everyone goes out and sits at a distance from the tent…

Before the evening prayer, the main wife of Sultan comes out first, followed by others, accompanied by beautiful slaves, sit in chariots, and removed, accompanied by horsemen and beautiful Mamelukes...".

And at the end, Ibn Battuta sums up: "Sultan's wives live in great respect. Each of them has its own special home, its servants and slaves. When Sultan wants to visit either of them, he sends someone to give her the news, and big preparations are made for his reception. One of Sultanesses, *Takfura*, daughter of Emperor of Constantinople. I visited all Sultanesses, and then I was only accepted by Sultan. This is the custom here, and its violation is considered as the greatest disrespectfulness."

If we go to the details, it is well known that even the Yurt and all the elements of household utensils from ancient times to the beginning of the twentieth century, to the time of colonization, and then – integration, globalization and Westernization of the values of the twentieth century have not changed.

All the above-mentioned *features* of nomadic culture were largely provided, conditioned and preserved until the Modern times by nomadic way of life, its *stable* archaic forms, which arose more than 5000 years ago and remained almost unchanged for a long time. It is always a surprise and strikes

the thoughtful attention of Europeans, living under different customs, laws and regulations.

The work of the Arab traveler helps us to defend our point of view on the issues of *uniqueness*, *primordiality* and *usefulness* of nomads for the world culture. It is not fortuitous that M. M. Auezov characterizes this unique *horse-nomadic* culture as follows: "The Scythians, Huns, ancient Turks, Mongols, hordes of "iron lame person" of Timur left the bad memories in the chronicles of different ages. But, flipping through the pages of the universal and old, and later, you can see that the nomads were not always the barbarians-destroyers. It seems to us that the time has come to give a calm, thorough and objective assessment of the historical and cultural heritage of the Turkic nomadic tribes. This should be done to reaffirm the principles of humanism and respect for the culture of each people. Without taking into account the aesthetic and ethical experience of nomads, the picture of world culture will be incomplete and incorrect in essence" (Auezov M., 1993, p. 35).

This civilization, which does not fit into any standard European canons and definitions, in fact played an important role in world history and culture, was the most active and significant trend of antiquity and the early Middle Ages, which we see in the wonderful book of Ibn Battuta. World science turns its attention to the very amazing personality of the traveler as an objective researcher of the history and culture of nomads of the Golden Horde period: Carr 2015, Dunn R 2005, Elad A 1987, Ferrand 1913, Gökbel 2002, Gibb 1958, Gordon 2008, Harvey 2007, Lee Samuel 1829, Paloczi-Horvath 1959, Waines 2010.

Conclusion

And now, only in our time, in the era of independence, the methodology of scientific understanding of the Turkic (Kazakh) nomadic specificity acquires its real boundaries and full content. This is very important for objective research and scientific interpretation of the unique phenomenon – the Great Steppe – which, in fact, becomes a turning point, and now – the key for understanding of ways of development of not only the Turkic (Kazakh) national, but also the world history and human civilization. This is an enduring value and "Seven facets of the Great Steppe", and travel records of Ibn Battuta, and immortal in centuries of oral poetry of Zhyrau.

References

Akatayev S. (1993) O spetsifike kultury kochevia [On the Specificity of Nomadic Culture]. Almaty, Gylym, p. 264.

Magauin, M. & Baidildayev, M. 1989. Assan Kaigy. Bes gasyr zhyrlaid'. Almaty, Zhazushy, p. 384..

Auezov M. (1993) Enkidiada: k probleme edinstva mirov kochevia i osedlosti [Enkidiada: to the problem of the unity of the nomadic and settled cultures]. In the book: Nomads – Aesthetics: Knowledge of the world to the traditional Kazakh arts of Almaty / Gylym, p. 264.

Abdulgaffar Kırımî & Umdetü non-Tevarih (1747). Istanbul Kütüp-hanesi Suleimani, ESAD Efendi Yazmalar Koleksiyonu, no: 2331. Bulekbayev S. (2016) Tyurkskiy vklad v mirovuyu tsivilizatsiyu [Turkic contribution to world civilization] / Almaty, Bavis System LLP, p. 316.

Waines, David. 2010. 'The Odyssey of Ibn Battuta: Uncommon Tales of a Medieval Adventurer, Chicago', University of Chicago Press, ISBN 978-0-226-86985-8. Gibb, H.A.R. trans. and ed. 1958. 'The Travels of Ibn Battuta', A.D. 1325–1354 (Volume 1), London: Haklut Society.

Golden, P. 1980. 'The Polovci Dikii Harvard Ukrainian Studies'. Cambridge Mass.: Harvard University Press, Vol. III–IV.P. 296–309. Gordon, S. 2008. ' When Asia was the World: Traveling Merchants, Scholars, Warriors, and Monks who created the Riches of the East', Philadelphia, PA.: Da Capo Press, Perseus Books. Gökbel, A. 2002. 'Kipchaks and Kumans'. The Turks. Ankara: Yeni Türkiye Yayinlary, Vol. 1. P. 643–659.

De Weese, D. 1994. 'Islamization and Native religion in the Golden Horde'. Baba Tükles and Conversion to Islam in historical and Epic Tradition. Pennsylvania State University Press, University Park. – Pennsylvania.

Dunn Ross. 2005. 'The Adventures of I.Battuta,University of California Press', ISBN0-520-243854 Dospambet zhyrau. 1989. 'Bes gasyr zhyrlaidy. Almaty, Zhazushy, p. 384. Elad A. 1987. 'The description of the travels of Ibn Batutta in Palestine', 1987. Journal of the Royal Asiatic Society T. 119: 256–272.

Zhanabayev K. 2018. 'Arnau: problemy genezisa i tipologii zhanra' (na materiale posvyashheniya Zh. Shajmerdenovu). [Arnau: problems of Genesis and typology of the genre (by the material of dedication to Zh. Shaimerdenov]. Astana, Prof Design Studio, P. 74. Zhanabayev K. 2014 'Poehticheskaya sistema proizvedenij zhyrau XV-XVIII vekov: k nachal'nym osnovaniyam hudozhestvennogo perevoda'. [The poetic system of the works of zhyrau of the XV-XVIII centuries: to the initial grounds of literary translation]. Almaty: Kazakh University, p. 260 Zhanabayev K. 2018. 'Tyurkskiy mif v epose. obryade i rituale'. [Turkic myth in epic, ceremony and ritual]. Almaty, Kazakh University, p. 160

Karakulov B. 1993. ‘O svoyeobrazii traditsionnoy muzyki kazakhov ’. [On the uniqueness of traditional music of Kazakhs]. Almaty, Gylym, p. 264 s.

Carr, M. 2015. ‘Merchant crusaders in the Aegan Martlesham: Boydell & Brewer ’.

Kodar A. 2007. Asan Kaigy. Iz knigi “Antologiya kazakhskoy poezii” [From the book ‘Anthology of Kazakh poetry’]. Almaty, Times, p. 328

Lashkov F. 1887. ‘Arkhivnyye dannyye o beylikakh Krymskogo khanstva’. [Archival data on the beyliks of the Crimean khanate, Works of the VI Archaeological Congress in Odessa in 1884]. Odessa, pp. 103 -104. Lee S. 1829. ‘The travels of Ibn Batutta’. London: Oriental Translation Committee. Translation of the abridged manuscript. The text is discussed in Defrémery & Sanguinetti Volume 1.

Momyshuly B. 1991. ‘Psikhologiya voyny’. [Psychology of war]. Alem, Almanakh, Alma-Ata: Zhazushy, p. 448. Nazarbayev A. 2019. ‘Sem graney Velikoy Stepi’. [Seven Facets of the Great Steppe]. [Electronic resource]. URL http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi (date of reference 24.01.2019).

Otemisuly Makhambet. 1989. ‘Bes gasyr zhyrlaydy’. Kurastyr: M. Magauin, M. Baidildayev. Almaty, Zhazushy, p. 384.

Paloczi-Horvath, A. Pechenegs, Cumans, Iasians. 1989. [Steppe peoples in medieval Hungary. – Budapest: Corvina Kiadó]. p. 141. Pritchenko, A. 1990. ‘Tonyukuk bilge ’.Novosibirsk, journal “Siberian lights” #12 Russian Bulletin. Russkiy vestnik. Tekst vosproizveden po izdaniyu: ‘Puteshestviye sheykha Ibn-Batuty v Zolotuyu Ordu. v polovine XIV veka’ [The text is reproduced based on edition: “Journey of Sheikh Ibn-Batuta to the Golden Horde, in the middle of the XIV century”]. Russkiy vestnik. Tom 2 [Russian Bulletin. Volume 2]. [Electronic resource]. URL http://www.vostlit.info/Texts/rus5/Battuta/text4.phtml?id=67563 (date of reference 15.01.2019).

Safargaliev, M. 1939. ‘Nogayskaya Orda v seredine XVI’. [In the middle of the XVI century. Nogai Horde]. Kandidatskaya dissertatsiya [PhD thesis]. Pp. 38-41. Ferrand, Gabriel. 1913. [Ibn Batūtā, relations de voyages on Eastern texts baths géographiques, it is very difficult Et Turks relatifs à l Extrème-Orient du 8E AU 18E siècles]. Volumes 1 and 2, Paris: Ernest Laroux, p. 426-458.

Harvey, L. P. 2007. [Ibn Battuta, new York] I. B. Taurus ISBN 978-184511-394-0. Sarioglu Uli. 1986. [Tribal politics and social organization in The Golden Horde]. Submitted in partial fulfillment of the requirements for the degree of doctor of philosophy in the graduate school of the faculty of arts and Sciences. Columbia University,1986. p. 296.

4-бөлім

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕРІ

Раздел 4

ТРИБУНА ДЛЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Section 4

TRIBUNE FOR YOUNG SCIENTISTS

ҒТАМР 16.21.49

Оразбай С.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық
қорғаныс университетінің 3 курс докторанты, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: Saule0703@mail.ru

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ӘСКЕРИ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Мақалада Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мәтінінде кездесетін әскери сөздердің қолдану ерекшеліктері мен осы уақытта түрленген, жаңашылданған атауларымен мысал келтіре отырып мазмұндалды. Көне түркі тілдері мен қазіргі қазақ тілінде қолданылатын әскери сөздерге, оның ішінде әскери атаққа, соғысқа қатысты сөздер өзектелді. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері қазақ халқының алғашқы жазба мәдениеті мен тарихының бастау бұлағы. Сондай-ақ, түркі халықтарына ортақ көркем туындылардың үлгісі болумен бірге қазақ әдебиетінің әдеби мұрасы және қазақ тілінің лингвистика саласының қорын молайтқан тарихи шежіре. Жазба ескерткіштер тіліндегі сөздердің байланысу түрлері қазіргі қазақ тілінің заңдылықтарына ұқсайды. Ғылымның табысты жетістіктері ретінде осы көне ескерткіштер шексіз мекендегі меңіреу тастарға бүгінде тіл бітіріп, іргелі ел болып қанат жайған түркі халықтарының ұрпағына тарихи деректерінен мәлімет береді.

Мақаланың мақсаты – Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріне байланысты жарық көрген түркітанушылардың еңбектеріне ғылыми талдау жасап, тарихи-мәдени және лингвистикалық тұрғыдан зерттелуін қарастыру. Тасқа қашалып жазылған тарихи жазбалар түркі тілінде сөйлейтін түркі ру тайпаларының әскери жорықтарда батырлардың ерліктері үшін әртүрлі деңгейдегі әскери лауазымдар атауларын айқындау.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық құндылығына Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін ғылыми-теориялық зерттеу нәтижелері әскери тарихқа және түркітануға өз үлесін қоса алады. Жазба ескерткіштердегі әскери сөздердің осы заманға сай түрленіп, мағынасына қарай қолданысқа түсіруге үлесін қосады.

Тақырыпты талдау үшін сипаттау, бақылау және салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдер қолданылды.

Ғылыми мақаланың басты нәтижесі – түркология саласында теориялық ой-тұжырымдар анықталып, бұрынғы айтылған пікірлер мен қағидалар сарапталды. Орхон-Енисей жазба ескерткіштердегі лингвистикалық зерттеуге қатысты мәселелер әскери сөздер жинақталып, сараланып, әскери термин ретінде ғылыми талдауға түсті.

Мақаланың құндылығы – Орхон-Енисей жазба ескерткіштер мәтіндеріндегі әскери терминдерге тарихи тұрғыда хронологиялық талдау жасалып, әскери тарихымыздың бастау алған кезеңі анықталады.

Осы зерттеу жұмысы арқылы автор Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мәтіндеріндегі әскери жорықтарда қолданған әскери сөздердің заманауи талабына сай жаңа түрге еніп, қолданысқа түсуіне үміттенеді.

Түйін сөздер: тіл, әскери сөздер, соғыс, әскери қолбасшы, әскери атақ, ескерткіштер тілі.

Orazbai S.

PhD students of the 3 course, National University of Defense named
after the First President of the Republic of Kazakhstan - Elbasy, Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: Saule0703@mail.ru

In The Types of Orchoon-Unise Notes Application of Military Words

The article outlines the features of the use of military words found in the text of the Orkhon-Yenisei written monuments, as well as examples of modified, innovative names at the present time. Actualized

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

words relating to the ancient Turkic languages and military words used in the modern Kazakh language, including military rank, war. Orkhon-Yenisei inscriptions are the source of the first written culture and history of the Kazakh people. It is also the historical heritage of the Turkic peoples, which is an example of common works of art that have made a great contribution to the literary heritage of Kazakh literature and the linguistics of the Kazakh language. Forms of communication in the written language are similar to the forms of the modern Kazakh language. As the success of science, these ancient monuments provide information about the historical data of the descendants of the Turkic peoples, whose language is endless and is a fundamental country.

The purpose of the event is the study of historical, cultural and linguistic studies of the works of turkologists published in connection with the Orkhon-Yenisei written monuments. Historical inscriptions written in stone determine the names of military posts at various levels for the feat of the batyrs in the military campaigns of the Turkic tribes speaking Turkic language.

Empirical approaches, such as description, control, and comparison, were used to analyze the topic.

The main result of the scientific article is theoretical understanding in the field of Turkology, analyzed previously expressed opinions and principles, problems of linguistic research of Orkhon-Yenisei written monuments were collected and analyzed in military words, taken for scientific analysis as a military term.

The value of the article is a historical chronological analysis of military terms in the texts of the Orkhon-Yenisei written monuments and defines the beginning of military history.

Thanks to this research, the author hopes that Orkhon-Yenisei will enter into a new look in accordance with the modern requirements of military words that were used in military campaigns in the texts of written monuments of Orkhon-Yenisei.

Key words: language, military words, war, military commander, military rank, language of monuments.

Сауле Оразбай

докторант 3 курса, Национальный Университет обороны имени
Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: Saule0703@mail.ru

Применение военных слов в текстах Орхон-Енисейских памятников

В статье изучены особенности применения военных слов, встречающихся в текстах Орхон-Енисейских письменных памятников, а также примеры модифицированных, новаторских названий, используемых в настоящее время. Актуализированы слова, касающиеся древнетюркских языков и военных слов, применяемых в современном казахском языке, в том числе военные звания, войны. Орхоно-Енисейские надписи являются источником первой письменной культуры и истории казахского народа. Это также историческое наследие тюркских народов, которое является примером общих произведений искусства, которые внесли большой вклад в литературное наследие казахской литературы и лингвистику казахского языка. Формы общения на письменном языке аналогичны формам современного казахского языка. Как научные источники, эти древние памятники дают информацию об исторических данных потомков тюркских народов, язык которых бесконечен и является фундаментальным.

Цель статьи – изучение историко-культурного и лингвистического наследия и трудов тюркологов, изданных в связи с Орхоно-Енисейскими письменными памятниками. Исторические надписи на камне определяют названия воинских должностей разных уровней героизма батыров в военных походах тюркских племен, говорящих на тюркском языке. Для анализа темы использовались эмпирические подходы, такие как описание, контроль и сравнение.

Основной результат статьи – теоретическое осмысление и анализ научных направлений, лингвистического своеобразия Орхон-Енисейских письменных памятников, военных терминов. Ценность статьи – исторический хронологический анализ функционирования военных терминов в текстах Орхон-Енисейских письменных памятников, связанных с началом военной истории. Исследовательская работа, по мнению автора, обосновывает тезис о том, что Орхон-Енисей формирует новый вид и требования военной терминологии, сходные с современными.

Ключевые слова: язык, военные слова, война, военный полководец, воинское звание, язык памятников.

Кіріспе

Тілде бір халықтың болмысы, мәдениеті мен тарихы бар. Ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған белгілі бір тарихи мәні бар құрал. Оған дәлел сонау алғашқы дәуірдегі Орхон, Енисей жазба ескерткіштерінің осы уақытта зерттеу жұмыстардың өзектілігіне айналып отыр. Тасқа қашалып жазылған тарихи жазбалар түркі тілде сөйлейтін түркі ру тайпалары туралы қара

сөзбен жазылған көне тарихи шығармасы болып табылады. Осы жазба ескерткіштер арқылы қаншама ғасырлар өтсе де этнос тілінің сақталуы арқылы тарихымызды, кім екенімізді білеміз, танимыз. Осы этнос тілінің сақталуы арқылы өзіміздің ұлтымыздың көне тарихындағы нақты деректерден хабардар боламыз (Алданиязов Т.К. 1998). Күүлі-чор, Күлтегін, Білге қаған, Тұйұқұқ ескерткіштерінің мазмұны ауқымды және тілі көркем, өлең құрылысының талаптарын сақтаған, композияциясы жағынан көне түркі халықтарына ортақ көркем туындылардың үлгісі болумен қатар қазақ әдебиетінің әдеби мұрасы және қазақ тілінің лингвистика саласының қорын молайтқан тарихи шежіре. Жазба ескерткіштердің жыр жолдарынан көне түркілердің танымы, түсініктері, санасы, ой-өрісі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, аңсаған армандары, мақсаттары, батыл ерліктері, қайтпас да жігерлі, батыл мінездерін көреміз. Яғни, тіл арқылы адам болмысын танимыз. Адам болмысы арқылы сол дәуірдің тарихи деректер туралы мәліметке қол жеткізіп, бір ұлтқа тән қасиеттерден сусындаймыз.

Енді осы жазба ескерткіштердің зерттелу жұмыстарын қысқаша мәліметтермен айғақтай түсейік.

Негізгі бөлім

Фин-угор қоғамы 1889 жылы Енисей құпия жазулар атласын, 1891 жылы орхон жазуларының атласын жарыққа шығарып, оған Көшецайдам ескерткіштерінің алғашқы толық емес аудармасы ретінде П. Попов, Г. Габеленцтің еңбектері енген. Осы аударамалар арқылы «Сібір руникасы» деп аталып келген құпия жазулардың түркі халықтарына тиесілі екені және Орхон бойынан табылған үлкен екі ескерткіш Түркі қағанатының мұрасы екені айқындалды (Аманжолов А.С., 2008).

1892-1896 жылдары түріктанушы В. Радлов бастаған орыс академиялық экспедиция Орхон, Енисей өзендері бойынан көне түркі ескерткіштерді Н. Ядринцевпен бірге зерттеп «Моңғолияның ескі мұралары атласы» еңбегін басып шығарды. Ол Күлтегін, Білге қаған, Тұй-ұқұқ, Онгин ескерткіштерінің мәтіндерін алғаш рет оқыған ғалым. В. Радловтың археологиялық әдіснамаға мол үлесін қоса отырып, 1897 жылы көне жазба ескерткіштерді П. Мелиоранскиймен бірлесіп орыс тіліне «Древнетюрские памятники Кошо-Цайдам» еңбегін жарыққа шығарды (Аманжолов К., 2008).

1893 жылы даниялық тілші В. Томсен руникалық жазбалардан ең алғаш рет «Түрк» және «Теңрі» сөздерін оқып шықты. Күлтегін, Тұйұйұқ, Ырық-бітіг мәтіндерінің транскрипция, аударма, түсініктемесін жасады. Ең алғаш рет көне түркі тілдерінің грамматикасын жасады. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін әдеби мұра ретінде алғаш рет зерттеген, Күлтегін, Тоникуқ мәтіндерін алғаш рет қазақ тіліне аударған филолог М. Жолдасбеков «Мақтау-Мадақ» жыры деп атау берді (Жолдасбеков М., 2012).

Орхон ескерткіштері мәтініне қытай, соғды, руна, манихей мәтіндерімен қатар ғылыми талдау жасалып, аудармасы, ғылыми түсініктемелерін жасауға Г. Деверия, О. Хансен, В. Хеннинг, В. Мюллер, Г. Шлегель, Ф. Хирт, Е. Паркер, Э. Шаванн, П. Пельио, Ресейде П. Попов, В. Васильев (Древнетюрский словарь, 1969). Орхон жазба ескерткіштері мәліметтерін тарих жағынан зерттеген ғалымдар В. Томсен, Г. Девир, П. Мелиоранский, И. Шлегель, П. Пельио, И. Маркварт, Г. Грумм-Гржимайло, А. Гляшторный сияқты ғалымдар үлес қосты (Кляшторный С.Г., 1964).

Көне түркілердің түрлі аймақтарынан табылған көне түрік мәтіндерін оқуға үлес қосқан В. Томсен, В. Радлов, П. Мелиоранский, С. Малов, И. Батманов, Ч. Жұмағұлов, Ю. Немет, А. Рона-Таш, Х. Оркун, А. Щербак, М. Хабичев, И. Вавилов, С. Байчоров, И. Қызласов, Э. Тенишев, К. Сейдакметов, В. Наделяев, отандық түркітанушылар Ғ. Айдаров, С. Аманжолов, М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы, Н. Базылхан сияқты ғалымдар үлкен үлестерін қосты (Гумилев Л.Н, 1994).

XX ғасырдың орта тұсында эпиграфика ғылымы дамып, Еуразия даласында өмір сүрген көшпелілердің жазу, сызу өнерін тереңдете зерттеу саласында еңбектер жазыла бастады (Кононов А.Н., 1980).

Көне түркілердің петроглифтері мен таңбаларының эпиграфикасы бойынша зерттеген ғалымдар: А. Окладников, Л. Кызласов, М. Қадырбаев, А. Марьяшев, Г. Пелих, А. Мартынов, Н. Подольский, А. Грач, А. Бернштам, Э. Новоградова, Д. Дорж, Н. Сэр-Оджов, Ц. Цэвэндорж, М. Дэвлет, Гай Чан Ли, В. Кубарев, З. Самашев (Кызласов, 1990).

Көне түрік жазба ескерткіштерінің жазу эпиграфикасы негізінде көне түрік бітіг текстологиясының негізін қалаған ғалымдар: В. Радлов, Г. Рамстедт, В. Котвич, Е. Трярский, Л. Кызласов, И. Қызласов, И. Кормушин, Д. Васильев, О. Серткая, А. Аманжолов, Қ. Сартқожаұлы, Н. Базылхан (Липец Р.С., 1984).

О. Сүлейменов «Тюрки до истории о происхождении древнетюрских языков и пись-

менностей» еңбегінде көне жазу таңбаларының идеялары, қазіргі сөздердің этимологиясы туралы сөз қозғайды, А. Аманжолов көне түркі тілдерін тарихи-мәдени және морфологиялық-синтаксистік тарапынан зерттейді, 2003 жылы Қ. Сартқожаұлы «Орхон мұралары» еңбегінде көне түркі жазуының шығу тарихы түркілердің тәңірлік дүниетанымына сәйкес байланыстығын айтады (Манкеева Ж., 2014).

А. Аманжоловтың «История и теория древнетюрского письма» және Қ. Сартқожаұлының «Байырғы түрік жазуының генезисі» көне түрік бітіг жазуының шығу тегіне арналған алғашқы монографиялық еңбектер болып табылады. Ғ. Мұсабаевтың «Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан» еңбегі көне түркі тілдерінің тарихын зерттеп, жан-жақты мәлімет берді.

1964 жылы Ә. Құрышжанов пен Ә. Томановтың «Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері» еңбегінде ескерткіштердің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктеріне тоқталды.

Тілші Ғ. Айдаров Күлтегін, Білге қаған, Күүлі-чор, Онгин, Тұй-ұқұқ мәтіндерін қазақ тіліне аударып, 1986 жылы «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» еңбегінде көне түркі ескерткіштері жайлы қысқаша мағлұмат беріп, оларды фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан қарастырды (Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. 1966).

Түркі жазба ескерткіштерінің таралу аймақтары түркі тілдес тайпалардың тарихи мекендері Орхон, Енисей, Селенгі өзендерінің бойы, Минусинск ойпаты, Алтай өңірі, қазіргі Тува, Краснояр, Қазақстанның Талас, Жетісу, Сыр өңірлері, яғни, шығысы – Хангай, Сары өзеннен, батысы – Қара теңізге, оңтүстігі – Қытайдың Аққорғанынан, теріскейі – Байкалға дейінгі кең байтақ аралықты қамтиды. Бүкіл түркі халықтарының жәдігері Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тарихи шежіре, елдік пен ерлікті жырлаған эпитафиялық жазба ескерткіш ретінде түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының әскери тарихының бастау бұлағы. Бұл жазудың ерекшелігі сөздегі дыбыстар таңбаланып жазылады. Орналасқан жерін ескермегенде жазуды қолданылған мезгілдері мен жазу таңбаларының қолданылуы арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Жазба ескерткіштер тіліндегі сөздердің байланысу түрлері қазіргі қазақ тілінің заңдылықтарына ұқсайды. Жазу үрдісі мен таңбаларды қолдануы өте ұқсас келеді. Қазақ халқының жазу тарихы осы ескерткіштерден бастау алып, көненің көзі ретінде бізге жетіп, қазақ тілі мен түркітану пәндеріне таптырмас үлес қосып, қайталанбас асыл мұра ретінде сақталып қалуда.

С. Аманжоловтың пайымдауынша: «Менің түсінігімше, қазіргі дулаттар ежелгі Орхон-Енисей түркілердің тікелей ұрпақтары» Мысалы, *Körör közim körmez teq, biler biliqim bilmez teq boldy.* «Көрер көзім көрместей, білер білігім, білместей болды» (Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ., 2007). Осы сөз тіркестері осы уақытта дейін сөз айналымында қолданылып жүргенін нақты айта аламын.

И. Қызласов Енисей жазба деректерді VII-XIII ғасырлар мұрасы ретінде зерттеп, көне түркі жазуын екі топқа бөледі:

1) азия – орхон, енисей, талас (Оңтүстік Сібір, Орталық Азия, Жетісу аймағы);

2) еуроазия – дон, кубан, исфарин, ашықтас, оңтүстік енесей (Шығыс Еуропа, Орта Азия мен Оңтүстік Сібір жерлері). (Базылхан Н, 2005).

Түркі ру-тайпаларының кітаби тілі ұйғыр, парсы тілдерінде жазылғанмен сол дәуірдегі барлық түркі тектес халықтардың бәріне түсінікті болған. Кейіннен шежірелер, тарихи мұралар, дастандар, қиссалар қыпшақ тілінде жазылса да мұра ретінде жас ұрпаққа жетіп отырған. Осы тарихи туындылардан көне түркілердің сөз орамдары, мақал-мәтелдері, жоқтаулары, ерліктік эпостық сарындары, тарихи әскери жорықтары мазмұндалған. Сондай-ақ, тарихи шежіреде тұрмыс бұйымдары, тағам атаулары, киім атаулары, мәдени бұйымдары атауларымен бірге әскери жорықтарға қатысты атаулар мұрагерлік қызметті айғақтайтын деректер бар. Біздің бұрынғы ата-бабамыз көк түріктер өз империясын құрып қана қоймай алып мемлекетті басқара отырып, әскери атаққа байланысты өзіндік әскери терминологиясын қалыптастырған. Яғни, жеке-жеке бөлімшелерге бөлініп, арнайы дайындалған әскери-әкімшілікке, әскери шаруашылыққа топталған терминологиялық салаға жататын қорланған сөздер пайда болды. Сондай-ақ, олардың басшылық қызметтерінің, топтардың, жеке бөліктердің әскери атаулары реттеле бастады. Тарихи оқиғаларды айғақтайтын және әскери лауазымдардың дәрежесінің сатыға бөлінген атаулары Орхон, Енисей жазба ескерткіштерінің мәтіндерінде көп қайталанып көрініс тапқан. Енді осы әскери сөздерге жеке-жеке тоқталайық:

alp, er – айбынды, жаужүрек, батыр. *[ber]tim. Alp erin ölürip balbal qylu bertim. «*бердім. Алып ерлерін өлтіріп балбал қыла бердім»;

igitmiš. Al[p qayanyŋa j]aŋyldy. Üze teŋri yduq jer sub [ečim qayan quuty taplamady erinč. Toquz oγuz bodun jerin, subyn ydyp tabγačγaru bardu. Tabγač [...]bu jerde kelti. Igidejin tijin saq[yndym...] bodun [...]«[бәрін де] жасайды. Алып қаған да жаңылады (қателеседі). Жоғарыда Тәңірі, киелі Жер-су Ағам-қағанның құтын қолдамады. Тоғыз-оғуз халқы жерін-суын тастап табғачқа барды. Табғач [...] бұл жерге келді. [Бір] игілік істейін деп ойладым...халық....» (Сартқожаұлы Қ., 2012).

bujruqy – қолбасшы, бек, үкімет мүшесі, яғни министр деген мағынаны білдіреді. өзіне бағынысты тайпалардың әскери-әкімшілік істерін басқару үшін орталықтан сайланған бас қызметкерді де бұйрұқ атаған. *Bujruqy jeme bilige ermis erinĉ, alp ermis erinĉ.* «Бұйрықтары (қолбасшылар) да білікті еді, алып еді.»;

Qamaγy biš otuz süledimis. Üč jigirmi süŋüšdimiz. Illigig ilsiretdimiz, qayanyγ qayansyratdymyz. Tizligig sökürtimiz. Bašlyγγy jükündürtimiz. Türges qayan türükimiz [bodunymyz erti. Bilmedükin] üčün biziŋe jaŋyluqyn üčün ölti. Bujruqy begleri jeme ölti. On-oq bodun emgek körti. Ečümiz apamyz tutmys jir sub idisiz bolmazun tijin az bodunyγ itip jar [atyp...] «Барлығы жиырма бес рет жорық жасадық. Он үш рет соғыстық. Елдігін елсіреттік, қағандығын қағансыраттық. Тізеліні бүктірдік, бастыны жүгіндірдік. Түргеш қаған түрікіміз, халқымыз еді. Білместігі үшін, жаңылғаны үшін өлді. Бұйрықы (қолбасшысы) бектері де өлді. Он-оқ халқы азап көрді. Атамыз, бабамыз тұтқан Жер-су иесіз болмасын деп аз халық құрап» (Сартқожаұлы Қ., 2003).

bilge – білікті. *Bilige atačym joγyn alur aγyŋyn qazγand[t]ym.* «Білікті аташымның киелі орнының [қызметін], қалдырған ақығын /дүние-мүлкін/ мен мойныма алым.» (Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ., 2005).

kül erkin – түріктердің мемлекеттік құрылымында қаған мен бек аралығындағы лауазым. Батыс көк түріктердің құрамындағы он-оқтарды басқарған. *ič bujruq Sebig Kül erkin bašlaju, ulaju bujruq bunča amty begler qaŋym qayanqa erteŋü «*Орда бұйрығы (қолбасшысы) Себіг Күл-еркін бастаған ылғи қолбасшылар – осыншама бүгінгі бектер әкем-қағанға ер теңі (үзеңгілес; арқа сүйер, сүйеніш) болды» (Сартқожаұлы Қ., 2011).

elteber – лауазым. Елдің, тайпаның басын біріктіретін адам.

jaγy – жау. *Tört buluŋ qoup jaγy ermis.* «Төрт тараптағылар қарсы жау болды»;

inmiš. Tirilip jetmiš er bolmyš. Teŋri küč birtük üčün qaŋym qayan süsi böri teg ermiš. Jaγy qooj teg ermiš. Ilgerü, quuryγaru sülep itirmiš, qobratmyš qamaγy jeti jüz er bolmyš. Jeti jüz er bolup elsir[emiš, qayansyramyš bodunyγ küŋedmiš, quuladmys bodu]nyγ türük tö[rüsin yčγynmyš]. «сонда барып қосылды. Жиналып жетпіс ер болды. Тәңірі күш берген әкем-қағанның әскері бөрі сияқты еді. Жаулары қой сияқты еді. Ілгері кейін шапқылап [қол] жинады, [халықты] көтерді. Барлығы жеті жүз ер болды. Жеті жүз ер жиналып елсіреген, қағансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты, түрік төрінен айрылған»

körüg – тыңшы. *Üč körüg kisi kelti.* «Үш көріг (тыңшы) кісі келді» (Сартқожаұлы Қ., 2005).

köbürge – дабыл. Жау жақындағанда әскерлерді жылдам жинау үшін берілетін дыбыс.

qayan – қаған. Мысалы, *Ečim qayan olurtuq(q) a özüm tigin erk [...]ij..[...] teŋri jarylqaduq üčün Tört jigirmi jašymqa tarduš bodun üze šad olurtym.* «Ағам-қаған [таққа] отырғанша өзім тегін...[...] «Тәңірі жарылқағандығы үшін он төрт жасымда тардуш халқының үстіне шад болып отырдым»;

[...35 см-дегі әріп өшкен][Qap]ayan qayan elinte aqyryp edgü beŋi körti.Uluγ Küüli-čor sekiz on jasap joq bol[mys]. «[...] Қапаған қаған елінде мені құрметтеп ұлықтады. Ұлы Күүлі-чор сексен жасап жоқ болды».

qorqapyn, qurqapyn – қорғаушы. Хан ордасын қорғаушы адамдарды осылай атаған. Қақпа қорғаушылары Ордаға келушілерді ұйымдастырып, қағанның қабылдауын тәртіпке келтіріп отырған;

qyrγuγ – күзетші. Шапшаң секем алу, қырағы болу деген мағынаны білдіреді. *Arquj qyrγuγ ulγartdym.* «Қырғи қарауылдарды ұлғайттым».

sü – әскер, қол. Қазіргі түркі тілдерінде қолданыстан шыққан және сөздік қорда кездесе қоймайтын сөздердің қатарына кіреді. Осындай түркілік атақтар жылдар өте қолданыстан өше бастады. *әскер* сөзі қазақ тілінде «қарулы жасақ, жауынгер, жасақ, Қарулы Күштердің жеке құрамындағы сарбаз деген жалпылама сипаттағы термин. Оның орнына жалпылық ұғымды білдіретін «сарбаз» атауы шықты. Синонимдері сарбаз, жауынгер, әскер, қосын, әскери бөлім. Мысалы, *tapa süledim. Bodunyγ anda buzdym. Tabγač Oŋ-tutuq bes tümen sü kelti. Yduq bašda süŋüšdim. Ol süg anda jooq qyšdym.* «аттандым. Халқын онда бұздым. Табғач Оң-тұтұқ бес түмен /елу мың/ қолмен келді. Ыдық-баста соғыстым. Ол қолды онда жойдым!»;

az jaγyzyn binip tegdi. Eki erig sančydy. Balyyq[q]a barmady. Ol sü anda öl[ti]. Maγy qorγan qyšlap jazyŋa oγuzγaru su tašyqdymyz. Kül-tigin beg bašlaju yqtymyz. Oγuz jaγy orduγ basdy. Kül-tigin

Ögsiz aqyn binip toquz erin sančydy. «Аз қарагерді мініп шайқасты. Екі ерін шаншыды. Қалаға бармады. Ол қол сонда қырылды. Мағы-қорған қыстап, жазына оғызға қарай қол аттандырдық. Күлтегін жұртты бастап қорғаныста қалды. Оғыз жау орданы басты. Күлтегін Жетімек ағын мініп тоғыз ерін шаншыды.» (Сартқожаұлы Қ., 2017).

süle – соғыс; *süledim* – жорық жасадым; *[Anda süŋ]üšdim. Süsin sančdym.* «Онда соғыстым. Қолын шаныштым»;

.[...]arqyšy kelmedi any aŋytajyn tip süledim. Qooryγu eki üč kisiligü tezip bardy. Qara bodun qaγanym kelti tip ög[irip sebinti...atsyz qalmys]qa aat birtim. Kičig atlyγyγ uluγartdym [...] керуені келмеді. Оны жазалайын деп аттандым. Қорушы екі-үш кісілер қашып кетті. Қара халық қағаным келді деп қолпаштап, қуанды. Атсыз қалғандарға ат бердім. Атағы кішілерді өсірдім»;

*tapa süledim. Bodunyγ anda buzdym. Tabγač Oŋ-tutuq bes tümen sü kelti. Yduq bašda süŋüšdim. Ol süg anda jooq qyšdym. Jigirmi jašyma basmyl yduq(q)ut oγušym bodun erti. Arqyš ydmaz tijin süledim. Q...[...]...m ičgertim. Qalyŋ[yn] ebrü kelürtim. Eki otuz jašyma tabγač tapa süledim. Čača seŋün sekiz tümen [sü] birle süŋüsdim. Süsin anda ölürtim. Alty otuz jašyma čik bodun qyyrqyz birle jaγy boldy. Kem keče čik tapa süledim. Örpinte sü ŋüšdim. Süsin sančydym. Jeti otuz jašyma qyyrqyz tapa süledim. «*аттандым. Халқын онда бұздым. Табғач Оң-тұтұқ бес түмен /елу мың/ қолмен келді. Ыдуқ-баста соғыстым. Ол қолды онда жойдым! Жиырма жасымда Басмыл Ыдықұт басыбайлы иелік халқым еді. Керуен жібермеді деп жауладым...[...]... бағындырдым. Қалыңын (малын) ебіме келтірдім. Жиырма екі жасымда Табғачқа қарсы аттандым. Чача-сеңүннің сегіз түмен (сексен мың) қолымен соғыстым. Қолын онда жойдым. Жиырма алты жасымда Чік халқы қырғызбен бірігіп жау болды. Кемді (өзен) кешіп Чікке қарсы аттандым. өрпенде соғыстым. әскерін шаншыдым. Жиырма жеті жасымда қырғызға қарсы аттандым (Ахметжанов Қ.С., 1996)

seŋün – әскербасы, қолбасшы. *tapa süledim. Čača seŋün sekiz tümen [sü] birlesüŋüsdim. Süsinanda ölürtim.* «қарсы аттандым. Чача-сеңүннің сегіз түмен (сексен мың) қолымен соғыстым. Қолын онда жойдым» .

saγun – қолбасшы, әскерді басқаратын адам.

tarqan – әскери атақ, хан. Түріктердің көне лауазымы. Ғұн тайпасынан бастап қолданысқа енген. Тарқандар билеуші әулетінен шыққан. Осы лауазым әр кезеңде әртүрлі мағынаны білдіреді және түрлі әскери атақ ретінде қолданылады.

tegmeči – шабуылдаушы. *Tegmeči men tejin saqyndym*. «шабуылдаушы мен боламын деп ойладым».

Uruč – ұрыс, соғыс. *Ebke tegdükim uruš qylyp* «Ебке (күреңге) шаптым ұрыс қылып» (Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ., 2005).

šadyγ – әскери атақ. Қағанаттың сол (төлес) қанатын басқарған адамға берілетін атақ. Ұлы қағаннан кейінгі кіші қаған дәрежесіндегі лауазым.

šad – әскери атақ. Қағанаттың сол қанатын басқарған адамға берілетін атақ. Кіші қаған дәрежесіндегі лауазым. *Ečim qaγan olurtuq(q)a özüm tigin erk [...] ij..[...] teŋri jarylqaduq üčün Tört jigirmi jašymqa tarduš bodun üze šad olurtym.* «Ағам-қаған [таққа] отырғанша өзім тегін ...[...] «Тәңірі жарылқағандығы үшін он төрт жасымда тардуш халқының үстіне шад болып отырдым».

čor – көне түріктердің мемлекеттік құрамындағы бір лауазым. Батыс көк түріктердің негізі болған он-оқтарды басқарған. Көк түрік қағанатының қағаны Қапағанды Мо-чо (Бег-чор) немесе Бөгү-чор, Түргеш әскерінің қолбасшысын Күүлі-чор деп атаған.

jabγuγ – әскери атақ. III ғасырда Сырдарияның бойында қоныс тепкен қаңлы тайпалардан шыққан патшалары «ябғу» деген титулға ие болған. Осы тайпада ел басқару әкеден балаға мұрагерлік жолмен беріліп отырған. *Tölis, tarduš bodunyγ anda itmiš. Jabγuγ, šadyγ anda birmis.* «Төлес, тардуш халқын сонда құрды, ябғу, шад [атағын] сонда берді» (Сартқожаұлы Қ., 2017).

Шыңғыс хан әскерлерінің жасағында «ұлан» деп садақпен қаруланған атты әскерлерден ерекшеленетін ілмекті найзамен қаруланған атты әскерлерді атаған. Қазіргі кезде «гвардия» сөзін қазақ тіліне аударғанда ұлан деп атап жүр. Австрия, Пруссия және Ресейде XVIII ғасырда, Францияда XIX ғасырда ұлан полктері құрыла бастаған. Ұландар негізінен қылыш пен ілмекті найзамен қаруланған. Кейіннен заман талабына сай пистолет қаруымен қаруланды. Олардың киім-кешегінің ерекшелігі төбесі квадрат пішінді бас киім киген. Ал, сарбаз сөзімен мағынасы бір сардар сөзі сарай ісі немесе ел шаруасына араласу құқына ие болған қолбасшыларды атаған. Сардарлар ел билеушінің, бектердің, хандардың сенімді өкілі болған (Стеблева И.Ф, Наука, 1976).

Көне түркілердің сарбаздардан жасақталған әскери құрылымы *ұлұғ бұйрұқ/бас қолбасшысы* және *іч-бұйрұқ/орда қолбасшысы* екі әскери лауазымнан құрылған. Олардың бағынысты сарбаздары да бөлек болған. Көне түркі

қағандары басқару кезінде алдымен саясаттың жағдайын бірінші орынға қойып, басқару кезінде мақсатты шешімдер қабылдап отырған. Сол қанатты – *төлес*, оң қанатты – *тардуш,* орталықты – *ічрекі* деп атап үш бөлікке бөлген. Төлес қанаттың басшысына *шад* лауазымын, тардуш қанаттың басшысына *ябғу* лауазымын беріп отырған. Мысалы, *Tölis, tarduš bodunγ anda itmiš. Jabγuγ, šadγ anda birmis.* «Төлес, тардуш халқын сонда құрды, ябғу, шад [атағын] сонда берді» (Қашқари М., 1993). Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшыларына бөліп, басқаратын басшысын *бас қолбасшы* деп атайды. Сондай-ақ өңірлік қолбасшылық әскерлері қолбасшыларының басқаруында бағынысты әскери бөлімдер бар. Ол әскери бөлімдердің басшысын *командир* атауымен атайды (Назарбаев Н.Ә., 2018 ж).

Осы командир сөзін бұйрықшы деп аударуға болады. Себебі, бұйрық дегеніміз команда, пәрмен.

Ал, төмендегі әскери сөздер қолданыстан шығып қалған сөздер:

Ақташы – армияға қажетті малды қадағалаушы офицер. Яғни сарай мансап атақтарының бірі.

Баһадүр – жоғары деңгейдегі әскери атақ. Осы атаққа ие болған жауынгерлер жеке ту ұстаған, ерекше үлгідегі киім және қауырсын тағылған дулыға киген. Осы әскери атақ қазақ халқында Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты батырларға берілген.

Бұларғашы – әскери мүлікті қадағалайтын офицер. Бұларғашының қарауында жасақ болған. әскердің қонысы орнында ұмытылып қалған заттардың, қалып қойған жауынгерлердің бар-жоғын тексеретін адам.

Бұлғай – қаржы мәселесі жөніндегі офицер.

Жұртшы – әскерді орналастырушы, қозғалу бағытын анықтаушы. әскердің қозғалуы кезінде де, соғыс қимылдары кезінде де көш (лагерь) тоқтайтын орынды тауып, белгілеу, хан мен қолбасшылар ордаларының орналасу орнын белгілейтін адам.

Табашы – жүк тиелген көшті, тасымалды қадағалайтын офицер.

Тарғушы – әскердің штабына кіретін шеннің бірі, тарғушылар мөр сақтаушы қызметін атқарған.

Ереуіл – «ұзақ жортуға шыдамды, мықты» дегенді білдіреді, яғни «десант» немесе «спецназ» сияқты арнайы жаттыққан, қиындыққа төзімді жауынгер.

Тоскауыл – жасырын тосып тұрып, тұтқиылдан шабуыл жасауға жасалған сарбаздар.

Шығауыл – адъютант, әскери атақтарының бірі (Султанов Т.И, 2001).

Осы әскери сөздерден көне түркілердің сол кезеңдегі алып армиясының қалыптасқан әскери штабын және көшпелі халықтардың тұрақты әскер құрамының болғанын көреміз. Бүгінде осы әскери сөздер архаизмге айналған. Сол кезеңдегі әскери құрамының әскери атаулары қазіргі замандағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрамының әскери талаптарына жауап береді. Егер осы архаизмдерді қолданысқа енгізсек, құлаққа тұрпайы естілуі мүмкін. Бірақ, жылдар өте құлаққа сіңімді болып, тіліміздің, оның ішінде әскери терминологияның қорын көбейте отырып, төл тарихымыздың құндылықтарын жаңғыртуға мүмкіндік болар еді (Назарбаев Н.Ә., 2014 ж).

Ойымызды сараласақ, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі әскери сөздер түркі тілді тайпаларына ортақ әскери салаға қатысты сөздердің өзіндік тарихи дамуы бар. Мысалы, түркі тілдердің көптеген түрлері көне түркілік сарынды сақтаса, басқалары өзіне ғана тән заңдылықтарды сақтаса, ал басқалары басқа тілдің ықпалына түсіп дамыған. Көне түркілердің әскери сөздері осы уақытта жаңаланып, түрленіп басқаша айтылып жүр. Мысалы, көне түркі көшпелілердің әскери құрылымы үштік жүйемен, яғни: оң қанат, сол қанат және орталық қанат болып бөлініп, әскер қосындары ондық – «взвод» жүздік – «рота»; бес жүздік – «батальон»; мыңдық – «полк»; түмен (он мыңдық) – «дивизия»; (жүз мыңдық – әскери округ), аламан – «десант», ұшар – «авиация», жорғын – «пехота», жүзгін – «әскери-теңіз күштері», атарман – «артиллерия», бас бұйрықшы – «бас қолбасшы», бөлік бұйрықшы – «әскери бөлімнің командирі» сөздері армияда қолданатын әскери сөздерге қосылып отырған (Сыздықов С., 2013). Яғни, әскери сөздер сонау көне түркі заманынан бастау алып, кезең-кезеңмен қалыптасып, осы заманға сай түрленіп, толығып дамып отырған. Міне, осы мәселелер мақаланың ғылыми зерттеуінің өзектілігіне арқау болды.

Нәтиже

Қорытындылай келе, әр халықтың ұлттық этникалық ерекшеліктерін, өмір сүріп отырған кезеңдердегі тарихи жағдайларын тілдің көмегімен суреттейтін көркем туындылардың бірі және құнды тарихи деректердің бірегейі, аласапыран замандар өтсе де, өшпей, өлмей,

осы күнге жеткен, бүкіл түркі әлемінің рухын көтеріп, ұлылығын танытып келе жатқан тарихи шежіреміз Орхон-Енисей жазба ескерткіштері (Сұлтанов, 2001). Ғылымның табысты жетістіктері ретінде осы көне ескерткіштер шексіз мекендегі меңіреу тастарға бүгінде тіл бітіріп, іргелі ел болып қанат жайған түркі халықтарының ұрпағына тарихи деректерінен мәлімет береді. Үш жүз жыл бойы ұзын найзалы, жарау атты түріктер қазіргі қазақ халқы мекен етіп отырған қасиетті жерде көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүріп, кең байтақ жерді еркін билеген. Бүкіл түркі халықтарының асыл мұрасы ретінде тарих сахнасынан ойып тұрып орын алған және әлемдік мәдениеттің құнды шежіресі ретінде елдік пен ерлікті мақтанышпен асқақтата жырлап тарихта өшпес іздерін қалдырды. Осы көне түркілердің жазба ескерткіштерінің мәтіндері әртүрлі саладағы зерттеу жұмыстарының өзектілігіне айналып, нәтижелері құнды деректер ретінде ұрпақтан ұрпаққа мұра болып сақталуда.

Әдебиеттер

Алданиязов Т.К. Военное дело кочевников Казахстана. – Алматы, 1998. –140 с.

Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Павлодар, 2008. – 169 б.

Аманжолов К., Тасболатов А. «Қазақстанның әскери тарихы»: оқу құралы. –Алматы: Білім, 2008. – 320 б., суретті.

Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы: «Дәуір», 1996. – 256 б.

Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштерінің жинағы //«Қазақстан тарихы VII-XX ғғ. түрік тілді деректерде» атты сериясы бойынша. II том. – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – 252 б.

Древнетюркский словарь. – Ленинград: АН СССР, Ин. языкознания, 1969. – 676 с.

Гумилев Л.Н. «Көне түркілер». –Алматы: Білім, 1994. – 502 б.

Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

Жолдасбеков М. Тәуелсіздік тағылымы. Тарихи сөздер, мақалалар, сұхбаттар. – Астана: Күлтегін, 2012. – 480 б.

Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.: Наука, 1964. – 124 с.

Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. –Ленинград, 1980. –132 с.

Кызласов И.Л. Древнетюркская руническая письменность Евразии (Опыт палеографического анализа). Институт археологии АН СССР. – М., 1990. –161 с.

Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М., 1984. – 124 с.

Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.

Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2014 жыл 12 қараша. – 3 б.

Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // Егемен Қазақстан. 2018 ж. 21 қараша. – № 223.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 239 б.

Қашқари М. Түбі бір түркі тілі (Диуани лұғат ит-түрік) – Алматы. 1993. –193 б.

Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері 1-кітап. – Алматы, 2006. –204 б.

Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Алматы: Арыс, 2007. – 304 б.

Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Алматы: Абзал-Ай, 2012. – 120 б.

Сартқожаұлы Қ. «Орхон мұралары» 1 кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. – Астана, 2003. – 392 б.

Сартқожаұлы Қ. Қазақ қолжазбалары көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары (б.д. X ғ. бастап – XX ғ. дейін) 10 томдық басылым. – Алматы: Ел шежіре, 2011. – 315 б.

Сартқожаұлы Қ. Таста қалған тағылым. – Алматы: «Қазақ тілі», 2017. – 376.

Сартқожаұлы Қ. Тас кітаптың құпиясы. – Астана, 2017. – 383 б.

Стеблева И.Ф. Поэзия тюрков VI-XIII веков. – М.: Наука, 1965. –148 с.

Стеблева И.Ф. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в ранееклассический период. – М.: Наука, 1976. – 214 с.

Стеблева И.Ф. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. – М.: Наука, 1971. – 298.

Сыздықов С. Мәңгілік Ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Алматы: Фолиант, 2013. – 199 б.

Султанов Т.И. Золотая орда. Государство Чингизидов в Евразийской степи. – Алматы: Мектеп, 2001. – 176 с. (Серия «Слово седьмое»).

Электрондық ресурстар:

1. www.academia.edu/30414217
2. www.elarna.net/kitap_kk.phpid=3609&oku=2

References

Aldaniazov T.K. (1998). Voennoe delo kochevnikov Kazakhstana. [The military forces of Kazakhstan]. Almaty. –140 p.

Amanzholov A.S. (2008) Turki filologiasy zhane zhazu tarihy. [Turkic philology and writing history]. Pavlodar, -169 p.

Amanzholov K., Tasbolatov A. (2008) «Kazakhstanning askeri tarihy»: oku kuraly. [Military History of Kazakhstan: Study Guide]. –Almaty: Bilim, -320 p.

Ahmetzhanov Kh.S.(1996) Jaragan temir kigender (batyrlardyng karu-zharagy, askeri oneri, salt-dasturleri) [Heroes wearing armor (weapons of warfare, martial arts, traditions)]. Almaty: "Dauir", -256 p..

Bazylhan N. (2005) Kone turik bitik tastary men eskertkishterinin zhinagy //«Kazakhstan tarihy VII-XX gg. turik tildi derekterde» atti seriasy boiynsha. II tom. [Collection of Old Turkic inscriptions and monuments // History of Kazakhstan VII-XX centuries. in Turkish-language data "series. Volume II]. Almaty: Daik Press, -252 p.

Drevneturski slovar. (1969) [Ancient Turkic dictionary]. Leningrad: AN SSSR Academy of Sciences, In. linguistics) – 676 p.

Gumilev L.N. «Kone turkiler». [«Ancient Turks»]. Almaty: Education, -502 p.

Zholdasbekov M., Sartkozhauly Қ. (2005) Orhon eskertkishterinin tolyk Atlasy [Full Atlas of Orkhon Monuments]. Astana: Kultegin, – 360 p.

Zholdasbekov M. (2012) Tauelsizdik tagylymy. Tarihi sozder, maqalalar, suhbattar. [Independence Prize. Historical words, articles, interviews]. Astana: Kultegin, – 480 б.

Kliashtorni S.G. (1964) Drevneturskie rynicheskie pamiatniki kak istochnik po istorii Srednei Azii. [Ancient Turkic runic monuments as a source on the history of Central Asia]. Moskva: Nauka, –124 c.

Kononov A.N. (1980) Grammatika iazyka turskih runicheskih pamiatnikov VII-IX vv. [Grammar of the Turkie Turskie Runic Pamyatnikov VII-IX vv]. Leningrad, –132 c.

Kyzlasov I.L. (1990) Drevneturskaya runicheskaya pismennost Evrazii (Opyt paleograficheskogo analiza). Institut arheologii AN SSSR. [Ancient Turkic runic writing of Eurasia (Experience of paleographic analysis). Institute of Archeology of the USSR Academy of Sciences]. Moskva, –161 c.

Lipec R.S. (1984) Obrazy batyra i ego konia v turko-mongolskom epose. [The heroes of heroes and her horse in the Turco-Mongolian epos]. Moscow, –124 c.

Mankeeva J. (2014) Kazakh til biliminin maseleleri. [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: «Abzal-Ai», – 640 p.

Nazarbaev N.A. (2014) «Nurly zhol – bolashakka bastar zhol» [Path to the Future" to the people of Kazakhstan. True Kazakhstan]. 12 november,-3 p.

Nazarbaev N.A. (2018) Uly dalanyn zheti qyry [Seven sides of the Great Steppe]. The newspaper «Egemen Qazaqstan», – 21 qarasha, – №223.

Kazakh tilinin kyskasha etimologialyk sozdigi. (1966) [A short etymological dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Science, – 239 p.

Kashkari M. (1993) Tubi bir turki tili (Diuani lugat it-turik) [There is one Turkic language (the so-called satin-turk)]. Almaty, – 193 б.

Kytai zhylnamalaryndagy kazakh tarihynyn derekteri. (2006) [The history of the Kazakh history in the Chinese annals]. Almaty, – 204 p.

Sartqozhauly Kh. (2007) Baiyrgy turik zhazuynyn genezisi. [Genesis of the ancient Turkic writing]. Almaty: Arys, – 304 p.

Sartqozhauly Kh. (2012) Orhon muralary. [Orkhon heritage]. Almaty: Abzal-Ai, -120 p.

Sartqozhauly Kh. (2003) Orhon muralary. 1 kitap [Orkhon heritage]. 1 book. Historical-cognitive ethnographic literature. Astana, – 392 p.

Sartqozhauly Kh. (2011) Qazaq kolzhazbalary kone turki zhane kazakh zhazba adebi muralary (b.d. X g. bastap – XX g. deiin) 10 tomdyk basylym [Kazakh manuscripts Old Turkic and Kazakh written literary heritage (from X to XVIII centuries) 10 volumes edition]. Almaty: El Shezhire,–315 б.

Sartqozhauly Kh. (2017) Tasta kalgan tagylym. [The remains of the rock]. – Almaty: Kazakh Tili, –376..

Sartqozhauly Kh. (2017) Tas kitaptyn kupiasy. [Secrets of the Stone Book]. Astana, – 383 б.

Stebleva I.F. (1965) Poezia turkov VI-XIII vekov. [Poetry of the Turks VI-XIII centuries]. Moskva: Nauka, –148 c.

Stebleva I.F. (1976) Poetika drevneturskoi literatyri i ie transformacia v ranee-klassiceskii period. [Poetics of ancient Turkic literature and its transformation in the earlier-classical period]. Moskva: Nauka, – 214 c.

Stebleva I.F. (1971) Razvitie turkskih poeticeskih form v XI veke. [The development of Turkic poetic forms in the XI century]. Moskva: Nauka, –298.

Syzdyqov S. (2013) Mangilik El ideiasy: qalyptasuy, ush negizi, tarihi sabaktastyqy. [The idea of the great country: the formation, the three bases, historical continuity]. Almaty: Foliant,. – 199 б.

Sultanov T.I. (2001) Zolotaya orda. Gosudarstvo Cingizidov v Evraziiskoi stepi. [The golden horde. Chingizizov of the Eurasian Stage]. Almaty: Mektep, –176 c. (Series "Slovo Sedmoe")

Electronic resources:

1. www.academia.edu/30414217
2. www.elarna.net/kitap_kk.phpid=3609&oku=2

ҒТАМР 19.01.11

Саурбаева А.Ж.[1], Байгожина Д.О.[2]

[1] PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: ashekei.sauyrbaeva@mail.ru
[2]PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: baigozhina777@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ АУЫСУЫ ЖӘНЕ БАҚ-ТА ҚАЗІРГІ АҚПАРАТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН МӘДЕНИ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Ғылыми мақалада Қазақстанның ақпараттық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы, оған әсер еткен факторлар сараланды. Ақпараттық кеңістікте болып жатқан өзгерістер, сандық және жаңа ақпараттық технологияларға байланысты БАҚ аудиторияларының өзгеруі қарастырылады. Интернеттің Қазақстан кеңістігіне енуі, интернет пайдаланушылардың өсу динамикасы зерттеліп, интернет пен тұтынушы арасындағы байланыс сипатталды. Сондай-ақ, технологияның интернет пен ақпараттық кеңістік арасындағы өзара байланыс үрдісінің бірі екендігі айқындалды. Жаңа технологиялардың негізінде БАҚ қызметін іске асыру трендке айналды. Осы тұста мақаланың мақсаты әлеуметтік желінің БАҚ құралдарымен қатар, ақпаратты тарату, насихаттау жолында өзіндік көмегі бар. Жаңа БАҚ-қа ақпарат жасайтын және жасауға белсенділік танытатын қарапайым пайдаланушылар, олардың ақпарат жазуында сөздік қолданысы бөлек болғанымен, оқиғалық себепті бірінші болып жеткізеді. Бұл жолда, әлеуметтік желіде жұмыс атқаратын блогерлердің жұмысын атап кетуге болады. Олар мақсатты түрде ақпарат агенттіктеріне материалдар дайындай алады. Мақалада жаңа БАҚ-қа контент құру принципін ұстана отырып, медиаға тән ақпаратпен жұмыс жасаудың жоғары серпінділігі мен жеделдігін атап өту керек. Яғни, кез келген әлеуметтік желіні пайдаланушы өзі куә болған оқиғаны сол мезетте, сол оқиға орнынан қолжетімді бейнехостинге салып жіберу мүмкіндігіне ие. Осылайша далалық деректермен қамтамасыз етіліп отырған БАҚ-тың қызметі мемлекетке немесе қоғам өміріне айтарлықтай өзгеріс әкеледі. Осындай ұтқыр бекіту және далалық деректерді жылдам тарату жаңа БАҚ-тың жоғары динамикалық және жедел жұмысы үшін тұрақты негіз жасайды. Гиперсілтеменің көмегімен пайдаланушы қажетті ақпаратпен толық танысып, дүниетанымын жетілдіре алады. БАҚ-тың жаңа түрлері аудиторияны қамту (Ақпарат адамдардың көп санына жетті) және ақпарат берудің жеделдігі (адамдар ақпаратты анағұрлым жылдам ала бастады) сияқты көрсеткіштерді айтарлықтай арттырды. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық технологияны тиімді қолдану жолдары зерттелді.

Түйін сөздер: ақпараттық қоғам, аудитория, кері байланыс, бұқаралық ақпарат құралдары, жаңа медиа, әлеуметтік жүйе.

Sauyrbaeva A.Zh.[1], Baigozhina D.O.[2]

[1]PhD Doctoral student of the Faculty of Journalism and Political Science,
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: ashekei.sauyrbaeva@mail.ru
[2]PhD Doctoral student of the Faculty of Journalism and Political Science,
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: baigozhina777@mail.ru

The transition of the information system to the information social network in Kazakhstan and the rational and cultural use of modern information technologies in the media

The article analyzes the factors influencing the formation and development of the information system of Kazakhstan. We consider the changes taking place in the information space, the transformation of media audiences in the connection of digital and new information technologies.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Characterized by Internet access in Kazakhstan, the dynamics of growth of Internet users, communication between the Internet and consumers. It was also discovered that technology is one of the interconnections between the Internet and the information space. The implementation of media activity based on new technologies has become a trend. At the same time, the social network has its own means of promoting and disseminating information, along with the media. Regular users who provide information and create new media are more likely to be the first to use, even if they use the dictionary separately from the dictionary. It is worth mentioning the work of bloggers working in a social network. They can provide targeted information to news agencies. The article should note that high content and speed with media-specific information should be based on the principle of creating content in new media. That is, any social networking site has the ability to send an event to a video server that is currently available from the scene. Thus, the activities of the media, which provides field data, can dramatically change the life of the state or society. Mobile mobility and fast data deployment will create a solid foundation for new dynamic and fast media. With the help of hyperlinks, the user can get acquainted with the necessary information and improve their outlook. New types of media have dramatically increased indicators, such as audience reach (access to a large number of people) and information effectiveness (people began to receive information faster). The ways of effective use of information technologies in modern mass media have been studied.

Key words: Information society, audience, feedback, mass media, new media, social network, information technology.

Саурбаева А.Ж.[1], Байгожина Д.О.[2]

[1]PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: ashekei.sauyrbaeva@mail.ru

[2]PhD докторант Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: baigozhina777@mail.ru

Транзит информационной системы Казахстана в социальные сети и рационально-культурное использование современных информационных технологий в СМИ

В статье анализируются факторы, влияющие на формирование и развитие информационной системы Казахстана. Рассматриваются изменения, происходящие в информационном пространстве, трансформация аудиторий СМИ в связи с переходом на цифровые и новые информационные технологии. Охарактеризован доступ в Интернет на казахстанском пространстве, динамика роста интернет-пользователей, общение между интернетом и потребителями. Цель статьи – выявление взаимосвязи между Интернетом и информационным пространством. Реализация медиаактивности на основе новых технологий стала тенденцией. В то же время, у социальных сетей есть свои средства продвижения и распространения информации, наряду со средствами массовой информации. Обычные пользователи, предоставляющие информацию и создающие новые носители, с большей вероятностью будут пользоваться первыми, даже если они будут использовать словарь отдельно от словаря. Стоит упомянуть работу блогеров, работающих в социальных сетях. Они могут предоставлять целевую информацию новостным агентствам. В статье следует отметить, что высокий контент и скорость работы с медиаспецифичной информацией должны основываться на принципе создания контента в новых медиа. То есть любой сайт имеет возможность отправить событие на видеосервер, доступный в данный момент со сцены. Таким образом, деятельность СМИ, которая предоставляет полевые данные, может кардинально изменить жизнь государства или общества. Высокая мобильность и быстрое развертывание данных создадут прочную основу для новых динамичных и быстрых СМИ. С помощью гиперссылок пользователь может ознакомиться с необходимой информацией и улучшить свое мировоззрение. Новые типы средств массовой информации резко увеличили показатели, такие как охват аудитории (доступ к большому количеству людей) и эффективность информации (люди начали получать информацию быстрее). Изучены пути эффективного использования информационных технологий в современных средствах массовой информации.

Ключевые слова: информационное общество, аудитория, обратная связь, новые медиа, социальные сети.

Кіріспе

Ақпараттық технологияларды, теледидардың жаңалықтар форматтарын, дәстүрлі және жаңа медиа конвергенциясының процестерін зерделеу жарты ғасырдан астам уақыт жүріп жатыр. Осы кезеңде қоғамда трансформациялаудың теориялық негіздемелерін жасауға Г. Гербнер, Д. Клеппер, М. Маклюэн, Э. Тоффлер, Ф. Уэбстер, У. Шрамм өз үлестерін қосты (Г. Гербнер, Гросс Л., Морган. М., 1998). Қазіргі қоғамдағы телевизияның рөлі, қоғамдық пікір туралы Э.Г. Багирова, Р.А. Борснкого, М.С. Глейзера, Н.А. Голядкниа, В.В. Егорова өз зерттеулерінде бірталай қозғаған (Багиров Э.Г., Борецкий Р.А., Юровский А.Я., 1992).

Бүгінде саяси, әлеуметтік процестердегі ақпараттық технологияның рөлін шетел ғалымдары зерттеу объектісіне айналдырды. Осы күні С.Г. Корконосенко, Е.П. Прохоров және О.В. Меркулованың ұсынылған жұмыстарында БАҚ қызметіне талдау жасалды. Ақпараттық, білім беру және әлеуметтендіру сияқты БАҚ-тың маңызды саяси қызметтері көрсетілді. БАҚ-тың әсерін зерттеу міндетін шешу үшін жаңа әдіснамалық тәсілдер мен әдістемелер талап етіледі. әр ел өзінің сыртқы және ішкі даму ерекшеліктеріне сай жаңа коммуникациялық технологияда жаһандық ақпарат процесін тиімді үйлестіре алған жағдайда ғана сол елдің БАҚ құралы мықты болмақ.

Журналистика әлеуметтік институт ретінде мәдени, саяси, білім, денсаулық салаларында, одан әріде әлеуметтік, экономикалық, саясаттану ғылымдарының өзара әрекеттестігінде ақпараттық технологияның маңызы жан-жақты зерттеуді қажет етеді. БАҚ-тағы ақпараттық технологияның маңызы осы салалардың дамуына ықпал ететін жаһандық контентті таратумен өлшеніп, осы технологияларға пайдаланушылар бөлетін уақыт санымен түсіндіріледі. Яғни, ақпараттық технология БАҚ-тың негізгі құралы ретінде тұтастай бір мемлекеттің дамуына ықпал етеді деген сөз. Осылайша зерттеудің мұндай бағыты ақпараттық және мәдени ағындардың қазіргі қоғамдық және саяси институттарға әсер етуіне байланысты оқиғалардың айқын және нақты бейнесін қалыптастыруға ықпал етуге қабілетті.

Қазіргі Ресейдегі жағдайды талдай келе, телекоммуникациялық технологиялар саласындағы ілгерілеу ақпаратты жинау, тарату, сақтау үдерістеріндегі өзгерістерге алып келді, бұл мәдени, саяси, қоғамдық өмірдің түрлі аспектілеріне елеулі әсер етті (Сулейманова Ш.С., 2016). Осындай кезеңді бастан өткеріп жатқан Қазақстанның ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық қоғамын қалыптастырудың негізгі факторларының бірі электрондық желілерде ақпараттық технологиялардың дамуымен байланысты болып табылады. Сондықтан Қазақстанның ақпарат кеңістігінің қалыптасуы, компьютерлік интернет желісіндегі БАҚ секторы, оның ақпараттық технологиялар ілгерілеу \бума\жағдайындағы трансформациясы, мемлекеттік саясаттың осы феноменге әсері қарастырылады, сондай-ақ, олардың аудиториясына, құрылу уақытына, тұтынушылық қызығушылығына, кері байланысына және т.б. байланысты қазақстандық ақпараттық технологияларды трансформациялау контексінде бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы туралы тұжырымдар талданады.

2012 жылғы 25 маусымдағы жағдай бойынша ҚР-да 2765 БАҚ жұмыс істейді. Оның ішінде: 439 мемлекеттік және 2326 мемлекеттік емес. Олардың басым көпшілігі газеттер (1666) мен журналдар (848), 238 – электрондық БАҚ (51 телекомпания, 48 радиокомпания, 133 кабельдік теледидар операторы, 6 спутниктік хабар тарату операторы) және 13 ақпараттық агенттіктер.

«ҚР бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға 2012 жылғы түзетулер әдеттегі дәстүрлі БАҚ пен Интернет-ресурстарды құқықтарымен және жауапкершіліктерімен теңдестірді. Осылайша, енді жаңалықтар ресурстары, блогтар мен онлайн-платформалар да БАҚ сыныптамасына кіре алады.

Жалпы, интернеттің қазақстандық ақпараттық кеңістігіне енуі 2000 жылдан басталды, бірақ бүгінгі күні Қазақстан әлемдік үрдістерден артта қалмай, интернетті белсенді түрде пайдаланады. Интернеттің, ұялы телефонның, электронды БАҚ-тың даму динамикасы жыл сайын серпінді өсуін көрсетеді.

Негізгі бөлім.

Қазақстандағы интернет пайдаланушылардың өсу динамикасы

ҚР Ұлттық статистика Агенттігінің дерегіне сүйенсек 2007 жылдан 2010 жылға дейін, яғни 4 жыл ішінде интернет аудитория 424 пайызға өсті. Егер Қазақстанда интернет пайдаланушыларының өсу динамикасын қарайтын болсақ, 2007 жылдан бастап жыл сайын екі есе артып келе жатқанын көріп отырмыз. Қазақстанда интернет коммуникация, ақпарат іздеу, білім беру, қоғамдық-мемлекеттік органдармен, банктермен өзара іс-қимыл және сатып алу мен сату бойынша қызмет көрсету мақсатында пайдаланылады.

Қазақстанда интернетті пайдалану мақсаты



Коммуникация онлайн қызметі;
Біліктілікті жетілдіру;
Мемлекеттік қоғамдық банк қызметі;
Сату мен ақпаратты іздеу;
Білім беру ұйымдармен байланысы және сатып алу.

Статистика бойынша 89,4 пайыз интернетті коммуникация мақсатында пайдаланады, 81,2 пайыз ақпаратты іздеуде пайдаланады. Ақпараттық технологиялар қызметін құрайтын ақпарат пен коммуникацияларды іздеу БАҚ-тың дамуына ықпал ететіні анық. БАҚ қызметін жедел орындауды қамтамасыз етеді.

Интернет пен медия тұтынушысы. Қазақстандағы интернет-аудитория.



TNS медиа тұтынуын талдау деректері бойынша, интернет әдетте электрондық поштамен жұмыс істеу, ақпаратты іздеу және жаңалықтарды көру үшін қолданылады. Сонымен қатар, фильмдер пайдаланушылардың 54%-ы, музыканы 43% тыңдайды. Қазақстанда ғаламторда 3,47 млн адам тұратынын ескерсек, оның 870 мың пайдаланушысы Алматыдан. 25-34 жас шамасындағы Интернетті пайдаланушылардың 40%, оның 22% 18-24, 34-44 жас шамасындағы белсенділер 20, 45-54 жас шамасындағы белсенділер 15%.

TNS Web Index мәліметтері бойынша, интернет – Қазақстандағы жалғыз өсіп келе жатқан медиа канал. 2015 жылдың шілдесінде ҚР-дағы интернет-пайдаланушылардың саны 3,47 млн.-ғажетті. Similar Web рейтингіне сәйкес, 10

танымал интернет сайттарының арасында бірінші орынды ВКонтакте, майл ру-2, Ютуб-3, Google-4, Фейсбук-7, Инстаграмм-10 иеленіп отыр. Қазақстанда соңғы жылдары әлеуметтік желілердің ақпарат кеңістігіне енуі артты. Мысалы, 2016 жылдың күзінде Фейсбук аудиториясының қазақстандық сегменті 1 млн адамды құраса, 2017 жылдың күзінде бұл көрсеткіш 2,5 млн адамға жетті. Бүкіл әлем бойынша әлеуметтік желіні пайдаланушылардың жалпы саны осы уақытта 2 млрд. астам адам (ай сайынғы пайдаланушылар) болды.

Интернет-сайттар мен әлеуметтік желілер түрлерін белсенді пайдалану электрондық БАҚ және жарнама берушілердің маркетингтік-менеджменттің өзгеруіне ықпал етеді. Фейсбук әлеуметтік желісінде «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінің нөмірін оқымаған адам неден құр қалады деген сұрақ түріндегі жарнамалық шолу жарияланды. Біз газет тақырыптарының тартымды және қызықтыратын сауал түрінде бергенін көрдік. Мұндай тартымды тақырыпты толық оқу үшін көрсетілген сілтеме газетке апарар жол болып табылады. Бұл Интернетте ақпараттық технологиялардың қызметімен жүзеге асатын, сондай-ақ бұл әдіс журналистерді аналитикалық материал жазуға ынталандыратын әдіс. Осылайша, гипермәтін (hypertext) ақпаратты іздеуді жеңілдетеді және тұтынушыны мәтінмен жұмыс істеу еркін әрекеттерімен қамтамасыз етеді. Жаңа технологиялар түрлі БАҚ өнімдерінің әлемдік нарыққа шығуы үшін кедергілерді төмендетті, кең аудиторияны тартуға мүмкіндік берді және тұтынушы үшін оған қолайлы ресурсты таңдауға мүмкіндік берді. Қазіргі қоғамдағы телекоммуникацияның, компьютерлердің және IT-компаниялардың мәнінің артып келе жатқан технологиялық прогрестің дамуымен, БАҚ-тың рөлі айтарлықтай өзгерді, мамандар «біздің көзімізде газеттердің баспа нұсқалары, дәстүрлі радио ғана емес, сонымен қатар бұқаралық эфирлік телевизияның да интернет алдында коммуникация арнасы ретінде ұстанымдары бар. Жылдамдығы, ұтқырлығы, мультимедиалық, әмбебаптығы, интерактивтілігі – міне, қазіргі редакцияның және қазіргі заманғы медиакеңістіктің түйінді сөздері» (Макушин А.Б., 2010). Бұдан 10-15 жыл бұрын газеттерде аналитикалық ақпараттың басты өндірушісі ретінде аса қуатты бәсекелес – интернет пайда болатынын ешкім мойынсұнбаған. Қазіргі ақпарат қоғамында газеттер оның қатысуын ғана емес, оның мүмкіндіктерін пайдалана алады. Қазақстанда ақпарат алу үшін интернет-кеңістікті пайдаланушы оқырмандар қатары артып келеді. Жаңа технологиялар оқырмандық әдеттерді өзгертті, бірақ жаңалыққа деген сусынды баса алмады. Күніңізді онлайн-жаңалықтардан бастау, әріптестермен интернет-сілтемелермен алмасу, бұл ақпаратты өзінің кәсіби қызметі үшін пайдалануда жақсы нышан болды. Демек, бұл құбылысты түсінген газеттер өз ғұмырын ұзартқысы келсе, тағы бір талпыныс бар деген сөз.

Осылайша, интернет технологиялар ақпараттық кеңістікті қалыптастыратын және дамытатын, сондай-ақ интернет пен ақпараттық кеңістік арасындағы өзара байланысты нақтылайтын үрдістердің бірі деп есептейміз. Интернет-технологиялар негізінде БАҚ қызметін іске асыру трендке айналды. Қазақстан баспасөзінің әмбебап сипаттағы дәстүрлі жалпыұлттық бұқаралық ақпарат құралдары бұл қажеттілікті әрдайым қанағаттандыра алмайды. Аталған факторларға БАҚ-тың жаңа түрлерінің қарқынды дамуы себеп. Бүгінде мемлекеттік ақпараттық кеңістікте айтарлықтай электрондық («Қазақстан» РТРК және «Хабар «Агенттігі) және баспа БАҚ (барлық тіркелгендердің 26%-ы) ұсынылған.

1994 жылы Қазақстан кеңістігінде теледидар мен радио хабар тарату түбегейлі реформаланды. Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату «Қазақстан» компаниясының орнына «Қазақстан теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясы құрылды. Бұл шешіммен оларды инвестициялаумен қатар, елдің әлемдік ақпараттық процестерге белсенді қолжеткізуін ынталандыруға оңтайлы жағдайлар жасалған. Бүгінгі таңда Орталық Азия өңірінде Қазақстанның электрондық БАҚ-тары қарқынды дамып келеді. «Қазақстан» РТРК елдегі ең ірі медиахолдинг болып табылады. Телеарна Астанадағы «Қазмедиа орталығынан» көрсетіледі. Қазақстанның барлық облыстарында филиалдық аймақтық желісі бар. Хабар тарату кестесі ақпараттық, танымдық бағдарламалардан, фильмдерден және қазақ тіліндегі сериалдардан тұрады. Жергілікті хабар тарату желілерін «Қазақстан» РТРК АҚ филиалдары басқарады [https://kaztrk.kz/ru]. әлеуметтік желілердегі Ұлттық арнаның позициясы бірнеше параметр бойынша талданды. Талдау 2018 жылғы 11 қазан мен 9 қараша аралығында жүргізілді. «Qazaqstan» РТР сайтында жарияланып жатқан материалдардың қаралымын аудиторияның лайк басуы мен жазған комментарийлардан көре аламыз. Хабарлардың қоғамға қаншалықты әсер ете алғандығы, яғни

олардың көтерген тақырыптарының өзектілігі мен сапасының деңгейін анықтауға болады деп тұжырым жасадық. Және де олардың кері байланысқа шығуының арқасында БАҚ-та жарияланатын тақырыптар мен оларды жеткізудің тиімді жолдары, ақпарат жасау технологиялары қарастырылды

Сандық ғасырда БАҚ-тың дәстүрлі келбетінің жаңа медиаға алмасып жаңа түрмен қарқын алуы Қазақстанның БАҚ дамуына жаңа серпін берді. «Жаңа медиа» ұғымы интерактивті болып табылатын және сандық әдістермен таралатын медиа өнімдерді белгілеу қажеттілігіне жауап ретінде пайда болды (Засурский И.И., 2007).

Сонымен бүгінгі журналистерден «жаңа» БАҚ-тарда ақпаратты жинау, өңдеу және тарату, сондай-ақ аудитория мен автор арасындағы ыңғайлы кері байланыс қызметін, сондай-ақ адамдарды бір-бірімен байланыстыру және деректердің үлкен көлемімен алмасу қабілетін қажет етеді. БАҚ-тарды, ең алдымен, құрылымдық-функционалдық көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ, негізінен «жаңа» БАҚ ақпаратты жинауға, өңдеуге және таратуға бағытталған. «Жаңа» БАҚ-тағы ақпараттық технологияның ерекшелігі немесе артықшылығы ретінде мыналар анықталды:

Жоғарыда келтірілген интернет пайдаланушыларының динамикасынан ақпарат жасауға қатысатын тек қана журналистер емес және де пайдаланушылар, сайып келгенде «БАҚ» контентін жасаушылар қатарының артуын болжауға болады;

«Жаңа» БАҚ-қа ақпарат жасайтын және жасауға белсенділік танытатын қарапайым пайдаланушылар, олардың ақпарат жазуында сөздік қолданысы бөлек болғанымен, оқиғалық себепті бірінші болып жеткізуі мүмкін. Мысалға блогерлердің жұмысын атап кетуге болады. Олар мақсатты түрде ақпарат агенттіктеріне материалдар дайындай алады;

«Жаңа» БАҚ-та контент құру принципін ұстана отырып, медиаға тән ақпаратпен жұмыс жасаудың жоғары серпінділігі мен жеделдігін атап өту керек. Яғни, кез келген әлеуметтік желіні пайдаланушы өзі куә болған оқиғаны сол мезетте, сол оқиға орнынан қолжетімді бейнехостинге салып жіберу мүмкіндігіне ие. Осылайша далалық деректермен қамтамасыз болып отырған БАҚ-тың қызметі мемлекетке немесе қоғам өміріне айтарлықтай өзгеріс әкеледі. Осындай ұтқыр бекіту және далалық деректерді жылдам тарату «жаңа» БАҚ-тың жоғары динамикалық және жедел жұмысы үшін тұрақты негіз жасайды;

Ақпарат алаңында қоғамда болып жатқан небір құбылыстар мен оқиғаларға пайдаланушылар өз көзқарастарын білдіреді. Маңызы бар көзқарастар мен пікірлерден құрылған хабарларды трансформациялау арқылы жеке қоғамда, мемлекеттік саясатта дұрыс шешім қабылдауға түрткі болады;

Сонымен қатар әлеуметтік желілерде бұқаралық ақпарат құралдарының жарнамалануымен гиперсілтеме арқылы түрлі деректерге қол жеткізе алады. Гиперсілтеменің көмегімен пайдаланушы қажетті ақпаратпен толық танысып, дүниетанымын жетілдіре алады.

БАҚ-тың жаңа түрлері аудиторияны қамту (Ақпарат адамдардың көп санына жетті) және ақпарат берудің жеделдігі (адамдар ақпаратты анағұрлым жылдам ала бастады) сияқты көрсеткіштерді айтарлықтай арттырды. «Аудитория – ақпаратты тұтынушы. Ақпарат оны қызықтыруы керек, әйтпесе газет сатылмаған, телехабар қаралмаған болады» (Корконосенко С.Г., 2004). Сонау 1948 жылы белгілі американдық зерттеуші Г. Лассвелл: кім, не айтады, қандай арнамен; кімге, қандай әсермен?» – деген сұрақтарға жауап коммуникация актісін сипаттаудың барабар тәсілі деп алғашқылардың бірі болып сандық контент талдауының проблемасын зерттеген (Lasswell H. D., 1978).

«Кім», яғни «Коммуникатор» мәселесін зерттейтін ғалымдар коммуникация актісін ашып, өзі бағыттайтын факторларды қарастырады. «Не хабарланады» деген сұраққа назар аударатын мамандар мазмұнын талдаумен айналысады. Радио, баспасөз, кинофильмдер және басқа да коммуникация арналарын басымдықпен қарайтын адамдар «құралдарды» талдауды жүзеге асырады. Бұл құрал әсер ететін тұлғаларға басты назар аударғанда, біз аудиторияны талдау туралы айтамыз. Егер мәселе аудиторияға әсер ететін болса, онда мәселе коммуникацияның «әсерін» талдау болып табылады (Зверинцев А.Б., 1997). Бұл формула коммуникаторға коммуникацияны зерттеудің пәндік салаларын, коммуникацияның мазмұны мен құралдарын, аудиторияны және ықпал ету әсерлерін дәстүрлі бөлудің негізі болды (Гильманова А.Н., 2012).

Нәтиже

Ақпараттық процесс арқылы БАҚ саясатқа ықпал етуін жүзеге асыру барысында қоғамдық пікірді қалыптастырады. Ақпарат алу, іріктеу, түсініктемелер, талдау және мәлімет тарату ақпараттық процестің негізгі кезеңдері болып табылады. Қандай ақпаратты, қандай формада,

қандай арнадан таратқанда әсерлі болатыны ақпараттық процеске байланысты. Мәселен, нақты аудиторияны талдау (жаңа басылым үшін – әлеуетті аудитория үшін) аса маңызды: кім, қайда, не оқиды, қайда жазып береді, ал дүңгіршектердегі газеттерді қайдан сатып алады? Бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттық технология негізінде өзекті мәселе көтере отырып қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатымен ақпарат беру арқылы аудитория мен билік арасын байланыстыратын кері байланыс жүйесінің тиімділігін зерттейтін Байланыс теорияларының әдістеріне де соғады.

Аудиторияны жоғалту тәуекелдерінің болуы жаңалықтар телевизиялық контентінің өндірушілерін ақпараттық форматтардың өздерін, сондай-ақ олардың құрамдас компоненттерін жасау тәсілдеріне елеулі түзетулер енгізуге мәжбүр етеді. Ықпал ету тетігінің басты аспектісі аудиторияның сандық көрсеткіштері болып табылады. Бұл көрсеткіштерден телехабар таратушының қаржылық жағдайы, оның даму болашағы тікелей байланысты. Мұндай теледидар эфирі трансформациясының барлық процестері көрермендердің назарын барынша тарту және ұстап тұру мақсаттары мен міндеттеріне бағынады. Контенттің тартымдылығы пайдаланушылардың белсенділігімен айқындалады. Контент құруға бірнеше адамның комментарий қалдыруы арқылы қатысуы пайдаланушылардың интерактивтілігінің жоғарылығын байқатады. Сондай-ақ, авторлық тақырыпты пайдаланушылар тарапынан түсініктеме түрінде ақпараттық толықтырылады. Бұл хабар жасау процесінде қолданылатын ақпараттық жиынтық.

БАҚ және компаниялардың редакциялары мақсатты аудиторияны өз материалдарына тиімді тарту үшін, оқырмандармен, клиенттермен кері байланысты нығайту үшін әлеуметтік желілерді қалай пайдалана алатыны туралы көп жазылған [қараңыз: Каллиома, 2013; бұршақ, Шилина, 2012]. Кері байланыстың қажеттілігіне (Модель двусторонней коммуникации Sramm Wilbur) У. Шрамм алғашқылардың бірі болып мән беріп, былай деген: «шын мәнінде, бұл – коммуникациялық процесс бір жерде басталып, бір жерде аяқталады деген қате пікірге әкеледі. Шындығында ол – шексіз. Біздің әрқайсымыз үлкен, шексіз ақпараттық ағындарды басқару және бағыттау бойынша шағын тарату орталығы болып табылады...» Сонымен қатар, Шрамм тұжырымдамасы (The Nature of Communications Between Humans) ақпаратты жіберуші мен алушы арасында қалыптасқан өзара қарым-қатынас шеңбері мен олардың қоршаған әлеуметтік жағдайы шегінде әрекет ететін екі жақты байланыс процесінің моделін қарастырды (Schramm W., 1954). Осылайша, коммуникация – бұл хабарламалармен (сигналдармен) алмасудың екі жақты процесі және А және Б коммуникаторларының өзара қарым-қатынасының мазмұнымен, сондай-ақ әлеуметтік ортамен байланысты. Яғни, бұл тұжырымдағы екі жақты байланыс процесі моделін жаңа медианың ерекшелігі болып табылатын екі жақты сөйлесу, ашық жүйе, ақпараттың пайда болуы, еркін платформа, бастамашыл пайдаланушылар, қоғамдастық пен шешім қабылдау, құрылымсыз коммуникация, жедел құру, ресми емес тіл көрсетеді (Hausman A., 2015). Сондай-ақ, А.И. Черных «Социология массовых коммуникаций» кітабының YII тарауында Кавамотоның «News and Information at the Crossroads» атты еңбегіне тоқталады. «әлемдегі ең ірі тәулік бойғы Си-Эн-Эн желісі жаһанданудың басты өткізгіштерінің бірі болып табылады. Онымен бірге киберкеңістікті отарлауды «онлайн» журналистика саласын игеретін жетекші медиакорпорациялар, соның ішінде Рейтер, Майкрософт жүзеге асырады. Соңғысы кеңістік пен уақыт шеңберімен байланысты емес болғандықтан, дәстүрлі медиа әлеуметтік-мәдени жүйе шеңберінде ақпаратты іріктеу, жинау, ұсыну және беру үшін мүлдем басқа модель қалыптасады. Интернет үшін жаңалықтарды жинау әдістері мен дәстүрлі журналистика арасындағы айырмашылықтар соншалықты терең, бұл «жаңалық сауаттылығы» ұғымын толық қайта ойластыру туралы айту керек (Kawamoto K., 1998). Ол үшін әлеуметтік ортаның интеллектуалдық теңсіздігі ескерілген контент жасау ақпараттық технология моделін жасауда көрініс табуы тиіс. Яғни, мақсатты аудиторияға тән әсерлі жасалған контент ақпараттық технологияның ұтымдылығын көрсетеді. Сондай-ақ, белгілі бір контент форматының болуы тиісті арнаны таңдап трансформациялауда оңтайлы әдіс. Американдық ғалым Ласуэлдің коммуникация аспектісін сипаттаған сұрақтардың бірі – құралды талдау тұжырымдамасын ғалым З.З. Бахтуридзе өз еңбегінде ақпараттық технологиямен байланыстырған (Бахтуридзе З.З., 2013). Сонымен, ақпарат, арна, аудитория арасындағы байланыстың тиімділігін және жаңа медиа контексіндегі әсері мен рөлін арттыру ақпараттық технологияларды пайдалану әдістерін жасауды қажет етеді.

Алғашқылардың бірі ретінде медиа американдық зерттеуші Герберт Ганс «дәм мәде-

ниеті» (вкус культуры) (tasteculture) түсінігін ұсынған [Gans H., 1957]. Онда әлеуметтік керек-жарақтарға емес, қолма-қол қажеттіліктерге, мүдделерге және дәмдерге негізделген қалаулар туралы айтылған. Бұл дәмдік мәдениет оның нысаны, мазмұндау және материал беру стилі бойынша, сондай-ақ осы БАҚ-тың осы БАҚ-ты таңдаған, өзіндік әлеуметтік-демографиялық «бейініне» ие, «вкусовой культуры» (tastepublic) деп аталатын аудиторияның сегментін таңдап алған жанрлары бойынша әртүрлі масс-медиа аудиторияларын қалыптастыру негізінде жатыр. Ол үшін медиа зерттеулерге жүгініп, БАҚ әрбір әлеуметтік желінің функционалдық ерекшелігіне қарай әлеуметтік желіні пайдаланушылардың жас пен жыныстық статистикалық көрсеткіштеріне, сонымен қатар тартылу белсенділігінің уақытына сәйкес өз өнімдерін жанрлық, стильдік, пішіндік тұрғыдан дайындаулары қажет. Қазіргі ақпараттық технология интерактивтілік пен мультимедиялық сипаттағы қазіргі ақпараттық технологияны жаңа әдіспен зерттеуді қажет етеді. Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиялармен ынталанған жаһандану процесі әртүрлі медиа арасындағы шекараны жойып отыр. Тәулік бойы ақпарат айналымының аудиториямен қауышуы қазіргі технологияның жаңашылдығы болып табылады. Бұл БАҚ арасындағы бәсекелестікті тудырып, сәйкесінше журналистер алдына үлкен талап қойып отыр. Ақпараттық технологиялардың, атап айтқанда әлеуметтік желілердің серпінді дамуының арқасында өндірілетін, жаңартылатын және таратылатын ақпараттың саны мен оның ықпал ету саласы ұдайы өсуде. Қазақстанда ақпарат көздері спектрінің ұлғаюымен ақпараттық желілік орта қалыптасып, дамып келеді. Фейсбук (Facebook) және Ютуб, ВК сияқты коммуникациялардың жаңа түрлері бүгінгі күні осы платформадағы бұқаралық ақпараттық құралдары ақпаратты таратудың жаңа форматтарын қажет етеді.

Ақпараттың құралдық негіздерінің, халықтың белсенді бөлігіне қолжетімді ақпаратты тарату мен сақтау әдістерінің өзгеруін ақпараттық революция деп түсінеміз. А.И. Ракитов бес ақпараттық революцияларды атаған:

1. Ақпараттық революцияның мазмұнын адамның қызметі мен санасына тілді тарату мен енгізу құрайды.

2. Ақпараттық революция жазуды ойлап табумен байланысты, ал үшінші ақпараттық революцияның мәні кітап басып шығаруды ойлап табудан тұрады.

3. Ақпараттық революция өзінің алдындағы революциялардан кез келген ақпаратты, әсіресе ғылыми білімдерді жалпы тұтыну өнімі етіп жасағанымен ерекшеленеді.

4. Ақпараттық революция электр аппаратураны қолданудан тұрды және ақпараттар мен білімдердің барлық түрлерін жылдам және шекті жалпыға таратуға арналған электр аппараттар мен аспаптарға негізделген.

5. Революцияға келесі сипаттамалар кіреді: өте жоғары жылдамдықта есептеу құрылғыларын – компьютерлерді (соның ішінде дербес) жасап шығару; орасан зор автоматтандырылған деректермен білімдер қорын жасап шығару, ұдайы толықтыру және кеңейту; трансконтиненталды коммуникациялық желілерді жасап шығару және олардың жылдам өсуі.

О. Тоффлердің ақпараттық революциялар тұжырымдамасын да атап өту керек, ол қоғамның дамуындағы үш «толқынды» атап өткен: егіншілікке ауысу кезіндегі аграрлық, классикалық капитализмге өту кезіндегі индустриалдық және білімге негізделген қоғамға өту кезіндегі ақпараттық. Бес емес үш ақпараттық революцияларды бөлуді өзінің жұмыстарында индустриализмнен кейінгі теорияның мойындалған классигі Д. Белл пайдаланады. «Қазіргі таңдау технологиялық өрлеудің қисық сызығы тік жоғары кетті және бұл біздің саны бойынша үшінші бүкіләлемдік технологиялық революцияны бастан кешіріп отырғанымызды білдіреді. Біз өнертапқыштық және жаңашылдық сатысынан өтіп ең маңызды кезеңге – жаңа технологиялардың жаппай таралуы мен енгізілу кезеңіне кірдік. Олардың әртүрлі елдердегі даму қарқындары экономикалық қалыпқа және саяси тұрақтылыққа байланысты болады, бірақ осы процесті тоқтатуға болмайды, ал өзінің салдары бойынша ол кезінде Батысты түрлендірген, ал қазіргі кезде өркениеттердің масштабтарының кеңеюіне байланысты әлемнің басқа бөліктеріндегі өмірді өзгерткен алдыңғы екі технологиялық революциялардан асып кетуі мүмкін. Екі жүз жылдан асатын кезеңде бу машинасы ойлап табылды, ол бірінші технологиялық революцияны білдіреді. Будың күшінің арқасында бұрын ақылға сыймайтын технологиялық жаңалықтар енгізілді.

Шамамен алғанда 100 бұрын орын алған екінші технологиялық революция екі саладағы: электр қуаты мен химиядағы жетістіктермен сипатталады. Электр қуаты энергияның жаңа, жетілдірілген түрі болып табылады, оны бумен салыстырғанда орасан зор ара қашық-

тықтарға жіберуге болады. Бұл өндірісті орталықсыздандырудың жаңа түрінің болашағын ашты, бұны машиналар бу энергиясын жоғалтуды азайту үшін фабрикаға топталған жағдайларда мүмкін болмайтын. Электр қуаты сонымен қатар адам өмірінің түнгі және күндізгі өмір ырғағын өзгерткен жарықтың жаңа көзін берді. Ол кодталған хабарларды сымдармен жіберуге және дауысты электр сигналдарға өзгертуге мүмкіндік берді, ол радио мен телефонның пайда болуына себепші болды. Химия алғашқы рет табиғатта жоқ синтетикалық материалдарды жасау мүмкіндігін берді. Қазіргі таңда технологиялық революция – ақпараттық дамуда. Қазіргі кезде біз ешқандай күмәнсіз өндіріс жүйесіндегі жаңа төңкеріске ұшырасып отырмыз. Егер өнеркәсіптік төңкеріс физикалық жұмыстарды орындау үшін машиналарды пайдаланудан тұрса, ал ой еңбегі адам зияткерлігінің берік құзыреті болса, ал заманауи ғылыми-техникалық революция компьютерлерді жасауда, олар адам үшін ақылға сыймайтын өнімділікпен ой еңбегінің көптеген элементтерін орындауда.

Біз «ақпаратты өнеркәсіптік өндіру» ғасырына аяқ бастық деген көзқарас бар. өнеркәсіптік төңкерістің нәтижесінде еңбек өнімділігін жоғарылатқан және жаппай тұтыну қоғамын дайындаған конвейерлік өндіріс туындағандай, қазір де барлық бағыттар бойынша сәйкес келетін әлеуметтік дамуды қамтамасыз ететін ақпаратты ағымдық өндіру туындауы керек» (O. Toffler., 2004).

Адамдар арасында байланысты оңайлатып, күнделікті тіршілік үшін ойлап табылған бұл әлеуметтік желілердің тұтас мемлекеттер мен халықаралық қауымдастық қауіпсіздігіне нұқсан келтіру мүмкіндігі жоғары екендігі айқындала түсті. Сондықтан бұл магистрлік диссертация мақсаттарының бірі қарапайым, баршаға ортақ әлеуметтік желілер мен жалпы БАҚ-тың «Араб көктеміндегі» рөлін сараптау және болашақтағы залалдарын анықтау болып табылады. Тараудағы зерттеу объектісі әлеуметтік желілер қызметі болып табылады. Алайда, бұдан басқа «әлеуметтік желі», «әлеуметтік желілік қауымдастықтар» және кейбір арнайы контексте де «әлеуметтік медиа» деген атаулар мен оларға тиісті анықтамалар да кеңінен зерттеледі. Аталмыш әлеуметтік сервистердің екі категориясы кездеседі:

Әлеуметтік желі сервисі – Facebook, Одноклассники, Вконтакте, LinkedIn, MySpace, Friendster, Google. Квазиәлеуметтік желі сервисі – блогтық қауымдастықтар, микроблогтық қауымдастықтар, бұл кезекте Twitter-ді атап өтуге болады. Бұл категориялар арасында нақты айырмашылықты атап айту қиынға соқтырады, себебі бұл категорияларға әлеуметтік ақпарат алмасу функциясы бар барлық веб сайттар да жатқызылуы мүмкін. Аталмыш тақырып бойынша анықтамалар 2008 жылы басылып шығарылған «Social Network Sites: Definition, History, and Scholarship» атты кітапта жан-жақты сарапталған. Оның авторлары Берклидағы Калифорния университеті мен Мичиган университетінің қызметкерлері Дана М. Бойд пен николь Эллисон әлеуметтік желілерге тән үш негізгі сипаттаманы анықтады. Ол сипаттама бойынша жеке қолданушы басқаларға ашық өз профилін тіркей алатын, өз оқырмандарының тізімін басқара алатын және басқа қолданушылардың арасындағы қарым-қатынастарды бақылап отыруға мүмкіндік тудыратын қызметті әлеуметтік желлілерге жатқызуға болады (Boyd, D.M., Ellison N.B. 2007).

Осыған байланысты Гарвард университетінің Беркли орталығының ғылыми қызметкерлері Этан Цукерман, Дана М. Бойд, Джиллиан Йорк, Майк Ананни және Бет Колеман өз кезегінде әлеуметтік желі араб елдеріндегі қақтығыстың пайда болуы мен дамуына ешқандай әсер еткен жоқ деген пікірді ұстанады. Аталмыш сараптамашылардың пайымдауынша, араб елдеріндегі жаппай көтерілістердің басталуы және жүзеге асу кезінде әлемеуметтік желі айтарлықтай доминантты байланыс құралы болған жоқ. Дәл осындай пікірді Ресей ғылым академиясының сарапшысы Е.А. Степанова да ұстанып, бұл тақырыпта бірнеше ғылыми мақалалар жазды (Stepanova E., 2011). Степанова Сирия мен Мысырда ақпараттық технологияларды адам басына шаққандағы қолдану көрсеткіші салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, ондағы Facebook әлеуметтік желісіндегі келісілген кездесулерге халық жиналған жоқ, жаппай көтеріліс тек қана полиция қызметкерлері бірнеше жасөспірімді тұтқындағаннан кейін басталды дегенді алдыға тартады. Алайда, бұл орайда «твиттер революциясы» тұрақты сөз тіркесінің авторы Стенфорд университетінің зерттеушісі Евгений Морозов өзінің ресейлік «Коммерсантъ» журналына берген сұхбатында араб елдеріндегі көтерілістер әлеуметтік желілер мен әлеуметтік медианың қатысуынсыз мүлдем басқа бағытта дамуы мүмкін еді. Осы орайда соңғы кездері халықаралық қауымдастық өкілдері әлеуметтік желілер мен әлеуметтік медианың

мемлекетішілік және мемлекетаралық өзгерістер факторы мен катализаторы болып отырғандығын мойындап отыр.

Араб қақтығыстары барысында ғаламтор екі бірдей функцияны атқарғаны белгілі. Біріншіден, ғаламтор арқылы қарсылықтардың негізгі мазмұны мен жағдайдың дамуы туралы ақпарат беріп, қарсы шығушылардың билік насихаттарына төтеп беруіне мүмкіндік тудырады. Екіншіден, әлеуметтік желілер ұйымдастырушылық мақсаттарда, демонстранттардың қайда және қай уақытта жиналу керектігі туралы ақпарат таратуға қолданылады. Ирандағы ислам революциясы кезінде бұл мақсаттарда телефондар қолданылған болатын. Бірақ, ғаламтордың дамуы бұл жұмыстарды бірнеше есе жеңілдетіп, ақпараттың таратылуын жылдамдатты. Тунисте 2011 жылдың 19 қаңтарында әлеуметтік желілердің көмегімен 35 мың бас көтерушілерді жинау мүмкіндігі туындап, ал 2012 жылдың 25 қаңтарында Каирдегі алаңға ондаған мың адам шыққан болатын (Цирель С.В, 2011).

Қорытынды

Ақпараттық қоғам теориясын жасап шығарушы классиктердің (Д. Беллдің (Bell D., 1976), М. Кастельстің (Castells M., 2000) және Ю. Хабермас (Habermas Y., 1992) жұмыстарын қарастырып біз ақпараттық күштің бастауларын жаһандық ақпараттық ортаның мәнінен емес, ақпараттық болмыстың түрлері мен деңгейлерінен іздеу керек, олардың ортасында материалды-операциялық (ақпарат беруге, сақтауға, жоюға және өлшеуге болатын зат ретінде) және семантикалық (ақпарат тасымалдаушыдан берілетін белгілік түрлердің жиынтығы ретінде) атап өтуге болады.

Егер ақпараттық күш өзінің тамырларымен ақпараттық болмыстың материалды-операциялық деңгейге жатады деп болжайтын болса, онда оның пайда болуы тек адамдардың ақпараттық ағындарды ерекше ресурс ретінде баламалы түрде өңдеуді үйренген кезде, яғни XX ғасырдың басында ғана мүмкін болды. Егер осы феноменнің пайда болуы семантикалық деңгейдің арқасында мүмкін болды деп болжасақ, онда оның пайда болуын адамның алғашқы рет ақпараттық ағындарды түсінуді үйренген, яғни ежелгі заманда мүмкін болды. Ақпараттық күштің мәнін талдау зерттелетін феноменнің терең дуализмін ашады. К. Дейчтің жұмыстарына негізделген ақпараттық-кибернетикалық тәсіл тұрғысынан алғанда ақпараттық күш жаһандық саясат және халықаралық қатынастар саласындағы ақпараттық ресурстардың бітпейтін, бірақ басқарылатын ағыны ретінде көрінеді (Deutsch K., 1963). Әлемдік саяси процестерде әңгіме ақпараттық күштің тасымалдағыш-субъектісі және ол ұсынылған объект туралы болады. Егер Ю. Хабермастың коммуникативтік әдісіне негізделетін болсақ, онда ақпараттық күш белгілі бір саяси міндеттерді, соның ішінде жаһандық проблемаларды шешумен байланысты, белгіленген ақпараттық ағындардың айналасында қалыптасатын байланыстар мен қарым-қатынастардың жиынтығы ретінде анықталады (Habermas Y., 1992). Бұндай жағдайда біз жаһандық коммуникациялық процестің ішіндегі халықаралық акторлардың өзара қарым-қатынастарымен істес боламыз. «Ақпараттық күш» терминінің авторы Дж. Най-мл. өзінің зерттеулерінде оның мәні мен ерекшелігін ешқандай ашпағанын атап өту керек – ол тек ақпараттық күш мемлекеттің (одақтың, коалицияның) халықаралық істерде басу арқылы емес, сендіру арқылы қажетті нәтижелерге қол жеткізу қабілеті ретінде «жұмсақ күштің» (ағылшынша soft power) бір түрі болып табылады деп көрсеткен (Wilkinson P., 2003). Оның пайда болуын автор асимметриялық қауіптердің туындауымен байланыстырады.

Бұл кезде Дж. Най-мл. телевизия, Интернет, байланыстың мобильді құралдары өмір сүру салтын, саяси мәдениетті, демократиялық нормаларды және құндылықтарды басқа халықтарға беруге және оған санадан тыс қосылуға себепші болады деген дөрекілеу тұжырымдамаға негізделеді. Ақпараттық күштің мәнін анықтаудағы дуализм батыстың саяси ғылымға тек шетелдік зерттеушілердің көпшілігінің осы феноменді «қатты күш» – «жұмсақ күш» жазықтығында қарастыруына байланысты тән болады. Осы «тұжырымдамалық тұйықтықтан» сақтану ниеті ресейлік саясаттанушы Ю. Давыдовқа жатады, ол ақпараттық күшті «ғылыми-техникалық күш» – «идеологиялық күш» жазықтығында анықтайды (Давыдов Ю.Н., 1991). Бұл кезде феноменнің құрылымы кеңістіктің сипаттамаларға ие болады, ол бізге ақпараттық күштің механизмін талдау үшін екі парадигманы ұсынады: субъектілі-объектілі және кеңістікті.

